

DÚBIR

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ

2-бет

KÚN TÁRTIBI

ІРГЕЛІ БІЛІМ ОРДАСЫ

3-бет

AINA

«ДИДАР» – НАРЫҚ ТАЛАБЫНА САЙ ТЕЛЕАРНА»

6-бет

JASTAR

АРМАНЫ АЛҒА ЖЕТЕЛЕГЕН

8-бет

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ САЛЫНБАҚ

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен 320 орынға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысына жобалық сметалық құжаттама әзірленді. Құрылыстың жалпы сметалық құны 1 млрд 934 млн теңгені құрайды. Іске асыру кезеңі 2019-2021 жылдарды қамтиды.

2018 жылы конкурстық процестерге қалалық бюджеттен 100 мың теңге, 2019 жылы тамыз айында бюджетті нақтылау кезінде құрылысты бастауға облыстық бюджеттен 100 млн теңге қаражат бөлінді. 2020 жылы қалалық бюджеттен 300 млн теңге қарастырылуда.

Бүгінде конкурстық процестер аяқталды. Конкурстың қорытындысы бойынша «Астана – Көктем С» ЖШС 1 млрд 693 млн теңге бағамен жеңімпаз болып анықталды. Келісім-шарт жасалды, міндеттемелер қабылданды. Қазіргі таңда конкурстың қорытындысы бойынша сот процестері жүргізілуде.

Бүгінгі күні Жезқазған қаласында дене шынықтыру-сауықтыру кешені жоқ болғандықтан 320 орынға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы қалада спортпен жүйелі айналысатын адамдардың санын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жастардың мәдени демалысына мүмкіндік береді, мәдени-сауықтыру қызметтерді кеңейтуге және сапасын арттыруға, жан-жақты дене-шынықтыру, балалардың денсаулығын сақтауға, ауруларды болдырмауға көмектеседі, жүйке, жүрек-қан тамырлары және тыныс алу жүйелері жұмысының және тірек-қозғалыс аппаратының



айтарлықтай мүмкіндіктерін кеңейтеді деп жоспарлануда.

Жобаға сәйкес дене шынықтыру-сауықтыру кешені арналы ауданы 1.2579 га болатын жер телімі бөлінді. Құрылыс ауданы – 3571,12 шаршы метрді құрамақ. Алаң жабындарды – 6764 шаршы метр. Өзге аумақтың көлемі 377 шаршы метр болса, көгалдандырылатын аумақ 1866,88 шаршы метрді құрап отыр. Дене шынықтыру-сауықтыру кешені үш

функционалдық аймаққа бөлінеді. Олар: әмбебап ойын залы, вестибюль, фойе және әкімшілік-тұрмыстық үй-жайларды қамтитын біріктіретін функционалдық аймағы, 4 жолақты бассейні, күрес пен хореография залдары және 40 адамдық тренажер залы бар функционалдық аймақ.

Гүлназия ТАДЖИЕВА,
Жезқазған қаласының құрылыс бөлімі басшысының м.а.

МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ МҰХАМБЕТ КӨПЕЕВ 70 ЖАСТА

НАМЫСКЕР

Әкесі Жұманазар оқу-сызуы болмаса да, шахтада маркшейдер болып еңбек етті. Бірде 200 метр тереңдікте №42 шахта мен №3 «Кресто-Запад» шахта ортасының қосылуы сол Жұмакеңнің басшылығымен іске асады. Бұл сол кездегі кен өндірісіндегі ғаламат ғажайып ретінде қабылданады. Ең қызығы сондай жұмысқа бас-көз болып жүрген маркшейдердің ешқандай ресми білімінің жоқтығы еді. Бұл еңгіме жылжи-жылжи Мәскеуге де жетеді. Содан «Бұл не деген көремет? Көзімізбен барып көрмесек болмас» деген комиссия сау ете қалады. «Оқылмаған» маркшейдердің мәселесін мейшаммен қарап, оның қабілетін әр қырынан сынға салып бағады. Ақырында, еш мін таба алмаған комиссия шахтада арнайы жи-

Көпшілік оның кейінгі көтерілген биігін ғана біледі. Сол биікке ол қалай көтерілді? Мұның астарына үңіле қоятындыр некен-саяқ. Ол бейнебір әлдебір көкесінің демеуімен биліктің ең биік тұғырларының біріне топ ете қалғандай сөз етіп жататынымыз да рас. Егер өткен өміріне, өскен жолына сәл үңіле қараған кісі болса, өз жарасын өзі жалап жазатын Көкбөрінің намыскерлігін оның да бойынан тауып қалатыны күмәнсіз.

деп өкіріп жылап жатқанда егілмеген ел қалмады. Ғазиздің екінші аяғынан тағы бір інісі Сахаббадин тас қылып құшақтап алған еді. Сол көріністі көргендердің көкіректері қарс айрылды. Бірақ, тағдырға ешкім де қарсы тұра алмайды. Содан Ғазиз мектепті бітірместен шахтаға жұмысқа тұрды. «Екеуіңді жеткізу – менің міндетім» деген ағаның қамқорлығын түсінген інілері де оның айтқанын екі етпейтсе, көңілін қалдырмауға ұмтылды. Мұхамбет оқуға бар күшін салды. Өйткені, әкесінің де, ағасының да арманы кен инженері болу еді. Бірақ, тағдыр басқаша өрпіді. Ғазиз ағасы:

– Мен сені қайтсем де оқытамын, ештеңеге алаңдамай мектеп бітіргесін институтқа түсетін бол – деп, бір жағынан қамқор көңілін танытып, екінші жағынан бұған зор міндет жүктегендей болды.

Мектепте оқушының алды болғанмен, білгенінен білмейтіні көп екенін сынақ тапсыру анық байқады. Конкурстан өте алмайтынын анық байқады. «Нартәуекел» деп ректордың атына емтиханды қайта тапсыру туралы өтініш жазды. Бірақ, жауап болмады. Сөйтіп, салы суға кетіп, басы салбырап «Төртіншідегі» үйіне жақындағанда алдынан Ғазиз ағасы құшағын жая жүгіріп шықпаса бар ма? «Оқуға түсті» деп ойлаған ғой. Жердің тесігі болса кіріп кетуге дайын еді. Қайран аға қайдан білсін, мұның оқуға түсе алмай қалғанын. Ал Ғазиз болса... мұның қолына Алматыдан келген телеграмманы ұстата қойды.

– Сенің өзіңнен бұрын оқуға түскенің туралы хабарың жетті ғой, – деген аға сөзін түсініп көр?!

Телеграмма «Уважаемый Мухамбет Копеев!» деп басталыпты. Одан өрі: «Вы зачислены студентом первого курса горного факультета Казахского политехнического института имени Ленина. Вам необходимо к 5 сентября прибыть в институт для отправки на сельхозработы. Ректор Есиркегенов Г. М.» деп жазылыпты.

Мынаны көргенде қаншама күнгі уайым ащы запыран болып сырға атылды, ол ағыл-тегіл жылап тұрды. Сөйтсе, Ұлы Октябрь революциясының 50 жылдығына байланысты институттан қосымша тағы бір топ ашылатын болыпты. Сол топты конкурстан өте алмағандардың арасынан іріктеп толықтырған көрінеді. Бұл ретте ректордың атына емтиханды қайта тапсыруға рұқсат беруге өтініш жазғаны да елеулі рөл атқарған тәрізді. Міне, намыскерліктің бір пайдасы!

Ол жасынан спортқа да, өнерге де бейім болды. Мектептегі домбыра оркестріне қатысатын. Бірде Жезқазған кентіне атақты дәулескер күйші Мағауия Хамзин келмесе бар ма? Бұрын тек радио арқылы тыңдап жүретін күйшінің көзбен көру дегеннің өсері мүлдем бөлек екен. «Мына кісінің қасында біз де өзімізді домбырашы санап жүріппіз-ау» деп өзін-өзі қамшылаған Мұхамбет Мағауия ағасынан көргеніне бағып, Олинскийдің «Полонезін» домбырада ойнауды меңгеруге ұмтылды.

– Сол үшін бір күн, бір түн отырдым. Ақыры меңгеріп алдым. Жезқазған-Ұлытау аймағында «Полонезді» ең алғаш домбырада ойнаған кім?» дейтін сұрақ болса ешқандай қысылмастан менің атымды айта беріндер, – деген еді ол Сәтбаев қаласындағы жастармен кездесу кезінде.

Намыскерліктің бір қыры ғой бұл да! Институт бітірген соң жолдаманы Жезқазғанға алғаны айтпаса да түсінікті. Ал, мұндағылар «Бәріміз де еңбек жолымызды жұмыскерліктен бастағанымыз» деп жұмысшы болуды ұсынсын. Сонда бес жыл бойы не үшін оқыған? Содан екі-үш ай бойы әрлі-бәрлі шапқылап жүріп, өз талабының дұрыстығын дәлелдеп, кен шебері болып орналасқан болатын. Өндірісте тәртіптің сақталуы бермейтіндігін бұрын да естігіңіз тәжірибеден өту кезінде де етпей аңғартатын. Енді міне, бетпе-бет белдесуге тура келді.

Шахтапроходқалау тресінде ауысым шебері болатын. Бір бригадирдің бұрылға паспортына сәйкес тиісті 36 шпурдың орнына 28-ін ғана бұрылғап, енді шпурларды зардаптан ату үшін жарылғыштарды өкелу қажет деген шешіміне шыдай алмай, шарт кетті.

Ереже, тәртіп өз жағында екенін жақсы біледі ғой, сондықтан да, ештеңеден қаймықпады.

– Слушай, ты, молодой, давай вези взрывчатку, – деп дикендеген «дәйешікке»:

– За смену несу ответственность я, как сменный мастер! – деп, алған беттен қайтпайтынын сөздірді.

Текетеріс болған жерде жұмыс жүре ме? Жоғарыға көтерілес бастық біткен күміп тұр екен Енді қайтсін?! Қолдарында – қағаз. Айтатындары – «Арызыңды жаз да, қайқай!». Мұндайға иліге қоятын болса, әуелден ұстасып несі бар?

– Алдымен менің әрекетімнің заңсыздығын дәлелдеп беріңіздер, – деді бұл Сол арада трест басқарушысы телефон шалып қалып еді, мұндағы дәулердің бірі мұны жамандай жөнелді.

– Түк білмейді. Қырсық. Жоспарды орындауға үлкен көдергі келтірді, зиян тигізді.

Басқарушы байыптылық танытып, телефонға жас маманның өзін шақыртыпты. Ол басқарушыға үңгу паспорттың бұзылғанын, соның салдарынан 1,7-1,8 жола метрдің орнына 1 метр тереңдікті тасқыныс қопарылатынын және тәртіптің төмендігін баяндады. Сол-ақ екен трест басқарушысы басқарма бастығын телефонға қайта шақырып алды да:

– Все вы, вместе взятые, этого молодого человека не стоите! Он прав! Его надо поощрять! – деп айды аспаннан бір-ақ шығарды.

Әлгіде ғана жалдары күжірейіп тұрғандардың жүндері жығылып, мұны жайына қалдырып, өзді-өздерімен айқайласып, боқтасып кетті. Содан бастап айналасындағылар онымен санама бастады. Ал жас маманды шибөрілердің талауына бермей, қорғап қалған сөйтіп, әділдіктен аттамаған атақты Ғазиз аға Омаров болатын. Намыскерлігі болмаса, институттан енді ғана келген жас маман осындай әрекетке барар ма еді, бармас па еді?!

Бұл тек өндірістің қақтығыс, келіспеушілік еместі. Мұның аржағында «Қазақтың қолынан түк келмейді, олар ештеңе де білмейді, бұларға қалай жүр десен солай жүре берей» дейтін астамшыл пиғыл жатқан еді. Қарсылықтың негізі себебі де соған бағып тірелетін. Кешегі кеңес заманында ұлттық намыс үшін көзге көрінбейтін күрестің сан түрі жүргенін бүгінгілер біле қояр ма екен? Ал, Мұхандар соның талайын бастан өткеріп, ортасында жүрді. Кейірек қазіргі Сәтбаев, бұрынғы Никольский қалалық партия комитетінің бюро мүшесі болып жүргенде ұлтаралық тартыстың небір «көкесін» көзімен көрді. Бірде қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы бюро мүшесі:

– Солтүстік Жезқазған кенішінде адам төзгісіз жағдай қалыптасты, – деп мәлімдегенде, жиналғандар:

– Не болып қалды екен?, – деп үрке қарасқан. Сөйтсе... кеніштің директоры да, бас инженері де қазақ ұлтының өкілдерінен тағайындалыпты. Бар болғаны – осы.

Қала басшысы осылай деген кезде бюро мүшесі Мұзараф Аханов орнынан тұрып:

– Қазақстанда екі бірдей басшының қазақ болғанына төзе алмасаныз, қалалық жолашылар тасымалы автокөлігі кәсіпорнындағы басшылардың Лавриненко, Борисенко, Борейко, Никитенко, Ошонченко – бірыңғай украиндар екеніне қалай тәзіп отырсыз? Көзіңізді тек қазақтарға түсетіні қалай?, – деп қарсы сұрақ қойды.

– Біз сол ағаларымыздың батылдығына сүйсініп өстік, солардай болуға ұмтылдық, – деп сыр бөліскен Мұхандың:

– Тәуелсіз елде туған қазіргі ұрпақ біздің «сыртымыз – бүтін ішіміз – түтін» дегендей өрбір күнімізді азаттық үшін арпаласыңа толы болғанын, бастарынан кешпеген соң біле бермейді. Бірақ, бастарынан кешпесе де, Тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегенін олар жан жүректерімен түсінуге тиісті, – деген ойларына қосылмау мүмкін бе?!

Шовинистердің мейманаларының тасығаны соншалық, тіпті, заңды түрде 3-қабаттан берілген пәтерді 5-қабаттағы басқа ұлт өкілімен алмастыруға мәжбүрлігі келіп, қысаққа салғаны ше?

►► 5-бетте

15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚТАР ТЕҢГЕМЕН ҚАЛАЙ ҚАУЫШТЫ?

«Рубльдің дәурені аяқталып, айналымға төл теңгеміз енгенде бойымызды мақтанш көрнегені қалайшы жасырайың. Егемендік алдық деген сүйінші хабарды естігендегі құйді қайтіп бастан кешірдік. Бәрімізді аспанға аттық», – деп осыдан ширек ғасырға кері шегінді Аманкүл Оспанова бізбен сұхбатының басында. Иә, күні кеше ғана Жезқазғанның Құрметті азаматы атанған Аманкүл Қандылдинқызының дәл өзі. Ол – мысты қалада теңгенің алғаш айналымға енуіне атсалысқандардың бірі екенін көпшілік біле бермейді.

– 1993 жылы 12 қарашада ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «ҚР Ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлығы шыққаны белгілі. Бұған дейін 3 қарашада Елбасының тапсырмасымен құрылған ұлттық валютаны енгізу жөніндегі мемлекеттік комиссия ұлттық валютаны енгізудің тұжырымдамасын әзірлеп, бекіткен еді. Бұл құжатта жаңа валютаның енгізілу мерзімі, тәсілі, жаңа валютаны айырбастау пункттеріне жеткізу мәселелері, қолма-қол ақшаны айырбастау коэффициенті мен лимиттері, валюта бағамын қалыптастыру және басқа да маңызды мәселелер айқындалды. Жоғарыда атап өткен Президент Жарлығында Ата заңымыздың 78-бабына және ҚР Жоғары кеңесінің 1993 жылғы 29 қазандағы қаулысына сәйкес «Қазақстан Республикасы аумағында 1993 жылы 15 қарашада сағат 08:00-ден бастап Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңге айналымға енгізілсін» деп жазылған еді. Соның нәтижесінде жер-жерде ұлттық валютаны енгізетін мемлекеттік комиссиялар құрала бастады. Мен сол тұста Жезқазған қаласының халықты әлеуметтік қорғау басқармасына басшылық етемін. Осылайша, қала әкімі Талдыбай Қаленовтің шешіміне сәйкес маған зейнеткерлер мен әлеуметтік жағынан аз қамтылғандардың рубльдерін теңгеге ауыстыру жүктелді. Жұмыс жеңіл болмады. Таңмен таласа басталған қызу тірілік түнгі тоғызға дейін жалғасатын. Ұзы сонар кезектің арты дау-дамайға ұласып, тәртіп сақшларының, жедел жәрден қызметінің көмегіне жүгінуге тура келетін.

Бұрынғы облыстық мекемелер үйі, қазіргі Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің бас корпусында бірінші қабаттан төлем орталығының 8 кассасы ашылды. Мұнда мамандар зейнеткерлердің, мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен көп балалы, жалғыз басты аналардың жинақталған ақшасын жаңа валютаға ауыстырды. Алғашында тұрғындар арасында түсінбеушілік пен түрлі келеңсіздіктер орын алды. Олардың бәрімен жүздесіп, рубльді теңгеге ауыстырудың реті мен тәртібін ұғындыруға тырыстық. Сабырлыққа шақырдық. «Бізді алдады», «тонады» деп арыз айтушылар да болды.

►► 3-бетте

Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары!

Сіздерді 2019 жылдың 19 қарашысында өтетін Т.Қалмағанбетов атындағы Жезқазған филармониясының 45 жылдығына арналған мерекелік концертке шақырамыз. Мерекелік концерттің құрметті қонақтары – ҚР Еңбек сіңірген артисі Серік Оспанов, ҚР Мәдениет қайраткерлері өңші-сазгер Болат Есмұханов пен өңші Мара Есмұханова, күйші Ахат Байбосынов пен өңші Роза Байбосынова, Филармониядан қанаттанған Мұрат, Ақбөпе Сейтеновтер, Дәріпұл Алдажанова, Нұрия Нигматуллинаның өнерлерін тамашалап, «Шабыт» фестивалінің лауреаты «Алтын орда» ұлттық аспаптар ансамблі мен жезқазғандық эстрада жұлдыздарының жаңа бағдарламаларына кәуе боласыздар. **Басталуы сағат 18:00-де.** Сіздерді Халықтар Достығы мен Мәдениет үйінде күтеміз. Билет құны 600 тг.

Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары!

С.Қожамқұпов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры Сіздердің назарларыңызға қос бірдей премьераны ұсынады.

15 қараша сағат 12:00-де – В.Лебедевтің «Еркіндік мекені» куыршақ спектаклі.

21 қараша сағат 18:30-да – Л.Егеменбаевтың «Көресіңді көрмей...» спектаклі. Келіңіздер, көріңіздер.

«SARYARQA» АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

Құрметті оқырман!

Жезқазған-Ұлытау аймағының ақпарат айнасы «Saryarqa» газетіне 2020 жылға жазылу басталғанын хабарлаймыз. Газетке жазылу бағасы мен шарттары өзгерген жоқ, барлығы – жылдағыдай.



Газетке бір жылға жазылу бағасы

Жеке тұлғалар үшін

Мекен жайға жеткізіп беру – 4000 теңге;

Редакциядан келіп алу – 3000 теңге;

Заңды тұлғалар үшін

Мекенжайға жеткізіп беру – 7000 теңге;

Редакциядан келіп алу – 6000 теңге.

Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары:

8 7102 71 00 55, 77 50 25

►► 5-бетте



налыс жасап, көпшіліктің көзіңше:

– Жұманазар, ты гений, ты молодец! Давай, мы тебе выпишем диплом высшего образования! - деп арқасынан қаққан екен.

Біздің өз етіп етіп отырғанымыз – білімі болмаса да білігіннің молдығының арқасында Мәскеудің мықтыларын мойындатқан Жұманазардың баласы Мұхамбет Көпеев. Азан шақырып қойған есімі – Мұхамбетшәміш екен. «Шәміштің» құжатқа неге түспей қалғанын ешкім білмейді.

Өзі оқу оқи алмағандықтан ба екен, әкесі мұның сабағына қатаң талапкер қарады. Жұмыстан қай уақытта келсе де, әкелері ұлдарының сабағын бір қарап шықпайынша демалмайтын еді. Анасының:

– Қарағым-ау, өзің шаршап келдің ғой. Балалардың да мазасын алмасайшы, – дегеніне:

– Апа, бұлар бүгін дұрыстап білім алмаса, ертең ескенде қайтіп адам болады, – дейтін.

Екенің көңіліңде не жатқанын өріне, бұлар сол кезде түсіне қойған жоқ. «Онсыз да «4» пен «5-ке» оқып жүрміз ғой, неге қайта-қайта оқыта береді екен?» деп, ағасы Ғазиз екеуі өзара бір күңкілдесіп алатындарын жасырып көрегі жоқ. Мұханның анасы алты құрсақ көтерді. Ең үлкені Әбділмәлік жастай шетілеп кетеді. Содан кейінгі Ғазиз атанып кеткен Әбділғазиз еді.

– Екеуіміздің арамсыз небәрі екі жас қана. Сөйтсе тура Ғазекен маған кейін еке орнына еке, шеше орнына шеше бола білді. Өмірдегі жеткен жетістіктеріміз – сол Ғазекеннің айтқан ақыл-кеңесінің, берген бағыт-бағдарының жемісі, – дейді Мұхқан.

Ағаға деген ітіліпаттың орны бөлек болатын себебі де жоқ емес. 1958 жылы Мұханның әкесі Жұманазар бар болғаны 34 жасында өмірден озды. Ал арада небәрі алты жыл өткенде анасы Қалидан да айрылды. Ол бар болғаны 38 жаста еді. «Әкесіз жетім – мас жетім, анасыз жетім – тас жетім» дейді қазақ. Жетімдіктің қайсысы болсын жақсы емес. Бірақ, әке кеткеннен ана оның жоқтығын байқаптайды екен. Енді әке де, ана да жоқ... Қаңыраған үйде үйлемелі-сүйемелі үш бала қалды. 9-сыныпта оқитын Ғазиздің бір аяғын құшақтап тұрып Мұхамбет: «Аға, енді біз қалай күн көреміз, не боламыз?»

■ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сөнімге – серпін!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауында әлеуметтік салада білім беру сапасын жақсартуға айрықша мән беру керектігі атап айтылды. «Біздің елімізде еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесі әлі күнге дейін әзірленген жоқ. Шын мәнінде, мамандар даярлаудың отандық жүйесі нақты еңбек нарығынан тыс қалған. Жыл сайын 21 мыңға жуық мектеп түлегі кәсіби және жоғары оқу орындарына түсе алмай қалады», – деп оқушылардың қабілетіне сай кәсіби бағдар беріп, мамандық таңдауды білім берудің ұлттық стандартының негізіне айналдыру міндетін алға қойды. Осы орайда, ортақ міндетке үлес қосарлық өзіндік орны бар іргелі білім ұяларының бірі Жезқазған гуманитарлық колледжі болып табылатындығы сөзсіз.



«Жезқазған гуманитарлық колледжі» КМКҚ – қаламен бірге жасасып келе жатқан байырғы оқу орындарының бірі. Оның тарихы 1966 жылы



ашылған Жезқазған педагогикалық училищесінен бастау алады. Жарты ғасырдан асатын уақыт ішінде іргелі білім ұясы бастауыш сынып мұғалімдері мен мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерін даярлау жолындағы өздерінің абзал борышын абыроймен атқарып келеді. Азырақ арғы тарихын алға тартар болсақ, 1966-1974 жылдар аралығында алғашқы директоры болған А.Ә.Сапақтың есімі оқу орнының іргетасын қалаушылардың бірі ретінде құрметпен аталады. Жезқазған облыс орталығына айналған 1973 жылы педучилищеде алғашқы қазақ тобы ашылып, бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша 30 оқушы қабылданыпты. Одан кейін 1974-1983 жылдары Қ.Сержебаев басшылық жасаған тұста училище

жаңа ғимаратқа көшіп, материалдық-техникалық базасы нығая түскен. Ұзақ жылдар, 1990-2006 жылдар аралығында директор болған Ф.Қ.Исмағанбетовтің есімін де колледж ұжымы зор ітпінатпен атайды. Колледждің қазіргі директоры Айгүл Сапарханқызы Исахова 1999 жылы Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің орыс мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын, 2012 жылы Қазіргі заманғы колледжді «Құқық қорғау» мамандығы бойынша бітірген білікті мамандардың бірі. Еңбек жолын Сәтбаев қаласындағы Абай атындағы №4 лицей-мектебінде қазақ тілі пәнінің мұғалімі болып бастап, 2003-2009 жылдары Сәтбаев қаласы білім бөлімінің әдіскері, 2009-2017 жылдары Қарағанды қаласының білім бөлімінде сектор меңгерушісі, одан соң аздаған уақыт Жезқазған қаласы білім бөлімінің басшысы қызметтерін атқарған Гуманитарлық колледжде 2018 жылдың наурыз айынан бастап басшылыққа келген ол ардагер буынның ізгі дәстүрлерін жалғастыра отырып, оқу-тәрбие жұмысын қазіргі ескелең заман талабына сай ұйымдастыруға баса көңіл бөледі.

Колледжде түскен түлектер мемлекеттік тапсырыспен тегін білім алуымен қатар, 80 орындық жайлы жатақханамен тегін қамтамасыз етіледі. Өткен жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, оқу ғимараты мен білім алушылардың жатақханалары жаңартылды. Пән кабинеттері оқу үдерісіне сай заманауи құрал-жабдықтармен жарақтандырылған. Қазіргі таңда колледжде 4 мамандық бойынша мамандар даярланады. Мұнда оқытандар «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша «Бастауыш білім беру мұғалімі», «Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі», «Информатика пәнінен бастауыш білім беру мұғалімі» сынды біліктіліктері бойынша білім алады. Сонымен қатар, бүгінгі таңда жоғары сұранысқа ие болып отырған «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешісі» мамандығы бойынша күндізгі және сырттай білімдерде мамандар даярлау жолға қойылған. Ақ «Ұйымдастырушы-педагог» мамандығы аймақты айтпағанда, республика бойынша тек осы Жезқазған гуманитарлық колледжінде ғана даярланатын көрінеді. Болашақ мұғалімдерге дәріс беретін ұстаздардың біліктілігі туралы да білім ұясының басшысы сүйсіне өңгімелейді.

– Педагог кадрларымыздың құрамы жоғары деңгейдегі жоғары біліктілік санаты бар оқытушылармен және 8 магистрмен толыққан Барлығы жоғары білімді. Бір айта кетерлік, оқытушыларымыздың көпшілігі – осы сала бойынша екі жоғары оқу орнын бітірген, қос мамандық иелері.

Бұл өз кезегінде мамандар тапшылығының алдын алуға, көп жағдайларда сырттан маман іздемеуге септігін тигізгі келеді. Білім беру саласында болашақ мамандардың даярлауда талмай еңбек етіп, педагогикалық дарыны бар, шығармашылық, кәсіби тәсілдерді жетік меңгерген оқытушыларымыз да жетерлік. Атап айтатын болсақ, Білім беру ісінің құрметті қызметкері белгісі иегерлері Б.Ш.Асылбекова, С.Е.Шатенова, Б.Б.Құдырбаева және ұжымның ұйымшылдықпен, шығармашылықпен еңбек етуіне лайықты үлесін қосып жүрген Б.А.Ашманова,

Шәкірттер сан алуан сайыстар мен дүбірлі додаларда топ жарып, жүлдемен оралып жүрген көрінеді. Мәселен, Тараз қаласында өткен XIV республикалық «Дарында балаға – талантты ұстаз» педагогикалық олимпиадасына білім алушыларымыздан жасақталған «ЖасСТАР teachers» командасы қатысып, колледж жұлділі III дәрежелі дипломмен марапатталды. Команда тобына бағыт-бағдар беріп, жетекшілік жасаған оқытушылар Гүлнар Серікбаева мен Рәскул Түсіпназарова сертификат иеленді. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасындағы «Worldskills Karaganda» аймақтық чемпионатына «Бастауыш білім беру» қуыраты бойынша білім алушы Нұрғұл Талғатбекова жұлділі бірінші орынға көтеріліп, республикалық кезеңге жолдама алған болатын. Қазір ол Нұр-Сұлтан қаласындағы осы дүбірлі доданың республикалық кезеңіне қатысуда. Сондай-ақ, билығы оқу жылында білім алушыларымыз «Жастар – болашақ жеңістердің негізі» атты республикалық педагогикалық жасақтар сплетінде бірінші орын алуы да ұжымның мәртебесін асқақтата түскен. «Jarqun life» педагогикалық жасағы жарқын істерімен жақсы танымал болып жүр. БҰҰ-ның Даму бағдарламасы бойынша 2019 жылдың 27-30 қазан күндері Тәжікстан астанасы Душанбе қаласында өңірлік ынтыландыру жобасын іске асыру аясында зорлық-зомбылық пен экстремизмнің, Орталық Азияда болашақ терроризмнің алдын-алу мақсатындағы ынтымақтастықты нығайтуға байланысты семинар өтіп, оған оқу озыты, «Жігер» жастар ұйымының белсенді мүшесі, «Ақиқат» дебат клубының үздік спикері, «Jarqun life» педагогикалық жасағының басшысы, «Шетел тілінен бастауыш білім беру» біліктілігі бойынша 4-курс білім алушысы, үш тілді жетік меңгерген жас өрен Төлебі Сүлейменов делегат ретінде қатысып келіпті.

Жезқазған гуманитарлық колледжінде «Жігер» жастар орталығының «Ақиқат» дебат және «Блогер» клубы, КВН т.б. үйірмелер жақсы жұмыстарын көрсінде. «Ақиқат» дебат клубы Жезқазған қаласының жастар ресурстық орталығы мен «COMPANY MUSLIM.KZ» ЖШС-ның ұйымдастыруымен Жезқазған қаласы әкімінің кубогы үшін аймақтық пікір-сайыс турниріне қатысып, нәтижесінде кубокке ие болса, «Кезгуги» тобы жұлділі екінші орын алыпты. Айта берсе жастардың мұндай жеңістіктері өте көп. Колледжде «Мейірім» еріктер клубы жұмыс атқарады. Олар жыл сайын қаладағы Қарттар үйіне барып, әралуан мейірімділік шараларына ұйтық бола білуде. Бүгінгі шәкірт – ертеңгі ұстаз. Олардың бойында жан-жақты қабілетті болуы да заңдылық. Мысалға, қазіргі колледждің бірқатар оқытушылары осы оқу орнының көшеге өт түлектері. Жоғары оқу орнын бітірген соң олар түлеп ұшқан ұяларына оралып, енді шәкірт тәрбиелеуде. Оларға көргені мен түгіені мол тәжірибелі педагогтар тәлімгер болып, ұстаздықтың қыр-сырына баули түсуде.

Жас ұрпақтың бойындағы төрең білімнің негізі бастауыштан қаланыпты белгілі. Сондықтан да бастауыштан мұғалімдері мен балабақша тәрбиешілерін даярлайтын оқу орнының бәсі жоғары тұруы басты міндет. Колледж ұжымы алға қойған осы абзал міндеттерін абыроймен орындау жолында аянбай еңбек етуде. Білім беру саласындағы жаңа талаптарға олар өздерінің жарқын істерімен лайықты үлестерін қоса бермек.

Амандық РАХҰЛЫ

ЖАСТАР АТСАЛЫСУҒА ӘЗІР



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауы мысты шаһар тұрғындары арасында жан-жақты талқыға түсіп, кең көлемде насихатталуда.

Президент Жолдауын жезқазғандықтарға кеңінен түсіндіру мақсатында құрылған ақпараттық-түсіндіру тобының өкілдері – гуманитарлық ғылымдар магистрі, тіл жанаушыры Арман Кенжебек пен Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің бас маманы Әсем Жұмағұлова Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің студент жастарымен кездесіп, тағы бір мәрте сұхбат құрды. – Мемлекет басшысы өз Жолдауында: «Мен уәде еткен саяси жаңғыру үдерісі азаматтарымыз бен мемлекетіміздің мүдделеріне сәйкес, біртіндеп үздіксіз жүзеге асырылатын болады. Негізсіз, жүйесіз саяси ырықтандыру елдің ішкі саяси ауауының тұрақсыздығына, тіпті мемлекеттіліктен айырылуға әкеліп соғатынын өлем елдерінің тәжірибесінен көріп отырмыз. Сондықтан, біз саяси реформаларды «асығыстыққа салынбай», керісінше, кезең-кезеңімен, табанды түрде және жан-жақты ойластырып жүзеге асыратын боламыз. Еліміздің қоғамдық-саяси өмірін жаңғыртпай, табысты экономикалық реформаларды іске асыру мүмкін емес. Бұл – біздің ұстанатын басты қағидатымыз», – деп айтып өтті. Жолдаудың жай-жапсарынан беріңіз де хабардарсыздар деп ойлаймын. Мемлекет басшысы атаған тұрақты, жүйелі, халықпен тығыз байланыс орнатқас, сенімді қоғам құрудағы негізгі факторлардың бірі – білімді жастар. Сол себепті сіздер, осы күннен бастап өздеріңіздің еліміздің болашағы, Отанымыздың бағалы бір бөлшегі ретінде есептеп, төрең білім алып, аянбай еңбек етулеріңіз керек, – деді өз сөзінде Арман Кенжебек.

Сондай-ақ, Әсем Жұмағұлова жастарды алаңдатқан негізгі мәселелерге тоқталып, олармен пікір алмасты. Шара соңында студенттер аталған тақырыпқа қатысты өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіріп, Жолдауға қолдау танытатындықтарын жеткізді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

■ ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

ЛАТЫНҒА КӨШУДІҢ ЖАЙЫ СӨЗ БОЛДЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі 2018 жылғы 27 қыркүйекте өткізген Қазақ тілі өліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия отырысы хаттамасының 2-тармағына сәйкес «Қазақ тілі елмісінің негізгі ережелерінің жобасын» түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізу жоспарланған.



Осыған орай Жезқазған қаласының мәдениет және тілдер дамуы бөлімінің «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру» жобасын іргілету мақсатында Жезқазған политехникалық колледжінің студенттері арасында «Латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің жаңа белесі» тақырыбында семинар өтті.

«Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС директоры Дархан Мұхан мен Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі, гуманитарлық ғылымдар магистрі Арман Кенжебек сөз алып, студенттердің «Соңғы әліпбиі құрамындағы әріптер сол күйінде қала ма, әлде өзгертіле ме?», «Қалай ойлайсыз, біз латын әліпбиіне көшуге қандайлықты дайынбыз?» т.б. сауалдарға жауап берді, сонымен қатар студенттер латын қарпіне көшуге байланысты өз ойларын да ортаға салды.

Семинар студенттердің белсенділігін арттырып, латын әліпбиін тиімді қолдануға деген қызығушылығын ояты.

Ақгүл ОШАҒАНОВА,
«Тілтану» оқу-әдістемелік орталығы
Латын графикасы бойынша оқытушы

БАСЫМДЫҚТАРДЫ АЙҚЫНДАДЫ

Еліміз үшін зор маңызға ие құжат – Президент Жолдауы Жезқазған тау-кен және металлургия колледжі базасында да түсіндірілді. Алғашқы сөзді алған Жезқазған қалалық ішкі саясат бөлімінің бас маманы Әсем Жұмағұлова «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деп аталатын Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына 2 қыркүйекте жариялаған Жолдаудың мәні мен маңызына тоқталып, ол бойынша қаламызда атқарылған шаралар және алға жоспарланған жұмыстарға тоқталды.

– Мемлекет басшысы осы Жолдау арқылы жастарға үлкен міндеттер жүктеп отыр. Аймағымыз үшін ең қажетті кадрларды даярлайтын сіздер білім алып жатқан білім ошағында білікті ұстаздар жұмыс істейді. Еліміздің басты байлықтарының бірі саналатын мыс өндірісінің негізгі орталығы, яғни «Қазақмыс» корпорациясы да біздің қаламызда. Бұл сіздердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріңізді арттырады. Сіздер – өйгілі геолог Қарашы Сәтбаевтың ізін жалғаушысыздар, – деген ақпараттық-түсіндіру тобының спикері, Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті «Рухани жаңғыру» орталығының жетекшісі Арман Кенжебек жастарды бір жігерлендіріп алды.

Одан әрі ол Жолдауда айтылған бірқатар мәселелерді сөз еткен ол «Қушті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидатының

негізгі мәнін түсіндіріп, табысты экономикалық реформаларды іске асыруда қолданылатын амал-тәсілдер түрлерін жіктеп берді. Үштік байланыс негізінде құрылған аталмыш формула бойынша Президентіміз: «Біз бұл мақсатқа әлі де жете қойған жоқпыз. Сондықтан осы бағыттағы жұмысқа бар күш-жігерімізді салуымыз қажет. Саяси жүйенің бұл формуласы мемлекет тұрақтылығының негізі саналады. Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – барімізге ортақ міндет. Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі геосаяси ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады. Сондықтан азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ, аса маңызды жаппы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет. Осы мақсатпен біз белгілі қоғам өкілдерін қамтитын Ұлттық қоғамдық сенім кеңесін құрдық. Бұл кеңес ротациялық тәртіппен жұмыс істейді» дей келе партия құрылысы үдерісін жалғастыру, халықпен тиімді кері байланыс орнату, митингтер туралы заңнаманы жетілдіру, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету, құқық қорғау жүйесінің толық реформалау және де бірқатар саяси және мәдени жұмыстарға қатысты тапсырмалар берді. Президент нақтылаған бағыттар бойынша жүйелі жұмыстар атқарыла беретіндігіне сенім мол, – деп қорытындылады ол сөзін.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

■ 15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

ЖЕЗҚАЗҒАНДЫҚТАР ТЕҢГЕМЕН ҚАЛАЙ ҚАУЫШТЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өйткені, көбісі қолындағы бума-бума рублін теңгеге шаққанда азайып қалды. Сонда тұрғындар рубльдің бұған дейін де құнсызданғанын назарға алмады. Мысалы, 1993 жылдың жазында мен 150 мың рубльге бір гана көзілдірік сатып алдым. Содан-ақ рубльдің қаншалықты құнсызданғанын байқап беріңіз, – деген Аманкүл Оспанова бір адамға 100 мың рубль айырбастау шегі орнатылғанын айтты.

– Теңге өте құнды болды. 1 теңге 500 рубльге теңестірілді. Сонда бір тұрғынның қолына 200 теңгеге дейін ғана берілді. Әрине, қор жинап қалғандар бұл жаңалықты қабылдағысы келмеді. Қолында бар қаржысын теңгеге ауыстырып алудың барлық амал-тәсілін қолдануға тырысты. Бізге зор жауапкершілік жүктелген соң бізде қарап қалмадық. Теңгенің талан-таражға түспей, әділ айырбасталуын қадағаладық. Жарты айдың ішінде 17 мың зейнеткер мен 1200 түрлі жәрдемақы алушыларға қызмет көрсеттік. Сол үшін қала, облыс өкімдігі тарапынан алғыс та алып жаттық. Осынау жүгі ауыр істі атқаруда бірлесе жұмыс атқарған әріптестерімді атап өтпексе болмас. Сол кездегі облыстық төлем орталығының директоры Айша Елемесова, бас маман Сәуле Тұтқышева, қалалық төлем орталығының басшысы Рамазан Омаров пен бас бухгалтер Зәулиям Байтасованың еңбегі орасан. Банктен ақша жеткізуді ұйымдастырған облыстық халықты әлеуметтік қорғау департаментінің бас бухгалтері Жұмакүл Оспанованың қайлаша ұмыт қалдырайын. Сонымен қатар, халықты әлеуметтік қорғау басқармасында қол астында еңбек еткен 58 қызметкер де 18 мыңға жуық тұрғынның зейнетақысы

мен жәрдемақысын қайта есептеу жұмысын абыроймен атқарды, – дейді ұлттық валютаны қала аумағында қолдансықа енгізуге атсалысқан Аманкүл Оспанова.

Айтуынша, ел Тәуелсіздігінің алғашқы қарлығындай болған төл теңгені көргендегі әсерлері де ерекше болыпты.

– Әрине, Қазақстанның өз ақшасы пайда болады дегенді ести салғандар бірден елегі еттік. Өйткені, бұған дейін көргеніміз орыстың рублі еді ғой. Біздің ақшамыздың түрі қандай болады екену ау деген ой біраза дейін мазалады. Бірнеше мәрте әріптестер арасында талқыға да түсті. Бірақ, бұл қолымызға алғашша теңгенің дизайні осыншама рух сыйлайды деп ойламаппыз. Бухгалтерияға арнайы күзетпен жеткізілген теңге бір көргеннен-ақ көңілімізден шықты. Қазақша сөздері ғана емес, ондағы халқымыздың Сүйінбай, Құрманғазы, Абылай хан, Абай мен Шоқан сынды ұлы тұлғалары бейнеленген қатты қуантты. Сосын «теңге» деген атауының өзі біздің ұлттық танымсыздығын түкпіріндегі ұғымды жаңғыртқандай болды ғой, – дейді ол.

Тарихи оқиғаның бел ортасында біте қайнасқан Аманкүл Оспанова ел тәуелсіздігін айқындайтын төл теңгеміздің құны ешқашан доллармен немесе



евромен өлшенбейтінін айтады. Теңгеміз олардың бөрінен жоғары әрі аса бағалы. Өйткені, ел ретінде дербестігімізді паш еткен ұлттық теңге қазақ мемлекетінің келбеті болды және болып қала бермек.

Диана ОРАЗЛИНИНА
Суреттерді түсірген
Фалия ӘБДИГАПАРОВА

БЮДЖЕТТИҢ ТӨРТІНШІ ДЕҢГЕЙІ

жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық тәуелсіздігін қамтамасыз етеді



Жезқазған қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы «100 қадам» Ұлт жоспарының 98-ші қадамына сәйкес ауылдық округ, ауыл, ауыл, кент, аудандық маңызы бар қала деңгейінде бес институционалдық реформаны жүзеге асыру бойынша жергілікті өзін-өзі басқарудың дербес бюджеті енгізілгенін хабарлайды. Облыс орталықтары мен Республикалық маңызы бар қалаларда тиісті бюджеттердің жобаларын талқылауға азаматтардың қатысу тетіктері жұмыс істейтін болады.

Ұлт Жоспарына сәйкес жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті мемлекеттік бюджеттің дербес деңгейі ретінде елімізде кезең-кезеңмен енгізілуде. Бұрын бюджеттің 3 деңгейі – республикалық, облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) болды.

2016-2017 жылдары қосымша екі салық беру арқылы жергілікті өзін-өзі басқарудың салықтық әлеуеті күшейтілді.

Екінші кезеңде 2018 жылдан бастап МӘМ-нің дербес бюджеті енгізілді. Осы кезеңде жергілікті өзін-өзі басқару бюджеті мемлекеттік бюджеттің 4-ші деңгейі ретінде халық саны 2 мың адамнан

асатын 1000-нан астам ауылдық округтерге енгізілді.

Үшінші қорытынды кезең 2020 жылғы 1 қартаңдан бастап халқы 2000 адам және одан төмен аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар және ауылдық округтер бюджетінің төртінші деңгейіне көшуді көздейді.

Бұдан басқа, осы жобаны іске асыру шеңберінде тиісті бюджеттердің жобаларын талқылауға азаматтардың қатысу тетіктерін өнгізу көзделген.

Дербес бюджетті қалыптастыру өкімдердің жергілікті маңызы бар өзекті мәселелерді шешуде және азаматтардың өз ауылын, кентін дамытуға бағытталған шешімдер қабылдау процесіне қатысу мүмкіндігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Айта кету керек, бюджеттің жаңа деңгейі салықтық және салықтық емес төлемдерден түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатын болады: – төлем кезінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы; – жеке тұлғалардың мүлік салығы; – жеке және заңды тұлғалардан көлік салығы; – елді мекендер жерлеріне жеке және заңды тұлғалардан алынатын жер салығы; – аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің

аумақтары арқылы өтетін автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемғақы;

– коммуналдық меншіктің мемлекеттік мүлкін жалға беруден;

– жеке және заңды тұлғалардың ерікті алымдары; – «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексіне көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін алынатын айыппұлдар;

– коммуналдық меншікті сатудан түсетін кірістер, сондай-ақ аудандық бюджеттен түсетін трансферттер.

Осылайша, 4-деңгейдегі дербес бюджеттер халықтың елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру, автожолдарды салу, қайта жаңарту, жөндеу және күтіп ұстау, елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту жөніндегі қажеттіліктерін ескере отырып, бюджет қаражатын неғұрлым тиімді жоспарлауға және пайдалануға мүмкіндік береді, бұл түпкі нәтижесінде адамдардың өмір сүру жағдайын жақсартуға және елді мекендердің сыртқы келбетін жақсартуға ықпал ететін болады.

Жезқазған қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН

ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР СТАНДАРТТАРЫНА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР мен ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы С. Омаровтың 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-4/500 бұйрығына сәйкес «Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары» бекітілді. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес:

1) «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамассыз ету мақсатында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

«Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 01.02.2019 №46 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

«Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру» және «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz, www.elisense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

1. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі– 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

2. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

3. Ұсынылған құжаттардың толық еместігі фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінімді әрі қарай қараудан уәжді бас тартады.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – карантиндік сертификат немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көрсетілген негіздер бойынша уәжді бас тарту.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру нысаны – электрондық.

7. Мемлекетік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі –

көрсетілетін қызметті алушылар) тегін көрсетіледі.

8. Порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтіншіті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні немесе көрсетілетін қызметті беруші белгілеген жұмыс уақытының кестесіне сәйкес жүзеге асырылады).

9. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы порталға жүгінген кезде осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінімді электрондық құжат нысанында портал арқылы жолдайды.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға арналған негіздер мыналар:

1) көрсетілетін қызметті алушының карантинге жатқызылған өнімді карантиндік жай-күйін айқындау үшін ұсынбауы;

2) қараерік шарқасы (Plum Rox Potyvirus) бар жемістер мен жидектерді, жалған қалқаншалы және қалқаншалы сымырларды қоспағанда, карантинге жатқызылған өнімде карантиндік объектілердің анықталуы;

3) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторына карантинге жатқызылған өнімнің келгені туралы бірнеше рет (2 рет және одан көп) хабарламау және жете тексеруге ұсынбау, межелі орнының өзгеру жағдайларын қоспағанда, уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшесінен ақпарат алғаннан кейін отыз күнтізбелік күн ішінде карантиндік сертификатты беруден бас тартуға негіз болып табылады;

4) көрсетілетін қызметті алушы карантиндік сертификатты алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) ұсынылған материалдардың, карантинге жатқызылған өнімнің, карантиндік сертификатты алу үшін қажетті деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-08/590 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12032 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының аумағын карантиндік объектілерден және бөтен текті түрлерден қорғау жөніндегі қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты карантиндік сертификатты алумен байланысты қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.

«Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1. көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттар

топтамасы тапсырылған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде – 5 (бес) жұмыс күні ішінде. Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2. көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут, Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут;

3. көрсетілетін қызметті берушінің қызмет көрсетуінің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 40 (қырық) минут, Мемлекеттік корпорацияда – 20 (жырма) минут. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Ұсынылған құжаттардың толық еместігі фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінімді әрі қарай қараудан уәжді бас тартады.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық немесе қағаз түрінде.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

6. көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде – фитосанитариялық сертификат немесе көрсетілген негіздер бойынша уәжді бас тарту;

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру нысаны – қағаз түрінде.

8. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

9. көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы»2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші белгілеген жұмыс кестесіне сай.

10. Өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13-00-ден 14-30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17-30-ға дейін жүзеге асырылады.

11. порталдың жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Заңның 5-бабына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);

12. Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі– Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Заңның 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастапсенбіні қоса алғанда түскі үзіліссіз, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мадина ҚОНУРКУЛЬЖИНОВА, ҚР АШМ АӨК МИК Жезқазған қалалық аумақтық инспекциясының бас маман-өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

АУКЦИОН

ЖЕР ТЕЛІМДЕРІН САТУ АУКЦИОНЫ ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

2019 жылғы «4» желтоқсанда сағат 11.00-де, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1, Жезқазған қаласы әкімдігінің әкімшілік ғимараты, 10 қабат, Мәжіліс залында «Ағылшындық» баға көтеру әдісі бойынша жер телімдерін сату аукционы өткізіледі. Анықтама үшін телефон: **8 (7102) 733537, 733012**

Лот №	Жер телімінің мекен-жайы	Жер телімінің нысаналы мақсаты	Ауданы (га)	Құық түрі	Бастапқы бағасы (теңге)	Жыл жер/ Жалдау төлемі	Кепілдік жарна	Жер телімдеріне қойылған ауыртпалықтар (шектелулер)
1	Жезқазған қаласы, Алашахан данғылы, 20 үй аумағы	Сауда павильонын орнату үшін	0,0025	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	4 524,0	369,0	126 250,0	Қарағанды облыстық мәслихатының 2017 жылғы 29 қыркүйектегі Х сессиясының № 222 шешімімен бекілген «Қарағанды облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау, қалалардың және елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың Қағидаларын» есепке ала отырып объектіге шектес аумақты күтіп ұстау.
2	Жезқазған қаласы, Кенгір ауылы, «ULY DALA» гипермаркеті	Орта және шағын бизнес объектісінің құрылысы үшін (Сауда-сауық кешені, қойма, гараж)	4,5400	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	998 800,0	26 150,0	126 250,0	
3	Жезқазған қаласы, Кенгір ауылы	Орта және шағын бизнес объектісінің құрылысы үшін (Өндірістік база)	0,2500	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	55 000,0	1 440,0	126 250,0	
4	Жезқазған қаласы, Кенгір ауылы, Өуезов көшесі	Орта және шағын бизнес объектісінің құрылысы үшін (Дүкен, кеңсе)	0,1300	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	28 600,0	749,0	126 250,0	
5	Жезқазған қаласы, Батыс айналма жолы	Орта және шағын бизнес объектісінің құрылысы үшін (Дүкен, кеңсе)	0,0600	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	99 528,0	7 675,0	126 250,0	
6	Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі, аумағы	Орта және шағын бизнес объектісінің құрылысы үшін (Өндірістік база, СТО, автобокс)	0,0600	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	99 528,0	7 675,0	126 250,0	
7	Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі, Агрегатка аумағы	Орта және шағын бизнес объектісінің құрылысы үшін (Өндірістік база, СТО, автобокс)	0,0600	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	99 528,0	7 675,0	126 250,0	
8	Жезқазған қаласы, Сарыарқа көшесі, МАИ бекеті	Орта және шағын бизнес объектісінің құрылысы үшін (Өндірістік база, СТО, автобокс)	1,0000	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	1 508 000,0	118 080,0	126 250,0	
9	Жезқазған қаласы, Есенберлин, № 51 үй (автотұрақ аумағы)	Гараж құрылысы үшін	0,0024	Жеке меншік	43 430,0	295,0	126 250,0	
10	Жезқазған қаласы, Геологический елді мекені	Орта және шағын бизнес объектісінің құрылысы үшін (Өндірістік база, қойма)	2,0000	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	2 412 800,0	137 760,0	126 250,0	
11	Жезқазған қаласы, Геологический елді мекені	Орта және шағын бизнес объектісінің құрылысы үшін (Өндірістік база, қойма)	3,0000	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	3 619 200,0	206 640,0	126 250,0	
12	Жезқазған қаласы, Батыс ауданы, сонғы аялдама аумағы	Орта және шағын бизнес объектісінің құрылысы үшін (Дүкен, сулулық салоны)	0,0144	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	21 715,2	1 700,0	126 250,0	
13	Жезқазған қаласы, Абай көшесі, коммуналдық базар аумағы	Сыртқы жарнама нысаны үшін (Билборд құрылысын орнату)	0,0018	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	2 986,0	230,0	126 250,0	
14	Жезқазған қаласы, Сейфуллин көшесі, Телеком ғимараты аумағы	Сыртқы жарнама нысаны үшін (Билборд құрылысын орнату)	0,0012	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	2 172,0	177,0	126 250,0	
15	Жезқазған қаласы, Алашахан данғылы, 25 үй аумағы	Етік жөндеу шеберхана орнату үшін	0,0010	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	1810,0	148,0	126250,0	
16	Жезқазған қаласы, Алашахан данғылы, Гребная база аумағы	Орта және шағын бизнес объектісінің құрылысы үшін (Дәмхана, Дүкен, Қонақ үйі)	0,1000	(5 жыл) уақытша жер пайдалану	165 880,0	11 808,0	126 250,0	

Жоғарыда көрсетілген жер телімдері нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланумен ауыртпашылықты. Жер телімдерін сату бойынша кепілдік жарнасының сомасы әр объект бағасының 5%-ын құрайды, бірақ елу айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы керек. Кепілдік жарна депозитінің есеп шотына енгізіледі: ЖСК КЗ 020705632251006, «Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі БИК ККМФКZZA, БСН 050140001971, ММ коды 4632251, КБЕ 12, КНП 171.

Бұл ретте, кепілдік жарна сауда-саттық объектілерінің әрқайсысы бойынша бөлек енгізіледі. Аукционға қатысу үшін тіркелу және өтініштерді хабарлама шыққан күннен бастап мына мекенжай бойынша қабылданады: **Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Алаш алаңы, 1 Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімінің кабинетінде және 2019 жылдың 2 желтоқсаны сағат 18.00-де аяқталады.** Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін мынадай құжаттарды беру қажет:

Жеке тұлғалар үшін: 1. Мәліметтер түрінде нысанында жер учаскесіне меншік құқығын (жалдау) сату жөнінде аукционға қатысуға өтінім; 2) сауда-саттыққа қатысушы кепілдік жарнаны «электронды үкімет» төлем шлюзы арқылы төлеген жағдайды қоспағанда, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжаты; 3) өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат;

Заңды тұлғалар үшін:

1) Мәліметтер түрінде нысанында жер учаскесіне меншік құқығын (жалдау) сату жөнінде аукционға қатысуға өтінім; 2) сауда-саттыққа қатысушы кепілдік жарнаны «электронды үкімет» төлем шлюзы арқылы төлеген жағдайды қоспағанда, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжаты; 3) өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат; Көшірмелердің дұрыстығын растау үшін салыстырып тексеру үшін түп нұсқалар ұсынылады.

Анықтама үшін телефон: 8 (7102) 733537, 733012.

ИНФОРМАЦИЯ ОБ АУКЦИОНЕ ПО ПРОДАЖЕ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ

04 декабря 2019 года в 11:00 часов по адресу: город Жезказган, площадь Алаша, 1 этаж 10, актовый зал состоится аукцион по продаже земельных участков по «Английскому» методу на повышение цены.

Более подробную информацию Вы можете получить по тел: **8(7102)733537, 733012**

№ лота	Место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Площадь (га)	Вид отчуждаемого права	Начальная цена (теңге)	Ежегодн. Арендная плата	Гарантийный взнос	Обременения (ограничения) на земельные участки
1	город Жезказган, проспект Алашахана, район дома 20	Для установки торгового павильона	0,0025	Временное земле-пользование (5 лет)	4 524,0	369,0	126 250,0	Содержать прилегающую к объекту территорию с учетом «Правил содержания и защиты зеленых насаждений, благоустройства территорий городов и населенных пунктов Карагандинской области».
2	город Жезказган, село Кенгир, улица Ауезова, район гипермаркета «Uly Dala»	Строительство объектов малого и среднего бизнеса (торгово-развлекательный центр, склад, гараж)	4,5400	Временное земле-пользование (5 лет)	998 800,0	26 150,0	126 250,0	
3	город Жезказган, село Кенгир	Строительство объектов малого и среднего бизнеса (производственная база и иные объекты)	0,2500	Временное земле-пользование (5 лет)	55 000,0	1 440,0	126 250,0	
4	город Жезказган, село Кенгир, улица Ауезова	Строительство объектов малого и среднего бизнеса (магазин, кафе, офис)	0,1300	Временное земле-пользование (5 лет)	28 600,0	749,0	126 250,0	
5	город Жезказган, западно-объездная дорога	Строительство объектов малого и среднего бизнеса (магазин, кафе, офис)	0,0600	Временное земле-пользование (5 лет)	99 528,0	7 675,0	126 250,0	
6	город Жезказган, улица Сарыарқа	Строительство объектов малого и среднего бизнеса (СТО, автокомплекс)	0,0600	Временное земле-пользование (5 лет)	99 528,0	7 675,0	126 250,0	
7	город Жезказган, улица Сарыарқа, район Агрегата	Строительство объектов малого и среднего бизнеса (СТО, автокомплекс)	0,0600	Временное земле-пользование (5 лет)	99 528,0	7 675,0	126 250,0	
8	город Жезказган, улица Сарыарқа, район поста ГАИ	Строительство объектов малого и среднего бизнеса (СТО, автокомплекс)	1,0000	Временное земле-пользование (5 лет)	1 508 000,0	118 080,0	126 250,0	
9	город Жезказган, улица Есенберлина, район стоянки	Строительство индивидуального гаража на одно-место	0,0024	Частная собственность	43 430,0	295,0	126 250,0	
10	город Жезказган, поселок Геологический	Строительство объектов малого и среднего бизнеса (производственная база и иные объекты)	2,0000	Временное земле-пользование (5 лет)	2 412 800,0	137 760,0	126 250,0	
11	город Жезказган, поселок Геологический	Строительство объектов малого и среднего бизнеса (производственная база и объекты)	3,0000	Временное земле-пользование (5 лет)	3 619 200,0	206 640,0	126 250,0	
12	город Жезказган, Западный район, конечная остановка	Строительство объектов малого и среднего бизнеса (магазин, салон красоты)	0,0144	Временное земле-пользование (5 лет)	21 715,2	1 700,0	126 250,0	
13	город Жезказган, улица Абая, район коммунального рынка	Объекты наружной рекламы (Установка билбордной конструкции)	0,0018	Временное земле-пользование (5 лет)	2 986,0	230,0	126 250,0	
14	город Жезказган, улица Сейфуллина, район здания телекома	Объекты наружной рекламы (Установка билбордной конструкции)	0,0012	Временное земле-пользование (5 лет)	2 172,0	177,0	126 250,0	
15	город Жезказган, проспект Алашахана, район дома 25	Для установки сапожной мастерской	0,0010	Временное земле-пользование (5 лет)	1810,0	148,0	126250,0	
16	город Жезказган, проспект Алашахана, район Гребной базы	Объекты наружной рекламы (Установка билбордной конструкции)	0,0010	Временное земле-пользование (5 лет)	165 880,0	11 808,0	126 250,0	

Перечень земельных участков, предлагаемых для продажи на аукцион

Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо представить: 1) заявку на участие в аукционе; 2) документ, удостоверяющий личность; 3) копию платежного документа, подтверждающего внесение гарантийного взноса; 4) документ, удостоверяющий полномочия представителя.

Заявки на участие в аукционе принимаются в письменной форме по адресу: город Жезказган, площадь, 1 кабинет 608, тел.: 87102733537.

Гарантийный взнос по каждому земельному участку составляет 5 (пять) процентов от минимальной цены объекта

торгов, но не менее 50 (пятидесяти) месячных расчетных показателей, вносится на депозитный счет ГУ «Отдел земельных отношений города Жезказган», ИИК КЗ 020705034632251006, БИК ККМФКZZA, БИН 050140001971 , КБЕ 12, КНП 171, код ГУ 4632251. Срок окончания приема заявок **18:00 часов 2 декабря 2019 года.**

Участники вправе внести любое количество гарантийных взносов, при этом один гарантийный взнос дает право покупки одного земельного участка или права аренды земельного участка.

Торги по объекту считаются состоявшим

ЖЕЗҚАЗҒАН ТЕЛЕДИДАРЫНА 60 ЖЫЛ

Қаламызбен бірге жасап келе жатқан «Дидар» телеарнасының 60 жылдық мерейтойын атап өтетін күн жақын қалды. Биыл БАҚ қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай газетімізде телеарна мерейтойы, «Дидарда» әр жылдары еңбек еткен әріптестер, ұжымның қазіргі әлеуеті туралы төңірегімізге қозғаған бапатынбыз. Көрермендер асыға күткен телеарна тойы қарсаңында өткен тарих пен бүгінгі беталысы, келешек жоспарлар туралы телеарна басшысы Базарбай ӘЛЕУХАНҰЛЫМЕН тағы бір сұхбаттасудың сәті түсті.

— Базарбай аға, той құтты болсын! Алдағы мерейтойдың айшықтарын айтпаса бұрын, телеарна тарихына аз-маз тоқтала кетсек.

— Негізін ұлы ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Қаныш Сәтбаев қалаған Жезқазған тау-кен металлургиялық комбинатының Б.А.Длугач, А.А.Трошин бастаған бір топ инженерлері 1959 жылы әуесқой студия ұйымдастырады. Ол электр цехының құрамына алынады. Сөйтіп, сол жылы қыркүйектің бесі күні металлургиялық Мәдениет үйінен жергілікті студия арқылы кино көрсетіледі. Кейінірек Қазан төңкерісінің 42 жылдығын, КСРО Конституциясы күнін арқау еткен хабарлар шығады. Қалалық партия комитеті бұл бастаманы қызу қолдап, жоғал-

қызметті 1997 жылға дейін, яғни Жезқазған облысының тарап, осыған байланысты облыстық телерадиокомпаниясының жабылғанына дейін атқарады.

Осы жылы (1997ж.) Жезқазған қаласының әкімі Ж.Ибадиддиннің Қаулысымен «Жезқазған қалалық телерадиохабарын тарату дирекциясы» коммуналдық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны құрылды. Директоры болып Валентина Ивановна Черницина тағайындалды.

1999 жылдан бері бұл қызметті атқару маған жүктелді. Бүгінде «Дидар» телеарнасы 100%-дық мемлекеттік үлеске ие жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) ретінде жұмыс істеп келеді.

— Жарты ғасырдан астам тарихы

«КСРО байланыс саласының үздігі» Валентина Черницина зейнетке шықса да, менің өтінішіме орай, орынбасарым болып жүрді. Бас инженер Махмұт Сексенбаев, тәжірибелі тәлімгерлер Петр Севостьянов, Тоғанбай Құлманов, Бақыт Мәукежанов, Аманкүл Арымбекова, Жамбыл Бекжанов, Эльвира Минчук, бейнеоператор Мақсұт Сексенбаев, режиссер Дулат Әбілдин т.б. білек сыбанып іске жаңаша кірісті. Сөйтіп, нарыққа бейімделе бастады. Осылайша, «Дидар» заманға сай ақпарат құралына айналып келеді.

Сонымен бірге, 1997 жылы «Қалалық коммуналдық-мемлекеттік қазыналық телерадио хабарын тарату дирекциясы» болып құрылған кәсіпорнына «Дидар» деген өдемі атау қостық. Ел аузында «Дидар» телеарнасы деген қысқаша ұғым пайда болды. Уақыт озған сайын қаланың ғана емес, бүкіл аймақ тұрғындарының дидарласу орталығына айналған телеарна, бастауын сонау 1959 жылы алған Жезқазған телевизиясының тарихи жалғасы болып, қызметін дөңгелетіп ала жөнелді.

Осы аралықта мен телевизия ардагерлерін іздестіре бастадым. Олар: Ескен Хасе-



«ДИДАР» – НАРЫҚ ТАЛАБЫНА САЙ ТЕЛЕАРНА»

рыдан жәрдем сұрайды. Нәтижесінде, 1960 жылы 20 ақпанда Республикалық телевизия және радио хабарын тарату мемлекеттік комитетінің Жезқазған телестудиясын құру туралы бұйрығы шығады. Штаты мен тарау көлемі тәптіштеледі. Арнайы құрал-жабдықтар бөлінді. Осылайша телеарна өз жұмысын бастады.

1960-1964 жылдары студияның алғашқы директоры болып Керімбай Көпбаев қызмет істеді. Студияны 1964-1970 жылдары Зинорий Львович Шкундин, 1970-1985 жылдары Рақымбай Жұматаев басқарды.

Осы кезеңде Р. Жұматаев Жезқазған облысының ашылуына байланысты құрылған облыстық телевизия және радиохабарын тарату жөніндегі Комитеттің төрағасы болып қызметін жалғастырды.

1985 жылдың маусымынан аталған Комитеттің басшылығына Сәбит Жүнісбекұлы Байдалин келді. Комитет 1991 жылы Жезқазған облыстық телерадиокомпаниясы болып қайта құрылды. С.Ж.Байдалин осы

бар телеарна кешегі 90-жылдардың басындағы өтпелі кезеңде, одан кейінгі уақытта да біраз қызығашылықтарды бастан кешкенін естіп жүрміз. Жалпы, осы жылдар ішінде телеарна жұмысы қалай жолға қойылды?

— Телеарна барынша бүгінгі заман талабына, нарық сұранысына сай болуға ұмтылып келеді. Шығармашылық және техникалық топқа бөлініп отырған ұжымды негізгі ғимаратқа орналастырдық. Босап қалған ғимаратты «Қазақмыс» корпорациясына өткізіп, орнына бейнекамералар, монтаждау үстелдерін және тағы басқа құрал-жабдықтар алуға қол жеткіздік. Бұл өрі коммуналдық шығынды екі еседей азайтуға себеп болды. Көрерменнің көңілі қалаған бірнеше ақылы бағдарламалар дүниеге келді. Кәсіпорын, ұйымдармен тығыз қарым-қатынас орната бастадық. Кез келген жаңа іске жарнамамен қажеттілігін дәлелдедік. Бұл бастамаларға ұжымның басым көпшілігі қолдау білдірді. Алғашқы кезеңде маған дейінгі директор,



нов, Жанбау Бірманов, Галина Драгатов, Сара Ысқақова, Рая Баймағамбетова, Аманжол Усенов, Шұға Нурмағамбетова, Әсия Айдарханова, Нескен Битенова, Валентина Головина және т.б. еді. Өйткені, шығармашылық жұмысты жандандыру – кезек күттірмейтін мәселе. Маған творчестволық кеңес ауадай қажет болды. Одан әрі әрі материалдың дайындалуына және эфирге шығуына қаржылық қор жасау немесе іздестіру шаралары тұрды.

Сол кездегі ішкі саясат бөлімінің басшысы Рақыш Ыдырысова, әкімнің БАҚ жөніндегі кеңесшісі Зулпа Чумакова, қалалық мәслихаттың хатшысы Алма Өсєрова жылы сөздерін айтып, қал-қадірінше қамқорлық жасайтын.

2001 жылы мемлекеттік лицензия қолға тиісімен алансыз іске кірістік. Қарыздарымызды түгел жауып, уақытымен жалақы ала бастадық. Тәулігіне 16-17 сағат эфирге шығатын болдық. Коммерциялық қызмет түрлері жолға қойылды. Орта жасы отыздан аспайтын, бір үйдің ұл-қыздарындай тату

ұжым қалыптасты. Кәдімгідей кіріс санайтын дәрежеге жеттік. Сөйтіп, өмірі сылап-сылап көрмеген ғимаратымызды қолға алдық. Жылу, су, электр жүйелерін толық жаңартып, қайта тарттық. Баспадан бастап күрделі жөндеу жүргіздік. Баспасөз клубын аштық. Мұның сыртында қаншама құрал-жабдық, жиһаз алып ұжымның өңі кіріп қалды. Қызметкерлеріміз жаяу жүрмейтін болды. Көліктер алдық. Кешкі эфирде отыратын кезекшілерді кәсіпорын есебінен таксимен таситын болдық.

Келе-келе әлеуметтік жағдайға баса назар аударатын халге жеттік. Кірістен түскен қаржыдан пайызысыз «ішкі несие» қорын ұйымдастырдық. Ұжымның басым бөлігі жастар болғандықтан, бұл қарекетіміз іске жарап тұр. Біреулер пәтер алуға қажетті алғашқы жарналарын, басқа да керек-жараққа деген қаржыны осы қордан алады.

— Бұларыңыз жақсы бастама екен. Әріптестерімізді әлеуметтік тұрғыда көтермелудің тиімді тетігін қалыптастырағандарыңыз – үлгі тұтарлық

жағдай. Қазір телеарнаңыз шығармашылық әлеуеті қандай? Бүгінгі ұжым туралы айта отырсаңыз.

— Ұжымда 50-ге жуық қызметкер бар. Оншақты қыз-жігіттіміз отау құрып, жиырмадан астам саби сүйіп отырмыз. Демалыстағы 13 жас араның орнына жастар алып, тәрбиелеудеміз. Олар сыртта қалмайды. Өйткені, «Дидар» телеарнасы аналогты, сандық таралыммен жұмыс істейді. Жеке сайттымыз бар. Соңғы жетістігіміз – ID TV жүйесіне қосылдық. Демек, байланыстың талшықтық оптикалық желісі арқылы республика бойынша хабар таратамыз. Бұл кәсіби мамандар қашан да қажет деген сөз.

ID TV жүйесіне арналған жаңа жобалар әзірленді. Осыған орай аудан, қалалармен тікелей байланыс орнатпақшы ойымыз бар. Сондықтан, көрермендеріміздің құлағы түрік жүрсе екен дейміз. Бірнеше жыл бұрын ашылған сайттымыз (didar-tv.kz) Жезқазған-Ұлытау аймағы туралы үзбей ақпарат таратып келеді. Осы сайттан қала жаңалықтарын біліп, елмен бірге алыс-жақын тарихи отандарына көшкен, бұрынғы жерлестеріміз де хабарласып жатады. Айта берсе, жоспар көп алда. Қазақтың «Арық айтып, семіз шық» дегенін ұстанып, ол жоспарларымызды нақты іспен көрсетсек дейміз.

— Сұхбат басында айтылғандай, алда – үлкен той. Заманға сай техникалық мүмкіндіктерін шебер пайдаланып, Арқаның хабарын Алтайдан Атырауға дейін таратып жатқан телеарна ұжымы мен көрермендердің қуанышын бөлісуге кімдер келеді? Жалпы, мерейтой бағдарламасына тоқталып өтсеңіз.

— Негізінен телеарна мақтаншытары, ардагерлері және сөз ұстаған саңлақтар келеді. Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды қалаларынан 30-ға жуық әріптес келеді деп күтілуде. Өз аймағымыздың қаламға сүйенген қадірлілерін шақырып отырмыз. Басты меймандарымыз – көрермендер.

— Сұхбатыңызға рақмет. Тойларыңыз тойға ұлассын.

Сұхбаттасқан Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН Суреттерді түсірген Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА



2000 жылдың шілде айы болса керек. Алматы қаласынан журналистика институтын ойдағыдай тәмамдап, туған жерді бетке алдым. Ол кезде Жезқазған – облыс орталығы болмаса да бүрк-сарқ қайнап жатқан өңдірісі бар шағын да өңесі биік қала. Әлі де сол тұғырынан тайған жоқ. Айтайын дегенім, 60 шақырым қашықтағы Жезді деген жерде туып өскен біздерге Жезқазған қаласы үлкен орталық саналатын. Әлі есімде бала кезімізде күнде кешкілік Жезқазған жаңалықтары қосылып, аймақтың алуан тыныс-тіршілігінен журналистер елге хабар тарататын. Әсіресе үлкен кісілер кеш болса болды көк жәшіктің жанына жайғасатын. Кейіннен осы «Дидар» деп аталған телеарнаға қызметке келіп, 20 жылға таяу еңбек ететіндіміз ол кезде ойладым ба?

ЖОЛЫМДЫ ДА, БАҚЫТЫМДЫ ДА ОСЫНДА ТАПТЫМ

Иә, ғұмырымның көбі қарашаңырақ «Дидарда» өтіп жатыр. Егер әрірек көз жіберсек қолымда диплом, осы шаңырақтың табалдырығын аттаған кезде жиырма жаста едім. Базарбай Әлеуханұлы басқаратын шығармашылық ұжым еңбек майданын қыздырып жатса керек. Менде жас маман болып жұмысқа бірден қабылданып, тілшілер қосынына қосылдым. Сөйтіп қаланың барлық тыныс-тіршілігінің, түрлі оқиғалардың бел ортасынан ақпарат тарататын журналист болып шыға келдім. Ол ол ма, үш күн өткесін бастыым Базекең шақырып алып «Сен жаңалықтарға диктор-жүргізуші бол» деді. Содан көп адамның қолы жетпейтін диктор болып үш жыл жүрдім. Кейіннен бейнеоператор болдым. Яғни, телевизияның барлық саласын көріп келемін.



Базарбай Әлеуханұлы ағамның жанында көп жүрдім. Көп нәрсе үйрендім. Базекең екеуіміз анау қиырдағы Семей жерінен бастап қазақ даласының көп жерлерінде іс-сапарда болдық. Айта кеткен ләзім, өйгілі Мұхтар Мағауинмен Абайдың туған жерінде болып, Шыңғыстауда апталап сұхбат құрдық. Осындай тамаша күндер өлі есімде сайрап жатыр.

Жақсы ағалардың жанында жүріп мол гибрат алу бақыты маған бұйырғанына таубе деймін. Осылай жүріп мен есейдім, ояңдым және рухым байыдым. Адам көңілі қалаған жұмысты істегенге не жетсін. Бүгінгі күнде де «Дидар» телеарнасында сүйікті ісімді жалғастырып келемін. «Дидар» телеарнасы жиырма жыл бұрын ғы уақытпен салыстыруға келмейді. Үлкен өзгерістер болып жатыр. Заман ағымына сай құрал-жабдықтар жылдан-жылға жаңарып, даму жолына түскен. Қазір жаңа камера, компьютерлермен монтаж жасалады. Ақпаратты көрсету формасы да сандық үлгіде халыққа тез тарайды.

Адам өмірде мамандық таңдау мен жар таңдауда қателеспеу керек деген тәмсіл бар. Мен осы екеуінен де өз жолымды тапқан сияқтымын. «Дидар» телеарнасында мен бақытымды тек еңбекпен ғана тауып қойған жоқпын сонымен қатар өмірдегі бақытымды да таптым. Осы арнада қызмет істейтін Жанася Иманбайқызымен отау құрдым. Аллаға шүкір қазір үбірлі-шүбірлі болып отырған жайымыз бар. Бұл тағдырдың үлкен сыйы деп білем. Сондықтан мен үшін «Дидар» телеарнасы ыстық. Айта кету керек, «Дидар» телеарнасынан сол жылдары үш жұп шықты. Барлығы бақыты үлкен отбасына айналуда. Міне, біз үшін «Дидар» арнасы қастерлі. Әлі талай елге жақсы жаңалықтың жаршысы болып қалмақ.

Нұрлан ИСМАЙЫЛОВ, «Дидар» телеарнасының бейнеоператоры

Ұлы даланың «Дидары»

Ақпараттың беріп нәрісің, Халықтың алып алғысың. Қарашаңырақ, құт болсың, Асқарлы асу алпысың!

Сан сынақтарға бүгілмей, Бір сынаң мүлде белбең. Төртінші билік атанып, Беделің артып бүгіндей.

Жаңалықтарың жағымды, Тілшілерің қарымды. Жұртқа журналист дегізіп, Менің де жаққан бағымды.

Қоғаммен басып бір қадам, Ұжымда шебер кіл маман. Өңірдің көзі, айнасы, Мұны айтпасаң мін маған.

Көреді әр үй, жан басы, Жылдам ақпарат нәм расы. Талайдың устаханасы, Аймақтың телеарнасы.

Ұлдары кілең дүр бері, Қыздары көркем, ибалы. Өмір көшімен жасай бер, Ұлы даланың – «Дидары»!

Ізтелеу ТҮСІПОВ, ҚР Журналистер одағының мүшесі, ақын

ҮЛЕСІМНІ БӨЛҒАНЫНА ҚУАНАМЫН

(Телеарнаның 30 жылдығында жазылған естелік)



16 жыл! Менің студияға келіп, еңбек ете бастағаным да 16 жыл уақыт болыпты. Уақыттың осы зымырап

жылжыған жылдары мен ағып өткен айларында көп жаңалық, жақсылық лебін күтуден келемін. Қай хабар болмасын дайын күйінде тыңдаушысына жеткен кезде әлеусіз көзді ашып-жұмғанша санаулы минуттарда өтіп кетеді. Ал сол хабарды дайындаушы редактордан бастап, соңғы өнім басып, өңделіп, жұп-жұмыр сәтті дүние күйінде шығатын, біздің музыкамен көркемдейтін цехқа жетіп, одан әрі эфирге жолдама алғанша қыруар еңбек кететінін көпшіліктің бірі білсе, бірі біле бермеуі мүмкін.

Менің міндетім – хабарды музыкалық жағынан көркемдеу. Түсіне білген адамға музыка өлемі сондай ғажап, дүниеде ән-күй құдіретінен күшті не бар? Ашылған жаңа бөлімнің алғашқы хабарды тыңдаушыға, бізше айтқанда, музыкалық бастауы арқылы кетеді. Оны көпшілік қалай қабылдаса, көпшіліктің көңілінен шықса, онда хабардың да бағы жанып, аудитория жинауға мүмкіндігі молаяды.

Мазмұнына формасы сай, бірде ойнақы, бірде ой салар толыққанды хабар айдындағанда өзімді күні бойы ауыр жүк, мазасыз күйбеңнен алыстатып, жадыраңқы мамыражай күй көшемін. Кейде мені түсінібегендер мазасыз жан деп ойлар, бірақ менің қайтсе де сол хабар жақсы болып шығады деп, әрбір редактордың оны дайындаудағы мақсаты авторлардың жетіктейтін деген ойын музыкамен сүйемелдеп, әнімен ажарлап тырысатынымды ұғар деген оймен зыр қағатынымды түсінер деп өзімді-өзім жұбатамын. Жақсылыққа, жаңалыққа жаным құмар. Ең керей – түсіністік, ұйымшылдық. Бірлік болған жерде тірлік бар. Олай болса, музыкалық көркемдеу цехына асығындар.

Ондаулы ЖАҚУБАЕВА, радионың режиссері

ЕКІНШІ ҮЙІМ

Теледидардағы қызыққа төлмеіре қарағанымыз болмаса, оның ішкі рухани-мәдени құндылықтарына мән бермейпін. Бастапқы талаптарымын Жезқазғандағы Серке Қожамқұлов атындағы театр сахнасын жағалап жүргенбіз. 2003 жылы құрбым Ләйле Есенқызы екеуіміз, осы «Дидар» телеарнасында жұмыс бар деп табалдыруымын имне аттадық. Ақпарат жұмысы мұнда зауыттағы конвейер сияқты. Мерзімі өтіп кетсе, жаңалық маңызды емес. Мұнда бәрі байланысты, журналист ойының жүйріктігі ғана емес, олар да техника мамандарының көмегіне мұқтаж. Замана жаңғыруымен жаңа ғасыр нано технологияларды да көптеп таныстырды. Бейнежазбалар мен баяндалған мәліметтердің үйкестігі, интернетер мен дауыстың тембірі бәрі-бәрі бақыланып отырады.

«Дидар» телеарнасы менің тағдырыма да, дүние танымма да өшпестей өнеге болды. Осы мекемеде жүріп ұжым басшысы Базарбай ағаның бағыттауымен

Қазақстан-Ресей университетінің Қарағанды филиалында журналистика мамандығынан білім алып, ақпарат саласының қыр-сырына үңілдік. Осы жердегі он алты жылда көптеген нысанаға жеттік. Отау құрып, бесік тербеттік, ордалы елге хабар тараттық. «Дидарда» алғаш келген кездегі камера, кассета, жазу-монтаждау аппараттары жаңарып келеді. Сол техника тетіктерімен біз де жаңарып, жаңғырып барамыз. Алғаш осы ғимаратқа келген 25 маусым өлі есімде. Қазір журналистер күні де осы уақытқа сай келеді. Быыл 60 жылдық мерейтой қарсаңында шығармашылық ұжым облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығын иеленді. Әр маусым сайын маңызды да мәнді жаңалығымыз көп болсын. Өндірісте мысын балқытып, өнерде құсын қалқытып «Дидар» арнасы даланың дат баспатын алтын саңдығына айналысын!

Гүлшахира СЕРЕКБАЕВА, «Дидар» телеарнасының бас режиссері

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

МӘМС – ҰЛТ САУЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Жаңа жылдан бастап қазақстандықтардың өміріне енетін жаңалықтың бірі – міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі. Әуелде оны жатсынған халықтың құлағы бүгінде үйреніскендей. Дегенмен, әлі де болсын, көптің көңілінде күдік басым. Сондықтан, денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат РАНОВАНЫ әңгімеге тартып, жаңа жүйенің артықшылығы мен кемшін тұстарын бірге іздеп көрдік.



– Ләззат Нәбиқызы, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу не үшін қажет?

Қандай тиімді тұстары бар? – Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру – денсаулық сақтау жүйесін дамытуға серпін беретін тамаша мүмкіндік. Өздеріңізге белгілі қазір елімізде медицина саласы білім мен мәдениет секторы сияқты мемлекеттік қолдауында. Яғни, мемлекет тарапынан қар-жыландырылады.

Дегенмен, азаматтардың өз қалтасынан шығаратын шығыны да аз емес. Нақтырақ айтсақ, сарапшылардың айтуынша, бүгінде ем-домға жұмсалатын қаржының 37,5 пайызы азаматтардың өз қалтасынан төленеді екен. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бұл көрсеткішті 20 пайыздан асырмауды ұсынады. Осы ретте міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандырудың жағдайды оңалтуға тиістер үлесі мол.

Жүйе енгізілгеннен кейін денсаулық сақтау саласын қаржыландырудағы бюджетке түсетін салмақ азаяды. Сонымен қатар, осы жүйенің арқасында жауапкершілік мемлекет пен тұрғындар және жұмыс беруші арасында тең бөлінеді. Жүйенің ендігі бір жақсылығы, қалтасынан жарна аударып отырғаннан кейін жұмыс берушілер де, жұмыскерлер де өз тарапынан денсаулық сақтау жүйесіне қоғам талаптарын күшейтеді. Бұл – өте жақсы нәрсе. Себебі, пациент біртіндеп клиентке айналады, ал медицина мекемелері клиенттен айрылудың маңызын ұғынып, әр емделушіге жіті назар аударатын болады. Осылайша бәсекеге қабілеттілік басты ұстанымға айналады.

Медициналық мекемелер арасындағы бәсекелестік арқасында медициналық қызмет жаңа деңгейге көтерілімек. Сондықтан, медициналық сақтандыруға көшудің еліміз үшін маңызы зор.

– Міндетті әлеуметтік сақтандыру енгізілгеннен кейін нақты не өзгереді? – Айтарлықтай өзгеріс болады деу қиын.

Сақтандыру медицинасы азаматтарға тапқан табысына, ол үшін аударылған жарна көлеміне қарамастан бұрынғысына медициналық көмектің барлық түрін алуына мүмкіндік береді. Оның ішінде жоспарлы стационарлық көмек те, дәрі-дәрмекпен қамту да, жоғары мамандандырылған медициналық қызмет түрлері мен оңалту да, диагностикалық-консультациялық көмек те, медбике күтімі мен паллиативтік көмек те бар.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру арқылы кез келген азамат Қазақстан аумағында өзі таңдаған емханадан медициналық көмек ала алады. Бұл жағдайда, емхананың шығындарын толығымен қор өтейді. Сонымен қатар, азаматтар тегін медициналық көмектің көпіндендірілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеттері шеңберінде қарастырылған медициналық көмекке жұмсалатын қосымша төлемдердің барлық түрінен босатылады. Одан бөлек сапасыз қызмет көрсетіледі немесе міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыруға қатысушының құқықтары бұзылса, Қор сақтандырылған азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға келіптіреді.

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті мен тегін медициналық көмектің келіпдендірілген көлемінің айырмашылығын жіктеп берсеңіз. – Заңға сәйкес келесі жылдан бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі мен тегін медициналық көмектің келіпдендірілген көлемі аясында көрсетілетін медициналық көмектің тізімі бекітілді. Екі пакеттің айырмашылығына тоқталар болсам, тегін медициналық көмектің келіпдендірілген көлемі минималды әлеуметтік стандарт болып саналады. Оған жедел және шұғыл көмек, медициналық-санитарлық алғашқы көмек, ауруды бақылау, санитарлық авиация, жедел стационарлық көмек, паллиативтік көмек сынды қызметтер кіреді. Бұған қоса, әлеуметтік маңызы бар ауруларға, созылмалы дертке консультативтік-диагностика, амбулаторлық

жағдайда дәрі-дәрмекпен қамту, жоспарлы және стационарлық көмек, сонымен қатар, туберкулезге қарсы медициналық реабилитация жасау кіреді.

Ал қалған медициналық көмектің барлығы міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру бойынша көрсетіледі. Атап айтқанда, міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру пакетінде консультативтік-диагностикалық көмек, қымбат зертханалық қызметтер, тегін медициналық көмектің келіпдендірілген көлемінен бөлек амбулаторлық жағдайдағы дәрі-дәрмекпен қамту, стационардың орнын басатын көмек, жоспарлы стационарлық көмек, медициналық оңалту және пациент денсаулығын қалпына келтіруге бағытталған ем-дом түрлерін қамтымақ.

– Науқастың сақтандыру қорындағы қаржысы күрделі емдеу шараларына жетпесе, ол ем-домнан қағыла ма?

– Әрине, жоқ. Біздің елдің басты байлығы – адам және оның денсаулығы. Сондықтан, дені сау ұлт қалыптастыру жолында қолайлы жағдайлар жасау мемлекет тарапынан тоқтатылмақ емес. Әр қазақстандықтың өмірі мен денсаулығы қымбат болғандықтан, міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыруға қатысушыға жинақталған қажысының көлеміне қарамастан медициналық қызмет көрсетілетін болады.

– Жаңа жүйе енгізілген соң тегін дәрі-дәрмек алу мен скринингтік тексеруден өткізудің тәртібінде қандай да бір өзгерістер бола ма?

– Скринингтік тексеру қызметтері 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру пакетінің құрамына кіреді. Сондықтан профилактикалық тексеруден тек сақтандырылған азаматтар ғана өте алады. Ал тегін дәрі-дәрмекке келер болсақ, есепте тұрғандарға ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылдың 29 тамызындағы №866 бұйрығы бойынша беріледі. Яғни мұнда өзгеріс жоқ.

– Әр азаматқа медициналық көмек толық және қолжетімді болу үшін не істеу қажет?

– Біріншіден, әрбір азамат өз мәртебесін анықтауы қажет. Әлеуметтік мәртебесі егов. kz порталында білуге болады. Ол үшін тек ЖСН-ді (жеке сәйкестік нөмірі – ред.) енгізіп, «Жұмыскер», «Әлеуметтік төлемдер



алушы», «18 жасқа дейінгі бала», «Тіркелген өзін-өзі жұмыспен қамтығандар» немесе «Санаты анықталмаған» деген санаттардың бірі көрсетілген хабарлама алу жеткілікті. Егер тұрғынның санаты анықталмаса, оны дереу түзету керек. Егер кімде-кім жұмыссыз болса, онда Азаматтарға арналған үкімет КЕАҚ, халықты жұмыспен қамту орталығы немесе әкімдікке жүгіну арқылы есепке тұра алады. Егер азамат экономиканың бейресми секторында еңбек өтсе немесе жеке кәсіпкер болса Бірінғай жиынтық төлем төлеуді бастауы қажет. Екіншіден, белгілі бір емханаға тіркелуі қажет. Емханаға тұрақты немесе уақытша тұрғылықты мекенжай бойынша, бір өкімшілік-аумақтық бірлік шегінде яғни, бір қала немесе ауданның медициналық мекемесін таңдап тіркелуге болады. Сонымен қатар, тұрғындар тіркелген емханасында уақсәлді дәрігерді немесе жалпы тәжірибелік дәрігерді таңдау құқығына ие. Медициналық сақтандыру қорымен келісім-шартқа тұрған емхана мемлекеттік те, жеке меншік те болуы мүмкін. – Медициналық қызмет көрсетудің сапасын бақылау қалайша жүзеге асады?

– Алдағы уақытта медициналық көмектің сапасына бақылау күшейді. Мұның бәрі, әрине, біріншіден науқастың мүддесі үшін болса, екіншіден, отандық медицинаны дамуың жаңа сатысына көтеруді көздейді. Жер-жерде құрылған міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорларының құзырына мемлекеттік тапсырыс шеңберінде көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен көлеміне бақылау жүргізу кіреді. Мемлекеттік те, жекеменшік те медициналық ұйымдар көрсететін медициналық көмекке бақылау жүргізіледі. Мониторингілеу автоматтандырылған жүйелерде және медициналық ұйымдарға барып жүргізіледі. Бүгінде өз жұмысын қарқынды жүргізіп жатқан қорлар медициналық мекемелерде орын алған келесісіздіктер мен ақауларды анықтап, медицина мекемелеріне айыппұл салған. – Уақыт тауып, жекеменшіктерді мазалаған сұрақтарға нақты жауап берсеңіздер, алыс білдіре отырып, ұлт денсаулығын нығайту жолындағы еңбегіңізге толайым табыс тілейміз. Диана ОРАЗАЛИНА

ЗАМАНҒА САЙ ОРТАЛЫҚ

қала тұрғындарына сапалы медициналық қызмет ұсынады

Қалалық емхана жаңындағы клиникалық-диагностикалық орталыққа маңдайшасына тақта ілініп жатқан сәтте бас сұқтық. Әлем бойынша медицинаның символына айналған жылдан бері фонендоскоп адам жүрегі пішінін еске түсіріп, қақ ортасынан электрокардиограмма сызықтары тартылған орталық логотипі үлкен кәсібилік пен біліктіліктің ұштасуын еркін аңғартып, алыстан көз тартады.

2014 жылы қалалық емхана құрамында клиникалық-диагностикалық қызмет көрсететін кабинеттер ашылды. Тұрғындар үздіксіз ағылып жататын бұл кабинеттер қала



халқына таршылық етпей қоймады. 2017-2018 жылдары қала тұрғындарының ұсынысын негізінде Омаров көшесі 25 мекенжайында орналасқан аурухана қалашығындағы балалар ауруханасының ғимаратына күрделі жөндеу жасалып, бұл ғимарат «Клиникалық-диагностикалық орталық» деген жаңа атауға ие болды. Осылайша клиникалық-диагностикалық орталыққа жиналған тұрлі сала мамандары қызу жұмысқа бел шеше кірісіп кетті. Орталық ашыла салысымен екі дәрігер Ресей Федерациясында тәжірибеден өтіп, УДЗ және маммография аппаратарының қыр-сырымен танысып келді. Қазіргі таңда жиырма дәрігер, жиырма мейірабик қызмет ететін орталыққа ревматолог, пульмонолог, аллерголог, гематолог, гастроэнтолог және нефролог мамандары қажет. Күніне 300-ге жуық науқасты қабылдайтын орталықтың құрамы аталмыш мамандармен толықса, тәулігіне 500-ден астам науқасқа ем көрсетуге қауқарлы. Мекеме басшысының айтуынша орталық көмегіне жүйке, тыныс және көз ауруларына шалдыққан науқастар жиі жүгінеді екен. Клиникалық лаборатория, бактериялық лаборатория, сәулелік диагностика және сала мамандарымен жасақталған орталық жалпы Жезқазған-Ұлытау аймағы тұрғындарына тегін ем-дом көрсетеді. Орталықтан медициналық тексерістен өту үшін тұрғылықты мекенжайыңыздағы өзіңіз тіркеуде тұрған отбасылық-дәрігерлік амбулаториядан жолдама алсаңыз жеткілікті.

Жаңа кейіпке енген орталық ғимараты су жаңа медициналық аппаратуралармен жабдықталды. Нәтижесін арнайы пленкаға шығарып,


екі жұмыс тудырмай, дереу дәрігер компьютеріне жолдайтын цифрлы рентген, цифрлы флюорография, УДЗ, цифрлы маммограф, видеогостроскоп, видеокалоскоп тұрғындар игілігіне жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ, орталыққа жүрек жұмысын тексеретін тридмил жолақша, қан қысымынан тәулік бойына хабардар етіп тұратын холтер аспаптары алынған. Орталықтың ішімен қатар сыртқы келбеті де жаңартылды. Жалпы аурухана қалашығы ауласын абаттандыру жұмысына 165 млн. теңге қаржы жұмсалған. Соның нәтижесінде орталық маңына жасыл желектер отырғызылып, жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Сағалыт төселіп, жолдар қалпына келтірілді, газондар төселді. Және су, жылу, көріз жүйелерінің құбырлары ауыстырылды. Жақында жаңашыл идеялармен байытылған әсем де сәнді «Дәрігерлер аллеясы» да ашылмақ.

Халық денсаулығының сақшысы әрі қорғаушысына айналған орталықтың меңгерушісі – Сейткамал Лиясов. Ол қызмет жолын 1978 жылдан төрағевт маман ретінде бастайды. Өз жұмысына адал ол қаламыздағы нашакорлық пен алкогольизмге салынғандарды мәжбүрлеп емдеу мекемесі, туберкулезге қарсы күрес диспансері секілді түрлі денсаулық сақтау мекемелерінде қызмет еткен. 2015 жылдан бастап клиникалық-диагностикалық орталықта меңгерушінің орынбасары ретінде жауапты қызметке кіріскен Сейткамал Лиясов бүгінде ынтымағы жарасқан ырысты ұжымның ұйтқысына айналып отыр. Өз қызметкерлеріне қадірлі, тұрғындарға сыйлы басшы қазіргі таңда клиникалық-диагностикалық орталықта жас мамандар тапшы екендігін жеткізді. Осыған орай, ол арнайы резидентура бойынша екі жас білім алып жатқандығы туралы сүйінші хабарымен бөлісті. Тұрғындар қуанышына орай, 2020 жылдан бастап клиникалық-диагностикалық орталық жас хирург және гематологпен толығымен болады. Сондай-ақ, келесі жылдан бастап медициналық жоғары оқу орындарымен байланыс орнатылып, жас дәрігерлерді мысты шаһарға тарту жұмыстары қолға алынбақ. Орталық өз мамандарын тұрғын үйінде қамтамасыз етеді. Мысалы, Чехов көшесі 7 мекенжайындағы 8 пәтерлі үйдің төртеуі – Жезқазған көпбейінді ауруханасының мамандарына, қалған төртеуі – клиникалық-диагностикалық орталықтың мамандарына берілмек. Жаңа жылда жаңа баспанға ие болатын орталық қызметкерлерінің қуанышында шек жоқ.

Клиникалық-диагностикалық орталыққа аймағымыздағы денсаулық сақтау саласының білгір мамандары қызмет етеді. Олардың бірқатарымен сіздерді де таныстырамыз жөн көрдік. 1979 жылы Қарағанды медициналық институтын бітіріп, содан бері қырық жыл табын аудармастан Жезқазған медицинасында жемісті еңбек етіп келе жатқан невропатолог маман – Маржан Хасенова. Омыртқа, бас ауруларына шалдыққан науқастарға шипа іздеген дәрігер биіктерді бағындыруым – көптің батасының арқасында дейді. Күніне үздіксіз 20-25 науқасқа ем жасайтын Маржан ханым – өз мамандығына берілген жан. Маржан Хасеновамен кездескен ниетте қабылдау кабинетіне бас сұққанымызда, ол пациент қабылдау үстінде екен. Сұхбат барысында емделуді де сөзге араласты.

– Маржан Хасенова – өте білімді дәрігер. Бұл кісі менің ұстазым іспетті. Ол төн мен қатар жаныңды да емдеп жібереді. Әрдайым өз ісіне ұқыпты. Ақыл-кеңестерін аяған емес. Мен қала невропатологтарынан тек Маржан ханымға ғана қараламын. Міне, оның көмегіне жүгініп жүргеніме жиырма жыл болыпты. Оны дәрігер ретінде де, адам ретінде қатты бағалаймын. Ол – өз ісінің нағыз майталманы, – деді пациент Вера Кононихина. Ия, дәрігер үшін емделушілер ақ тілегі мен ризашылығынан артық құрмет те, мараттан та жоқ емдеу пе?! Көп тілегін арқалаған ақ халаттыға біз де тәнті болдық.

Қызығушылықпен көз тастаған келесі маман – халық арасында көбіне «лор дәрігер» деп жиі аталатын оториноларголог – Еңлік Қаппасова. Солтүстіктен,



сонау Петропавлдан жұбайы Жанат Қаппасовпен бірге жолдамамен Жезқазғанға келген ол – Целиноград мемлекеттік медицина институтының түлегі. «Лор дәрігердің» жұмысына біз де үлкен қызығушылық таныттық. Еңлік ханымның жан серігі болып кеткен лор-комбайн жұмысы назарымызды аудармай қоймады. 12 функциядан тұратын лор-комбайн күрделі деген адам организмдерін көп уақыт алмай өп сәтте тексеруден өткізеді. Соңғы заманауи технологиялармен жабдықталған емдеу бөлмесінде арнайы медициналық стерилизация, қозғалмайтын орндық, тоңазытқыш, бактерияларды жоюға арналған лампа жұмыс істеп тұр. Бұрынғы жұмыс орнымен салыстырғанда аталмыш орталықтың науқастарды қарауға өте тиімді, кең әрі жарық және тыныш екендігін жеткізген Еңлік дәрігерлер мен жалпы жұртшылыққа қолайлы жағдай тудырған денсаулық сақтау басқармасы басшыларына алғысын білдірді.

Бүгінде Қарағанды облыстық денсаулық сақтау басқармасының шешімімен клиникалық-диагностикалық орталық пен Қарағанды клиникалық ауруханасы меморандум жасасқан. Оның негізінде облыс орталығынан қаламызға бізде жоқ дәрігерлер келіп тұрғындарға медициналық қызмет көрсетеді. Сол арқылы тұрғындар орталыққа келіп, жалпы қала бойынша тапшы кадрлардың көмегін пайдалануға мүмкіндік алуда. Облыстық клиникалық ауруханадан келген дәрігерлер тек тұрғындарды қабылдап қана қоймай, клиникалық-диагностикалық орталық дәрігерлеріне де лекциялар оқып, практикалық курстар ұйымдастырады. Бұның өзара тәжірибе алмасуда маңызы орасан зор дейді орталық дәрігерлері.

Клиникалық-диагностикалық орталықта науқастар үшін барлық жағдайлар жасалған. Күрделі жөндеу жұмысы нәтижесінде мүмкіндігі шектелуі жандарға арналған пандустар, арнайы есіктер және дәретханалар іске қосылды. Құту залдарына теледидарлар орнатылды. Бұл теледидар арқылы емделушілер е.gov электронды порталы арқылы қалай медициналық көмек алуға болатынын хабардар бола алады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН Суреттерді түсірген Фәлия ӘБДИҒАППАРОВА

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

АҒЗАНЫ ТАЗАРТУДЫҢ ОҢАЙ ӘДІСІ



Қызылша пайдалы

Бұл тәсілдердің біріншісі, әрине, қызылшаны қолдану. Оның бір данасын тазалап жуып, ұсақ үккіштен өткізу керек. Сосын шырынын сығып алып, екі сағатқа тұндырып қояды. Оны ұйқыға жатарда немесе күндіз тамақтан соң ішу керек. Ал үккіштен өтіп, сығылған қалдығынан тамақтан өтетіндей домалақтат «шар» жасайды да, тамақ ішерден жарты сағат бұрын ауызға салып біраз ұстап, мүмкіндігінше шайнамай жұтады. Ол ішек жолдарын тазартып, оған қоса артериялық қан қысымын қалыңға келтіреді. Бір күнге үш ас қасық қызылша қалдығы жеткілікті. Мұндай «шарларды» үш күнге жететін етіп жасап, тоңазытқышта сақтауға да болады.

Арпа мен сұлы ботқасы

Ішектерді тазартуға арпа мен сұлы ботқасын да қолдануға болады. Ол үшін оларды теңдей дәрежеде алып, тазалап жуады да, ботқа болғанша қайнатады. (1 стакан қоспаға – 2,5 стакан су). Бұл ботқаны май қоспай, аздап қана тұз қосып, бірнеше күн бойы таңғы асқа жеу керек. Ескерту: бұл кезде жай-күйіңізге мән бере жүріңіз. Ботқа ағзадан толық қорытылмаған қалдықтарды, оған түскен бөтен заттарды алып шығады. Ол сондай-ақ, ішек қабырғаларының зақымданған



тұстарына да пайдалы, оны қалпына келтіреді. Ішек жұмысына жағымды тағам Мынадай да рецепт бар: 1 стакан өніп кеткен бидайға 100 грамм сәбіз араластырады, сосын оған ұсақталған жаңғақ дәнін себеді. Табылса, қарағітілігіне қарай оған үгітілген жалбыз жалпырағын, кінза, асқек, ақжелке, меллисса қосуға да болады. Мұндай тағам иммунитетті көтереді, ішекті қалдықтардан тазартады.

Алма мен қапуста да көмекші

Ішек жұмысы күнделікті қалыпты жұмыс істеуі тиіс. Олай болмай жатса, алма жеңіз. Алма нәрі ағзадағы ауыр металдарды сіңіріп, ағзадан шығарады. Ал оның құрамындағы таниндер астың қорытылуына және сіңірілуіне қызмет етеді. Сондай-ақ, алмада витаминдер мен калий мол.

Күніне ұйқыға жатарда және таңертең аш қарынға бір алма жеп тұрған адамның ішегі жақсы жұмыс істейді. Өйткені, алмада оны тазартатын целлюлоза бар.

Ал егер ішек қатып мазаны алса, бір апта бойы таңертең алма мен қапустаңың тең дәрежедегі қоспасын жеп тұру керек. Яғни оларды еттартқыштан өткізіп, блендермен араластырып алады.

Үн мен қаймақ та жақсы

Ішекті тазартуға үн мен қаймақ қоспасы да пайдалы. Бір апта бойы 1 десерттік қасық үнды 100 грамм қаймаққа қосып ішеді. Екінші аптада 100 грамм қаймаққа 2 десерттік қасық үн қосады. Ал үшінші аптада үн мөлшерін 3 десерттік қасыққа дейін көбейтеді. Мұндай қоспаны таңертеңгілік ас орнына ішеді. Ол ішекті артық жалқықтан, қатқан қалдықтардан тастап, паразиттерден тазартады, оның ішек микрофлорасына ешқандай да зияны тимейді. Тек бұл күндері 2 литрден су ішіп тұру керек. Сонымен қатар, қаймақ орнына кез келген қышқыл сүт өнімдерін қолдануға болады.

Күнделікті тұрмыста «инсультке шалдығыпты» деген хабарды жиі естиміз. Тіпті, таңғалмайтын да болдық. Ми қанайналымының бұзылуымен байланысты инсульт ауруы салдарынан мидың белгілі бір бөлігіндегі қан айналымы төмендейді немесе толығымен тоқтайды. Елімізде өлім-жітім көрсеткіші бойынша инсульт ауруына шалдығып қаза тапқандар саны екінші орынды иеленген. Сондай-ақ, инсульт мүгедектікке әкеп соғатын аурулардың ішінде бірінші орынға ие.

ИНСУЛЬТТАН САҚТАНУ ЖОЛДАРЫ

Науқастармен кездесуде түсіндірілді

Инсульт алған адамдардың 80%-ға жуығы мүгедектікке ұшырайды. Ал қалған 20%-ы қатаң күтімге тәуелді болып қалады екен. Осы орайда аталмыш дерттен қала тұрғындарын сақтандырып, толық ақпарат беру мақсатында терапевт дәрігер Бақыт Жолашарова, невролог Ақмарал Бегаева және психолог Бақытжамал Қапкеева Жезқазған медициналық орталығының емделушілерімен кездесіп, инсульт ауруының алғашқы белгілері, алғашқы көмек, патология себептері, оның пайда болу себептері және одан сақтану жолдары туралы кеңестерімен бөлісті.

–Мен әрдайым жүрген жерімде «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп айтып жүремін. Инсульт ауруы – елімізді алаңдатып отырған қауіпті дерттердің бірі. Аурудың алғашқы белгілеріне өлсіздіктің пайда болуы, сал ауруы немесе бет, қол-аяқ ұштарының ұюы, сөйлеудің бұзылуы, көз көруінің нашарлауы, бастың қатты ауырынуы, бас айналу, тепе-



тәндікті жоғалту және жүру координациясының бұзылуын жатқызуға болады. Сол себепті біз әрдайым жан тыныштығын сақтап, позитивті ойда жүруіміз керек. Салмақты бір қалыпта ұстап, дұрыс тамақтануды қолға алғанымыз жөн және дүрдемдер мен микрозөлеметтерге бай көкөніс пен жеміс-жидек көп тұтынуымыз қажет. Сондай-

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ЗАМАНДАС КЕЛБЕТІ

Қазіргі таңда өз өмірімізді компьютерсіз елестету мүлде мүмкін еместей көрінетіні шындық. Компьютердің атасы саналатын «Майкрософт» корпорациясының (Microsoft) негізін қалаушы, компьютер магнаты, әлемдегі ең бай адамдардың алғашқы үштігінде тұрған Билл Гейтс туралы білмеуіңіз мүмкін емес. Дүниені дүр сілкіндіріп, әлемдегі ең озық технологияны жаасаған Биллдің де аталмыш IT-технологияларға деген қызығушылығы мектеп жасынан басталған. Бүгінгі жастар бетінің кейіпкері Әлібек Қаратаевтың да өмірлік ұстанымдарының көп тұсы әйгілі өнертапқышымен ұқсас болып көрінді бізге.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде: «Ең бастысы – еңбек нарығында сұраныс бар мамандыққа ие болу. Бұл өсіресе, ақпараттық технологиялар, өндірісті цифрландыру және компьютерлендіру деуірінде өзекті болмақ. Таяу болашақта қазіргі мамандықтардың 50 пайызына сұраныс болмайды. Сондықтан уақыт талабына сай болу керек», – деген болатын. Ия, ақпараттық технологиялар секунд сайын жаңарып жатқан XXI ғасырда заман талабына сай, бәсекеге қабілетті болғанға не жетсін?! Қазіргі таңда «IT-технология», «IT маман» деген ұғымдарды жиі құлақ шалады. Аталмыш маманның компьютермен тығыз байланыста жұмыс істейтіндігінен бөрі де хабардар. Тек нақты нәмен айналыстындығына жете мән бере бермейміз. Компьютер тілін тереңінен ұғынып, барлық күрделі бағдарламаларды «шашып тастайтын» осындай маман біздің қаламызда бар ма? Осы мәселе турғысынан сауалдар туындап, компьютер бағдарламаларын жетік білетін жанның көмегі қажет болғандықтан көптің есіне бірден IT маманы Әлібек түседі. Мектеп жасынан «компьютерлік қауіпсіздік», «компьютерлік шабуыл», «хакер» сынды ұғымдарға аса қызығушылық танытқан Әлібек Қаратаев № 8 қазақ гимназиясында оқып жүріп-ақ, ғаламтор желісі арқылы реферат дайындап, оны сату, аударма жасау сынды істермен айналысады. Уақыт өте компьютер тіліне деген құштарлығы арта түскен бала Әлібек «Ақпараттық технологиялар тілін колледжде үйретеді» дегенді естиді. Осылайша ол 9-сыныптан соң Жеңіс технология жөне сервис колледжіне бағдарламашы мамандығына оқуға тапсырады.

Компьютер тілінің барлық бағдарламаларын бірден үйреніп алғым келіп, өзімді қоярға жер таппай, алып-үзіліп жүрген маған колледжде оқытушылары мамандық бойынша сабақтар II курстан бастап өткізілетіндігі, I курста мектеп бағдарламасы бойынша ғана сабақ оқытындығымызды айтты. Мен күттім. Осылай күте-күте III курсқа да қадам бастым. Бұған дейін мен өздігімізше ізденіп, компьютер тілінің біраз қыр-сырымен таныстым. Жалпы ғаламтор желісінде ТМД бойынша бағдарламашылар отыратын форум бар. Бір күні мен сол форумға «Сайт жасау мақсатында команда жинаймын» деген жарнама іспетті хабарлама қалдырдым. Бір күні сол хабарлама негізінде маған Ресейдің Ростов-на-Дону қаласынан екі бағдарламашы және бір дизайнер хабарласып, әріптес болуға шақырды. Мен келістім. Осылайша біздің командалық жұмыс басталды. Олар сайтты құру және дизайн жасау шаруаларымен айналысты. Ал мән тұтынушыларды тарту міндетін қолыма алдым. Тұтынушы жинауды, әрине, өз қалам Жеңіс технологияна жөн санадым. Бірақ... Бірақ сол уақытта біздің қаламыздағы мекемелер үшін бұл үрке қарайтын таңсық жағдай болып көрінді.

Талай мекеме «Бізге сайттың қажеті жоқ» деген пікірмен есіктерін тартса да, бірақ, сол кезеңде Қазақстанның үлкен қалаларында сайт үлкен жылдамдықпен қолданысқа еніп, дамып жатқан болатын. Жеңіс тағдырын шешуші үзген мен басқа қазақстандық және шетелдік қалалар тұрғындарына жарнама жасай бастадым. Алдымен әрине, қарағандылық мекемелер қызығушылық білдірді. Кейіннен Ресейдің көптеген мекемелерінен ұсыныс түсті. Біз тұтынушыға сайттың екі-үш үлгісін ұсынамыз. Олар соның ішінен өздеріне ұнағанына таңдау жасайтын. Күніне екі-үш сайт жасадық. Ұсыныстар ағыла бастады. Себебі біз Ресейде жасалатын сайттардан бес-алты

АРМАНЫ АЛҒА ЖЕТЕЛЕГЕН

есе төмен бағада қызмет көрсеттік. Кейіннен бізге Израильден, Украинадан ұсыныстар түсті. Бір жағынан таңғалдық, қорықтық, екінші жағынан бұл бізге үлкен мотивация берді. Ұсыныстар көп түскен сайын, жұмысты орындау уақыты да көшіктіріле бастады. Осы тұстан жұмысқа мен қосылдым. Бұл жолы мен де өз үйіргенім бойынша бағдарламашыларға көмектесіп, бұл істің қыр-сырына қаныға бастадым. Бірақ, өмір бір қалыпта тұрмайды ғой. Біздің дизайнер қызымыз өз саласы бойынша Малайзияға оқуға түсті. Командамыз негізгі төрттік жүйеден ажырап қалған біздер өз бетімізше жұмыс істеуге бел будық. Осылай біздің команда тарайды. Мен өз бетімше жұмыс істей бастадым. Негізі маған бір өзімнен гөрі командалық жұмыс өте қатты ұнайды. Мен IT саласына қызығатын досымды да өз жұмысыма баули бастадым. Осылайша жаңа команда құрылды. Бұл мезет – инстаграмның енді-енді таралып жатқан уақыты болатын. Біз жеңісқағандықтарға өз орталықтарын әлеуметтік желі арқылы баққару және сол арқылы тиімді жұмыстар жасауға болатындығын айтып, бізбен серіктестікте бірлесу жұмыс істеуге ұсыныс білдірді. Әрине, бізге сеніп өз жұмыстарын тапсырғандар болды, бірақ, бұғанда әдеттегідей біздің тұрғындар аса құлшыныс таныта қоймады. Бұның себебі – біздің қаламыздың дамыған үлкен қалалардан алшақта орналасуында деп ойлаймын.

Сізді түсінбегендер жүні кездескен көрнеуі, сонда да алған бетіңнен қайтпай, алға ұмтылуыңызға не көмектесті? – Ия, өмірде көз келген жағдайда қолдау таба бермейтіміз рас. Сені, сенің ісіңді түсінібегендер ойыңнан айнатуға, ерік-жігеріңді күл құлға тырысады. Бірақ өз бойыңды «Менің» сақтап қалған, өз қабілет-қарымың толық білетін, өзіне сенетін жанның жолына ешім де, еш нәрсе де төтеп бола алмайды. Өз ойларың іске аспай немесе аяқталмай қалған

сәттерде көңілің түскені жасырын емес. Бірақ бұл жағдайлар маған керісінше сабақ болды. Мен тәжірибе жинадым. Негізі мен атақты Стив Джобс, Марк Цукерберг сынды IT саласы мамандарының өмірбаяндарын, олар жайлы жазылған шығармаларды оқығанды жақсы көремін. Бұны неге айтып отырмын? Себебі бұл жандардың ешқайсысының өмір жолдары сәтті басталмаған. Бірақ олар алға ұмтылудан тәнбаған. Соның арқасында олар бүгінде IT-технология саласының ең биік тұғырына көтерілді. «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» дейді ғой халқымыз. Мен ізімнен ерген іні-қарындастарыма әрдайым армандауға кеңес беремін. Себебі арман алдамайды. Арманы бар жан ғана алға ұмтылады және сол арманды ақиқатқа айналдырады.

– Біліміңше инстаграм желісінде он бес мыңнан астам оқырманы бар пуэчез парақшасының басқарушысысыз. Белсенді оқырмандарға толық кең аударып қалай жинадыңыз? – Осыдан бірнеше жыл бұрын «My Zhezkazgan» атты мобильді бағдарлама жасап шығардым. Бәріңізге белгілі ЗГИС бағдарламасында біздің қаламыз жоқ. таңда бұл сыныпта 80-ге жуық бала білім алуға. Мен ата-аналарға балаларын ерте жастан осындай сыныптарға беруге кеңес беремін. Себебі, қазіргі балалар IT саласын тез меңгереді. Бұл олардың ойлау қабілеттерін де жақсартады. Менің шәкірттеріміз барлығы дерлік ынталы. Атап айтар болсам, не бары он екі жастағы Александр Шарепин Массачусетс технологиялық институтының Scratch.Mit.edu халықаралық платформасында өзі жасап шығарған ойыны жариялап, екі күн ішінде 50 000-нан астам жүктелім жинады. Оның жасап шығарған ойыны үлкен қолдауға ие болды. Ол қазір жолданған ұсыныстар негізінде осы ойынның екінші түрін жасауда. Атап айтар болсам өте көп. Менің шәкірттеріміз барлығы дерлік талапты әрі білімді. Мен олармен мақтанамын.

– Жақында «ЦентрКредит» банкінің тұтынушыларын алаяқтықтан құтқарып қалыпсыз. Бұдан көп тұрғындар хабарсыз. Осы туралы кеңірек біздің оқырмандарымызды да хабардар етсеңіз. – Маған өз жұмысым әлеуметтік желілер арқылы түрлі акция немере конкурсты қатысты сіпемелерді жіберіп отырады. Мен көбіне оларға бұның өтірік екендігін айтып сақтандырып отырамын. Сондай, әдеттегідей күндердің бірі болатын. Инстаграм әлеуметтік желісінде отырдым. Кенет «ЦентрКредит» банкіне қатысты жарнама шықты. Шынымы айтсам, менің бұл банкке түк қатысым жоқ. Тіпті бұл банктің көмегіне жүгініп те көрмеппін. Тек банктің атымен сырттай ғана таныстың десем болады. Бірақ маған өлгі жарнамадағы «Тегін бонустар таратамыз» деген сияқты сөздер оғаш көрінді. Мен жарнамадағы сіпемеге кірдім. Сосын «ЦентрКредиттің» өзінің сайтына кірдім. Екі сайт бір-бірімен айнамады. Мүлдем айырмашылық жоқ дегуге де болады. Бірақ, кенет мен сайттың доменына назар аудардым. «ЦентрКредиттің» ресми сайтында domain .kz, ал екінші сайтта .com болды. Және тегін бонус тарататын екінші көшірме сайт бонусты алу үшін ЖСН



және төлқұжат нөмірін, банк картчасының паролын мен он алты цифрдың банктің «Star-banking» мобильді қосымшасындағы паролды сұрады. Мен сол уақыттарда инстаграмдағы халықтың қаржылық қауіпсіздігіне жауапты «CERT» ұйымының парақшасына тіркелген болатынымын. Мен осы ұйымға жасаңды сайттың «fishshubur» екендігін баындап, скриншоттарын жібердім. Олар маған дереу жауап беріп, бұл мәселе қаралатындығын жеткізді. Әрине, «ЦентрКредиттің» жергілікті филиалына да бұл мәліметтерді жібердім. Олар басында түсінбеді. Мен бұны банктің басты штабымен бөлісуді сұрадым. Осылай екі-үш күн ішінде «CERT-тен» хабар келді. Олар алаяқтық мақсатында құрылған сайтты жауапты. Кейіннен «ЦентрКредит» банкінен де мамандар хабарласып, рақмет айтып, алғыстарын білдірді.

Міне, өмірде түрлі оқиғалар болады. Әңгіме басында III курста үш ай бойы сабаққа бармай колледжден шығарылған Әлібектің өмірі кезінде III курсында Гарвард Университетінен кұылған Билл Гейтстің өмірімен ұқсас екендігін айтып күліп алғанбыз. Әрине, бұл екеуі де кейіннен оқуларын жалғастырып, дипломы бар маман атанды. Осынау компьютер мейталманы, әйгілі бағдарламашының ұзақ мерзімді қондырғы, нәтижеге бейімделу, командалық жұмыс, тұтынушыларға деген асқан адалдық және өнімнің сапасын орнату, тұтынушылармен тұрақты байланыс атты әйгілі бек қадасысын өз өміріне де үлгі етіп, «Кімге болсын қандай жағдай болсын бір бағытта қарама. Өзгелердің орнына өзінді қойып жұмыс жаса. Сонда ғана ісің нәтижелі болады» деген өмірлік ұранын қалыптастырған Әлібек – тек ұжымының ғана емес, барша жеңісқағандықтардың мақтаншыы. Шаңғайда орналасқан шағын қаладан шыққан жас жігіттің Билл Гейтстай білгір IT маман болмауына кім келпін?! Қазірдің өзінде «Яндекс», «Google» онлайн академияларының сертификаттарына ие болған оның бағындырар бөлестері сезсіз әлі алда. Арманы жолында алға ұмтылған Әлібектің Жеңісқағандығы ғана емес, өмірінің атын шығарар азамат боларына сенім мол.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН Сүретті түсірген Фәлия ӘБДІҒАППАРОВА

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

ОТАҒАСЫЗ ОТБАСЫ немесе шаңырақтың шайқалуына әкелетін себептер

Бүгінде «Пәленшенің қызы екі баласымен қайтып келіпті немесе пәленшенің ортаншы ұлы әйел тастапты» деген жаңалықпен біреуді таң қалдыру қиын. Өйткені, мұндай келеңсіздіктер қазіргі қоғамның жиі кездесетін құбылысқа айналғалы қашан?! ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті ұсынған деректерге сүйенсек, соңғы он жылдықта 1,5 млн қазақстандық некесін қиса, осы уақыт ішінде жарты миллионнан астамы ажырасып кеткен. Отбасы институтының осыншама құлдырап, ажырасулардың көбейгені биік мінберлерден айтылып, барша халықты алаңдата да бүгінгі күн жағдай оңалмады. Ендеше, «мінезіміз жа-распады» деген желеу айтқан жастар мен орта жастағы ерлі-зайыптылардың екі жаққа кетуінің себебі мен салдарын саралап көрсек.

танытып, кейде тараптарды ақылау шақыратынымыз рас. Дегенмен, көп жағдайда бұнымыздан тұқ шықпайды. Ажырасуға көп жағдайда әйелдер арыз түсіреді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықты, күйеуінің табысы жоағын, ойынқұмарлығы мен ішімдік ішуін себеп ретінде көрсетеді.

Жүлдз ЕСМУРЗИНА, кәсіби медиатор: – Өздеріңізге белгілі 2011 жылдан бастап «Медиацця туралы» Заң қолданысқа енді. Соның нәтижесінде дәу-



және менің балама қаратыла айтылмайтын еді. Күйеуім қазір үйлі баранды болды. Алимпент төлеп тұрғанмен, баланың тәрбиесіне араласпайды. Ұлым «менің папам неге келмейді» деген сұрақты қойған сайын ішім қан жылайды. Өзм де күйбен тірліктен шаршағанда ер адамның иығы мен қолдауы болса шіркін деп аңсаймын. Бірақ, екінші рет тұрмысқа шығудан қорқамын. Өйткені, баламды егеісте ме деймін. Біреуші баласын біреу қайтсін?, – деп ішіндегі сырын ақтарған Айжан (есімі өзгертілген) ойландырып тастады.

Шынында, құдай қосқан қосағың зорлық-зорбылық көрсетпесе, артық жүрісі болмаса сотқа арыз ала жүгіру артық. Дегенмен, ажырасу, ажыраспау – екеудің шешімі. «Ерлі-зайыптылардың арасына есә түскен түседі» демеіші біздікі ақыл айту емес, ойлы оқырманға ой салу ғана. Ендеше, ажырасу мәселесіне қатысты білікті мамандардың пікірін білсек.

Нәсіпқұл ҚҰТЫШЕВА, Жезқазған қалалық сотының судьясы:

– Қазір соттардың алдында қаралып жатқан істердің көбі некені бұзуға қатысты азаматтық істер десек, артық айтқандық емес. Неке бұзу жөніндегі сотқа түскен арыздарға қатысты бірден шешім қабылдана салмайды. Ерлі-зайыптылардың ойлануы үшін 2 айдан 6 айға дейін уақыт беріледі. Тамуластыруға көптеген әрекеттер жасалады. Сөйтіп, түбегейлі ажырасуға бел буандарға айна шешім шығарылады. Өкінішке қарай, биылғы жылдың он айы ішінде 313 азаматтық іс қаралып, арыз қанағаттандырылды. Сондай-ақ, тағы 5 іс өлі де қаралып жатыр. Биылғы жылдың көрсеткіштерін өткен жылдармен салыстырсақ сандар көңіл көншітпейді. 2017 жылы 380 отбасы ортасынан бөлінсе, 2018 жылы 397 жұп екі жаққа кетуге шешім қабылдады. Үлкендімізді

дәмайларды сотқа жеткізбей, медиатордың көмегімен шешу мүмкіндігі туды. Бүгінде дауды шешудің аталаған түрлі өз тәліміліңіз дәлелдеп үлгерді. Қазіргі таңда менің алдыма күніне кем дегенде бес адам келіп, жеке мәселесін айтпады. Соның ішінде көмекке жүгінген ерлі-зайыптылардың қатары басым. Жыл басынан ажырасуға бел буған 36 ерлі-зайыптының ісіне нұқта қойылды.

Некені тоқтатқысы келген ерлі-зайыптылардың жас ерекшеліктерін саралайтын болсақ, олардың арасында енді үйленгендермен бірге алтын тоиларын тойлағандары да бар. Сондықтан, жастар аана ажырасады дегуге болмайды. Сотта ашықтық пен жариялықты қауіпсіздік бар болса, бізде керісінше құпиялық сақталады. Медиатордың алдына келген тараптардың ара-қатынасы мен дәу-дамай жайында осы үш жақтан басқа ешкім білмейді. Және медиаторлық келісім жасасқан отбасы өндігіде соттың алдына баруға құқысыз. Яғни, олар өндігіде ажыраса алмайды. Медиатор ретінде мен екі тараптан бөлек-бөлек кездесіп, мән-жайды анықтаймын. Кейін қос тарапты шақырып, бір-біріне деген талаптарын тыңдаймыз. Нәтижесінде бір шешімге келіп, отбасын сақтап қалу туралы медиаццялық келісім-шарт жасаймыз. Бүгінде келісім-шарт талаптары орындалмайды деп шашым айтқандар болмайды. Болмайақ та қоисын. Өйткені, отбасы тұтастай алғанда мемлекеттік байлығы. Отбасының ыдырағаны – елдімізге нұқсан келгені.

Жанат АДЕНОВА, қалалық емхананың психологы:

– Үйлену оңай, үй болу қиын» демеі мен атам қазақ. Ірәсіз берік отбасына айналу үшін екі жақтан да күш сала қажет. Несін жасыраулық, ата-ана баласы үшін өмір сүреді. Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға

шоқтырмай өсірген баламыздың бар қиыншылығын да өзіміз көтеріп жатамыз. Дегенмен, ата-ана баласын бір мезет қиындықты жеңуге, жауапкершілікке баулуы керек. Психолог көмегіне жүгінген жас отбасылардың басым көпшілігі отбасылық өмірде кездескен кедергілерді өңсеруге қауқарсыз. Өйткені, олар жауапкершіліктен қорқып, қашақтайды. Ендігі мәселе жастардың жоспар құра алмауында. Тұрмыс құрмас бұрын қыз бен жігіт өз алдына міндет қойып, ортақ мақсатқа қарай беттеуі керек. Ал қазір жастар «Аққу, шортан һәм шаян» мысалындағыдай бір бағытқа емес жан-жаққа тартады. Керітартпалық жас жұбайларды алысқа алармайды. Шаңқыраттың шайқалуы ер адамға да, әйелге де, ортадағы балаға да оңай түмейді. Бұл кезеңнен бөрі де қиындықпен өтеді. Сондықтан ажырасар алдында өбден ойлану керек. Бұл әрине, қорлыққа ұн-түнсіз тәзе бер деген сөз емес. Бірге тұра алмайтындай жағдай болған күннің өзінде ортақ балалары бар бұрының жұбайлардың дос болып қалуға тырысқаны жөн. Біздің тәжірибемізде ажырасқан ер мен әйелдің бір-бірін көрмесетей болып, ат құйрығын шорт үзеді. Сондықтан, мен ерлі-зайыптылардың ажырасуына ең алдымен бала зардап шешетінін, баланың жанында өмір бойы жазылмайтын жара қалатынын айтудан жалықпаймын. Толыққанды отбасы деген ұсымының не екенін түсінбейтін балалар үлкен өмірге қадам басқанда көп жағдайда әке-шешесінің таадырын қайталап, ажырасып жатпатыны дәлелденген. Сондықтан, психолог ретінде мен үйленер немесе ажырасар алдында асығыстық танытпауға шақырамын. Қандай жағдай болмасын эмоцияға ерік бермей, салқын қандылықпен шешу керек. Күеуді көргенге намыстан әері жүректі тыңдай біту маңызды.

Айтқұл АЛТАЙБЕКОВА, алтын құрсақты ана:

– «Ішіме сыйған қыз сыртыма да сияды» деген қөзқарас қазіргі ата-аналарға тән. Қызы қорлық көріп жатса, айтар үәжім жоқ. Бірақ, өнеінің сілтесен жеңі мен күйеуінің зіп дауысын көтере алмай, үй шаруасының көлтігі мен болмашы қиындықтарға тәзе алмай жатқан келіншектер ана берген тәрбиеге кірбің түсіріп жатқанын білсе әой, шіркін. «Жаман еркектің басын терге сүйрейтін жақсы әйел» емес пе?! Ендеше, өзі таңдап, жүрегі қалап тұрмысқа шыққан жігітін «қаша аз табады», «құндыз тон өрпейді», «бала-шағаға көңіл бөлмейді» деп өтелген жақса толтырып, төркініне қаша жөнелу ақылыды өйелге тән емес.

Тәубе! Қазіргі заман жаман емес. Бүкіл шаруаны бір «кнопкамен» бітіруге болады. XXI ғасырдың ерінде де, әйел мен баласында да арман жоқ. Олар осыдан 40-50 жыл бұрынғы өмірге аларса қайтпек екен?! «Қыз мұраты кету» демеіші әйел болып жартылаған соң біздер өз міндетімізді жіті түсініп, атқаруымыз керек. Аяулы жар, ибалы келің ардақты ана атаңуға талпынған жөн.

Өзім үш қызымды құтты ұясына қондырып, үш елден келіп алдым. «Қызым сазан айтпа, келінім сен тыңса» деген қағида ұстануға тырысамын. Үй болғанын ыдыс-аяқ шайдырпалай тұрмайды. Осы кезде келіндерге де, құдырзаға да «әйелден айла артылаған ба?» деп жөн сілтеймін. Аллаға мыңда бір шүкіршілік, үлкеніңі ақылына құлақ асқан олар жаман болмайды. Жалпы, әрбір ата-ана тұрмыс құраған қызына «қайтып келген қыз жаман» дегенді ұғындырып, бойына сіңірсе, ажырасулар азаяр ма еді?!

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түінін айтар болсақ, әрине, неке қио немесе оны тоқтату ерлі-зайыптылардың өз еріктері. Дегенмен, әдептен озбай, асыл дінімді құптамайтын, ұлттық тәрбиемізге қаишы келетін ажырасу ойынан бойды аулақ ұстау өркімізге қажетті міндеті.

Анықтама үшін: Азаматтық хак әкілдері түрке бөлімінің басшысы Күләш Еркебуланованың мәліметінше, 2019 жылдың тоғыз айында 536 неке қиылса, 282 отбасы заңды түрде ажырасқан. Ал, 2018 жылы 595 жұп отбасылардың қатарын толықтырса, 234 жұп ажырасқандардың тізіміне ілікпті.

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ШАБАНБАЙ БИ КЕСЕНЕСІ



Шабанбай би Қалқаманұлы 1753-1838 жылдар аралығында ғұмыр кешкен. Ол Қарағанды облысының Шет, Ақтоғай аудандарының атырабында Ақсу, Қаратап, Нұра, Талды, Қаражал, Маула, Қызылтас, Қызылтау өңірінде билік құрған. Атағөрі Арғын, Қаракесек, одан беріректе Майқы, одан Өтеміс, Өтемістен бірер атадан соң Шабанбайдың әкесі Қалқаман ұрпақтары таралады.

Атақты шешен әрі әділ би, әулие Әлтеке Жидебай батыр: «Шаппай жүйрік болған Шабаным, Сөйлемей шешен болған Шабаным» деп бағалаған екен. Замандастарының бағалауында Шабанбай қазақ халқының аса бай халықтық даналығын бойына жиган зерек, зерделі, адамның ой түбін тошпай білу қабілеті аса күшті, көкірегі қазына, ақылға бай, ойы терең, талғамы кең, топшылауы жүйрік, алғыр да, тапқыр, әділ би болған. Сонымен қатар Шабанбай би аса қарапайым, мейрімді адам болған деседі.

Бір жолы билер бас қосып, бір мәселені шешуге жиналғанда Шабанбай би әңгімеге араласпай шеткері жаққа жайғасады екен. Мәселе шешілмей, әңгіме созбаланып кеткенде тоқ етерін айтып, істі бір-ақ ауыз сөзбен тындыратын болған. «Әке – балаға сыншы» дегендей, дана би өз балаларына да әділ баға берген.

Байша, Тойғылы, Балапан, Молда, Қожа атты бес баласына енші беріп бөлек шығарады. Балапанға енші аздау тиеді. Мұның мәнісін сұрағандарға: «Ол үйдегі келінім көгені мен желісін бірге ала келген. Әлі-ақ дәулеттің кетеді», – деп жауап берген. Расында, баласы Балапан мен Ұмысқұл келінінің байлығы шалқып төгіледі. Ұмысқұл қолы ашық, қасиетті, берекелі Қара бейбіше атанған.

Шабанбай би кесенесі Ақтоғай-Қарағанды тасжолында таяу Нұра өзенінің жағасында, Шет ауданынан оңтүстік-шығыс бағытта орналасқан.

КҮЙШІ ТОҚА ШОҢМАНҰЛЫНЫҢ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕРІ



Тоқа Шоңманұлы (Сайдалы Сары Тоқа) 1821 жылы туған. Кейінірек 1847 жылы, Сайдалы-Алтай болысы, Айтқұл руы, Қабай бөлімшесінің старшыны болып, ал 1849 жылы болыс билеушісі болып сайланған. Орыс патшалығының архиві Тоқа Шоңманұлын қарапайым және әділ болды деп сипаттайды. Тоқа – қазақ еліне белгілі күйші-композитор.

Көп естелік әңгіменің бірі Тоқа мен Құтжан арасындағы дау-дамайдың сылтауы ел қонысына, мал өрісіне қатысты өршіп отырған. Құтжанға өңшең көк мойын жылқының төрт-бес қосы бітсе керек. Тоқада ондай түстеп жинаған мал жоқ. Бірде Тоқаның ауылының үстін Құтжанның қалың көк мойын қалтай басып, ауыл арасы шаң-шұң болып, Құтжан мен Тоқа сөзге келісіп қалады. Сонда Тоқа: «Құтжан-ау, өуе ашық, күн жарықта малыңның аяқасты ететіндей, бұл қай қорлағаның?» дейді. Құтжан: «Саған жер не үшін керек?» деп, Тоқаның малының жоғына тиісе тіл қатады. Бұған шыдайтын Тоқа ма: «Әй, Құтжан, сен сырты түкті, іші боқты көк мойындарыңа көкірек керемісің, жоқ әлде иесіз көк мойындарыңа көкірек керемісің!» деп, Құтжанның баласының жоқтығын бетіне басып, қатты кетеді. Кейін Құтжанның тоқалынан Имамұса, Әлімұса деген екі ұл туып, Тоқадан сүйінші сұратқан екен. Сонда Тоқа сүйіншіге үкілеген ат беріп: «Құтжанға айтып бер, көңіліне көлеңке сақтамасын, перзент көрмей жүргенін Құдайдың есіне мен салмасам, мұндай қуаныш болмас еді» деп, баяғы бір ауыр айтқан сөзі үшін жүрекке жаққан шөмненен құтылғандай қуанған екен.

Күйші Жаңаарқа ауданында жерленген.

МАҚАТ САҒАНАСЫ



Мақат сағанасы – сәулет өнері ескерткіші. Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Шеңбер ауылынан солтүстік-батысқа қарай 10 шақырым қашықтықта, Қараторғай өзенінің жағасында Мақат Сар-

жанұлына арнап тұрғызылған.

Мақат бабамыз Торғай өңірінің Ұлытаумен шектескен шұрайлы бір өңірін мекендеген бақуатты кісі болған деседі. Ол кісі нысасыз мал жиюдан гөрі, ғылым-білімді меңгеруді өнер тұтса керек. Сөйтіп, артына өшпес із қалдыруды ойлаған Мақат баба бұрынғы ата-бабалар жолымен кейінгі ұрпақ айта жүрер тарихи ескерткішті салып кетті.

Бір қызығы, сағана – іші ашық мола. Ішінде Мақат бабаның ұрпақтары жатыр. Жергілікті тұрғындардың пікірінше, бұл сағанада 20 шақты адам мәңгілік тыныстауда. Олардың жерлену дәстүрі де өзгеше. Адам қайтыс болған соң, ақ көбінге орап, марқұмды сағананың жертелесінде қазылған арнайы орынға әкеліп қояды. Ерлер мен әйелдердің жеке бөлмелері бар. Орта сында шымылдық тұтылған. Кейін марқұм болған жан өз еснеті бойынша осында әкелінсе, онда бұрынғы жатқан кісінің мүрдесі арнайы қазылған шұңқырға түсіріледі. Бұл дәстүр әлі күнге дейін жалғасып келеді. Олай дейтіндізі, мұнда соңғы жерленген адам 1994 жылы болыпты. Мақат бабаның 1925 жылы туған баласы Шақарат жатыр. Сағананың кісі таңғаларлық бір ерекшелігі, мұнда жатқан мәйіт қырық күн шілде болса да, истеніп кетпейді. Кесененің есігі киізбен қапталған. Яғни, жаздың аптабында ыстық кірмейді. Сондықтан ішкі жағы да қоңыр салқын. Ішкі қабырғасы кірпіштен өрілген. Үнемі бір салқындықты сақтап тұрады.

АҚЫН ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ КЕСЕНЕСІ



Шортанбай Қанайұлы (1818-1881) – XIX ғасырда өз дәуірінің шыңдығын бүге-шігесіне дейін көрсете білген бірден-бір ақын. Ақын 1818 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Түркістан ауданының Қаратау бойында туып, Қарағанды облысы Шет ауданында 1881 жылы қайтыс болған.

Шортанбай ақын – әдебиетіміздегі «Зар заман» деп аталатын әйгілі кезеңнің ірі өкілдерінің бірі. Ол бүкіл саналы өмірі мен бойындағы ақындық асыл дарынын туған халқының отаршылдық езгідегі ауыр халін, оның ертеңгі болашағының мән-жайын тырылауға арнады, өзі куә болып отырған заманның кесел-мерездерін өзгелерден бұрын сезініп, соны аяусыз әшкере-леуге аянша атсалысты. Ақын белгілі бір ортаңқы немесе аймақтың ғана емес, барша халықтың мұң-мұқтажын толғады, көптің жоқтаушысы болды. Шортанбай кесенесі жоспары бойынша дөңгелек, күмбезді болып келеді. Күмбезді ішінен ағаш діңгектермен бекітілген. Сондай-ақ ағаш діңгек ерсік тіпті маңдайшасын да бекітіп тұр. Камераның ішінде, бұрыштарында арқа тәріздіес қуыстар бар.

Шортанбай Қанайұлы кесенесі Ақсу-Аюлы ауылынан оңтүстік-батыс бағытта орналасқан.

АҒЫБАЙ ҚОҢЫРБАЙҰЛЫ КЕСЕНЕСІ



Ағыбай қоңырбайұлы кесенесі – XIX ғ. сақталған сәулет өнері ескерткіші. Кесене Бетпақдаланың солтүстік-шығысындағы Тайатқан-Шұнақ тауының маңайында, Босаға өзенінің аңғарында орналасқан.

Ағыбай батыр кесенесі шаршы түрінде салынған, бір бөлмелі күмбезді кесене. Сыртқы бұрыштары қосар мұнаралармен өрнектеліп, күмбезді өріліп шығарылған. Ілкіде ұшар басына Ағыбай батырдың самаурыны қойылған. Кіретін бөлігі жеңіл ағашпен айван үлгісінде жабылып, оңтүстіктен шығарылған. Бөлменің ішкі бұрыштарындағы ширек бағаналар күмбезді шеңберімен бірігіп кеткен. Бөлменің төменгі жағы ақ түсті, жоғарғы жағы сарғыш түсті өкпен әктелген. Кесене ішінде 12 мәйіт бар. Ағыбай батырдың сағанасы бөл-менің түпкірінде солтүстік-батыс бұрыштан екінші орында жатыр.

Ағыбай Қоңырбайұлы (1802– 1885) – Кенесары Қасымұлының Ресей отаршылдығына қарсы көтеріліс басшыларының бірі, қолбасшы. Ағыбай батыр Ұлытау тауының етегіндегі ауылда дүниеге келген. Патша әскерімен шайқастарда ұтымды әдіс-айла, тосын тапқырлық қолдану арқасында әрдайым жеңіске жетіп, жорықта үнемі жолы болатындықтан ол «Ақжолтай батыр» атанды. Халық арасында оны руын көрсетіп, Шұбыртпалы Ағыбай деп те атаған. Батырдың сарбаз-дары дұшпанға «Ағыбайлап» шабатын болған.

Ағыбай батыр бастаған қол 1826-1849 жж. Ресей әскерлерімен бет-бет шайқасып, бірнеше рет күйрете соққы берген. Ресей империясының Қазақстандағы тірек-орталықтары – Қарқаралы, Ақтау, Ақмола, Екатеринбург бекіністеріне шабуыл жасап, патша әскерлерін ыргыз, Тобыл өзендері бойындағы ұрыстарда, Қызылжар, Көкшетау шайқастарында тас-талқан етіп жөңген. Кейінірек, 1849 ж. дейін Ресей үкіметінің қамалдарына өз бетінше шабуылдар жасаған. Ағыбай батыр қайтыс болғанда патша өкімілігі оның денесін Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерлеуге рұқсат бермеген.

Кенесарының бас батыры Ағыбайдың өмір жолы қазақ тарихшылары мен қаламгерлерінің шығармаларына арқау болған. XIX ғ. аяғында «Ағыбай батыр» қисасы шықты. А.Нысанбай жыраудың «Наурызбай-Жаншайым» жырының, І. Есенберлиннің «Қаһар» романының бас кейіпкері.

МЕЙРАМ ЖАНАЙДАРҰЛЫ КЕСЕНЕСІ ЖӘНЕ ЖАНАЙДАР БАТЫР СӘУЛЕТТІК КЕШЕНІ



Мейрам қажы Жанайдарұлы (1826-1921 жж.) бұрынғы Ақмола облысы Атбасар уезінде (қазіргі Қарағанды облысы Ұлытау ауданы) Терісаққан ауылында туып өскен.

Мейрам қажы жастайынан әкесінің орнын басып, Атбасар ауылында «Төртуыл-Тоқтауыл-Алтай» болысында басшы болып сайланды. Ел арасында беделді басшы болып, болыстыққа бірнеше рет сайланған. 1866 жылы Мейрам Жанайдарұлы ел басқарумен қатар, ұлттың саяси-мәдени дамуы үшін көп қызмет жасаған. Әкесі Жанайдар Орынбайұлы Кенесары ханның хас батыр қолбасшыларының бірі болған.

Мейрам Жанайдарұлы 1876 жылы Санкт-Петербургте өткен үшінші Халықаралық ориенталистер конгресіне қатысып, көрмеде қазақ бұйымдарының үлкен жинағын көрсетеді. Оның толық тізімі мұрағатта сақталған. Мейрам атамның кейбір заттары Париждегі көрмеге қойылған. Сондай-ақ, жылқы тұқымын асылдандыруға қосқан үлесі үшін сегіз рет Батыс Сібір әскери генерал-губернаторының жұлдесіне ие болып, 1891жылғы көрмедегі ат жарыста бірінші орынды болашақ император екінші Николайдың өз қолынан алған.

Кесене Ұлытау ауданы Терісаққан ауылында орналасқан.

ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ



1905 жылдың маусымында Қарқаралы қаласына жақын жердегі Қоянды (Ботов) жәрмеңкесінде қазақ халқының атынан император ІІ Николайға арналған петиция ұйымдастырылды. Оған Семей облысына қарасты Қарқаралы уезінен халық арасында беделді 42 қазақ қол қойды. Кейінірек оған Семей және Ақмола облыстарының басқа да уездеріндегі қазақтар қосылды. Петиция Қарқаралы қаласынан жіберілген еді. Ол жерден 1905 жылғы 22 шілде күні жергілікті пошта-телеграф арқылы патшаның өз атына жолданды. Петицияны жазуға белгілі саяси қайраткерлер Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Ақбаев, Т. Нұркенов, т.б. белсене атсалысты.

Қоянды петициясында өлкені өкімілік басқару жүйесін қайта қарау, азаматтық және сот ісін қазақ тілінде жүргізуді заңды түрде бекіту, отаршыл аппарат шенеуніктерін қысқарту, жоғары билік органдары мен мемлекеттік Думаға қазақ депутаттарын сайлауға қатыстыру талаптары қойылды. Онда мынадай жолдар бар еді: «Мал бағумен айналысқаны үшін қырғыздар сайлау құқығынан неге айырылуы тиіс? Сауда-саттықпен, өгішлікпен, балық аулаумен және басқа да кәсіптің түрлерімен айналысушылар сайлау құқығынан айырылып отырған жоқ қой!»

Қарқаралы петициясында жергілікті халықтың құқығы мен абыройын аяқ асты етуге жол бермеу, патша өкімдерінің жүргендігіне тыйым салу, халықтың ана тілінде білім алуын ұйымдастыру, қоныстандыру саясатын тоқтату, тартып алынған жерлерді қазақтарға қайтару сияқты талаптар да қойылды.

ҚАРА ТӨБЕ (МАМОЧКИНО) ҚОРЫМЫ

Зират Карлагтың құрылымдық бөлімшесі – орталық далатану бөлімінің аумағында болған. Оған жақын маңда перзентхана орналасқан. Карлаг жұмыс істеген 28 жылда лагерь аумағында қанша бала дүниеге келгені және олардың қаншасы өлгені де белгісіз.

Орталық далатану бөлімі «Аналар» үйі деп те аталған, өйткені оның аумағында өне-міне босанайын деп отырған және жаңа босанған тұтқын әйелдер тұрды. Балалар үш-төрт жасқа толғанға ананың қасында болған, сәл есейген уақыттарында Карлагтың аумағындағы Компаней, Литвинов, Осаков жеріне Бесоба балалар үйіне жіберіліп отырған.

Мамочкино моласында ауырып өлген балалар жерленген. Ауырып арып-ашқан, көтерем болған аналардан сүт те шықпаған. Мерзімі жетіп отырған әйелдер босанарынан екі апта бұрын ғана жұмыстан босатылатын. Босанған соң бірден қара жұмысқа шығып кетіп, күніне екі-үш рет қана баласын емізуге келіп-кетіп жүрген.

Балалар арасында өлім-жітім көп еді. Кей деректерге сүйенсек, қыстың аязында тоң жерді қаза мүмкін болмаған соң, сөбілерді ешкім жерлемейтін. Жаңа туған нәрестелердің өлі денесін ұлкен бөшкеге салып жинап, ол толғанда сол қүйі ортақ шұңқырға көміп отырған.

Қорым Абай ауданы Долинка кентінде орналасқан.

ҚАЛМАНБАЙ САҒАНАСЫ



Қалманбай сағанасы – 36 жыл үздіксіз болыс болған Қалманбай ақынға арналған ескерткіш. Ұлытау ауданына қарасты Борсеңгір ауылының Сымтас деген жерінде орналасқан. Ел аузындағы тарихи аңыздар бойынша, кесененің салынуы 1857-1862 жж. шамасында болса керек. 2005 ж. экспедициялық зерттеу жұмыстары барысында Қалманбай сағанасы да мемлекеттік қорғау тізіміне алынып, арнайы төлжұжаты жасалды.

Қалманбай Байдәулетұлы (1860- 1917) – атақты батыр, азулы би, болыс, болған адам. Орынбор мен Омбыда оқыған әкесі Байдәулет Сарысу өзені бойындағы Сымтас деген жерден 12 отбасылық қызыл үй мен мешіт салдыртқан. Шетелден шеберлер әкеліп, сағана, тоған жасатқан. Омбыдағы оқуын аяқтай алмай, атасы Құлыбектің көзі тиіп, 25 жасында ауырмай-сырмамай қай-тыс болған екен. Қалманбай одан 1,5-2 жас шамасында қалыпты. Қалманбайдың батырлығы жайында ел аузында сақталған әңгімелерді галым Қ.Сәтбаев қағаз бетіне түсіріп алған екен. Ол асқан ерлік көрсетіп, жауға қырғанда тиген. Әділеттің сара жолынан ешқайда ауытқымаған, төрелік жасаса турасын айтқан Қалманбайдың ел арасындағы дау-дамайды шешкенде айтқандары ел арасында күні кешеге дейін айтылып келді.

Қалманбайдың батыр, болыстықтан басқа бір қыры – ақындығы. Оның атақты «Сәтбек батыр» қиссасын Бағаналы жұрты жатқа айтатын. Қалманбайдың қазақтың шешендік өнерінде қалдырған «Қожа Мансур», «Назымбек» деген шығармалары да күні бүгінге дейін жеткен.

БЕКМЕТОВТЕР ҮЙІ (АБАЙ ТОҚТАҒАН ҮЙ)



Қарқаралы жері – талай ғұлама ғалымдарының ізі қалған қасиетті мекен. Қарқаралы тарихын айтсақ, мешітті айтпай кетуге болмайды, мешітті айтсақ, Құнанбаймен байланыстырамыз. Құнанбайды айтсақ, Абай туралы ой қозғаймыз. Осы екі ұғымды тығыз байланыстырып тұрған тағы бір тарихи дерек – Қарқаралыда Абай тоқтаған үйі.

Бұл үй – XIX ғасырда Қарқаралыда өмір сүрген Халиолла Бекметов деген татар көпесінің үйі. Ол сауда-саттық және әртүрлі кәсіппен шұғылданып, мол дәулет жинаған. Халиолла өзі өмір сүрген кезде Қарқаралыда белді-беделді адамдардың бірі болды. Ағарту саласы мен дін мәселелеріне баса назар аударып, мешіт, медресе үйлерін салдырып, осы аймақта кен көздерін ашуға өзінше үлес қосты.

Х. Бекметов Абайдың әкесі Құнанбаймен сыйлас болып жақын араласып тұрған. 1848-1850 жылдары Абай Қарқаралыға келгенде осы Х. Бекметовтің үйіне түсіп жүрген. Бүгінгі күні бұл үй қайтадан күрделі жөндеуден өтіп, бұрынғы қалпына келтірілді. Қазіргі күні мұнда Қарқаралы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі жұмыс жасап отыр.

Бекметовтер үйі Қарқаралы қаласында орналасқан.

КЕЙКІ БАТЫР ҮҢГІРІ



Кейкінің азан шақырылып қойған шын есімі – Нұрмағамбет. Оның Кейкі атануының сыры – жасынан аңқұс аулап, кісіге онша жоламай, бір түрлі кейкііп жапан далада жалғыз жүргендігінен. Кейкі балуан денелі, түсі суық, біртөктей, қайсар. Арқа, Торғай даласын жатқа білген, күн райын алдын ала дәл болжаған адам болған деп сипаттайды көзін көрген қариялар. Сонымен қатар қолына Құран ұстап, намаз оқыған. Ел тарихында Кейкінің құралайды көзге атқан деп сипаттайтын ғажайып қолмергендігі ақиқаттан шығып, аңызға айналдып кеткен.

Халық арасында «Аманкелді көз мерген, Кейкі қол мерген еді» деген сөз айтылады. Мұның сыры – Аманкелді сардар қай нысананы да көздеп атқан және кездегенін ешқашан мүлт жібермеген болса, Кейкі кез келген нысананы атпен шауып та, жауу жүргіріп келе жатып та шалпаң атып түсіре беретін нағыз мергеннің өзі болған.

Кейкі үңгірі – халық батыры Кейкі жасырынған жер атауы. Сайын дала төсінде саяқтай қашып жүрген батырдың жасырынған тау қуысы Қарағанды облысының Ұлытау ауданындағы Қорғасын ауылынан жеті шақырым жерде тұр. «Мақат сахнасына» екі шақырым. Үңгір – Қараторғай өзенінің өкі бетіндегі биік таудың жақпырында орналасқан.

Кейкі үңгіріне жергілікті халық белгі орнатқан. Белгінің бетіндегі гранит тасқа:

Ел емес пе ек, батыр ортақ дейтуғын,
Ерлер өткен елдің қамын жейтуғын.
Ей, жолаушы, аттан түсіп, тағзым ет,
Үңгірі бұл Көкжал – Құлан – Кейкінің! – деген бір ауыз сөз жазылыпты.
Бұл белгі де Кейкі үңгірінің қасиетті екендігін білдіреді.

АЙРАНБАЙ КЕСЕНЕСІ



Айранбай кесенесі – XIX ғ. ІІ жартысында қаланған ерекше діни-ғұрыптық құрылыс. Кеңіргі өзенінің оң жағында Малшыбай Алғабас тас жолының бойында орналасқан.

Айранбай күмбезі (Айранбайтам, Бескүмбез) – шамамен 1870 ж. шикі кірпіштен қаланып, іші-сырты күйдірілген қышпен қапталған. Бескүмбезді кесененің жобасы ерекше, айғыш тәрізді пішініне сәйкес төрт жарты сфералы күмбезбен жабылып, солардың үстіне үлкен күмбез орналасқан. Құрылыс өрнегі аса күрделі емес, айналдыра белдеу тартылған. Алдыңғы жағы басқаларынан биік, еңселі. Кіретін есік адам бойынан биік, шығыңқы портікпен әшекейленген. Кіребет маңдайшасында арабша жазуы бар. Айранбай күмбезі – республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері тізіміне енгізілген.


Айранбай Құлшықұлы (1803 – ө.ж.б.) – елге танымал би, қоғам қайраткері. Деректерге қарағанда, 1856 ж. 3 тамызда халықтың таңдауымен Қарабала Төртқара Сарғалдақ болыстығына басқарушы етіп тағайындалған. Атбасар округі ашылғанда өз болысымен соның құрамына қосылған. 1865 ж. Атбасар округінің жоғарғы өкімілігінен сыйлық алған қазақтардың тізімінде 3-ші болып көрсетіліп, құміс медальмен және грамотамен марапатталғаны айтылған.

Айранбай кесенесі сәулеткерлік құрылымы жағынан қайталанбас ескерткіш болып табылады. Өңірге танымал тұлғаның кесенесіне зиярат өткен жолаушылар қысы-жазы толастамайды.

«Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары»

КІСІЛІГІ БИІК БОЛАТЫН

«Мақұлбек Рысдәулет өмірден өтті» деген сырт та суық хабар қарашаның ызғарынан бетер бойымызды қарып, жанымызды жанып, жабырқатып жіберді. Өткен аптада ғана Қарағанды аймағы халқының қабырғасын қайыстырған қазаның қайғысына ортақтасып, қайраткер қаламгер Мағауия әріптесімізді ақтық сапарға шығарып салған кезде Жамбыл жақтан келген азаматтардан Мақұлбек аман-саулығын естіп көңілді бір сәт марқайған едік. «Өмірдің соңы – өкініш» деген осы ма?! Енді міне, жетпісін атап өтіп желпініп жүрген шағында Мақұлбек да келместік кемесіне мініп кете барыпты...



Көз алдымыздан қимас азаматпен бірге өткізген шуақты күндер мен жылыстаған жылдар ау етіп өте шыққандай болды. Ол облыстық газетті өрге сүйреп жүрген жазғыш журналистердің бірі ретінде Жезқазған-Ұлытау өңіріне жақсы танымал болатын. Мақұлбек облыстық «Жезқазған туы» газетінің партия тұрмысы бөлімінің меңгерушілігінен 1985 жылы екі жылдық партия мектебіне оқуға аттанғанда орны маған бұйырған еді. Бұрын да талай аралас-құралас болып жүрген ол содан кезіккен сайын маған өзінің басты бөлімдегі жұмыс әдістерінің сырын айтып, жақсы жағынан көрінуіне тілекші болып жүрді. Сол заманның мәртебелі мектебін бітіріп кел-

ген соң жауапты хатшылыққа тағайындалды. Әдетте, редакцияда жауапты хатшыны «штаб басышысы» деп айтатын үрдіс болыпты. Дікендеп жүретін жаухатшыны да көргенбіз. Мақұлбек тарапынан ешкімге ондай қыса-

стық болған емес. Адамгершілігі мол кісілік қасиеті биік болатын. Өзінің кеңқолтық мінезімен қайта қатардағы қызметкерлерді бауырына тартып, өркімнің қабілет-қарымына орай тақырыптар ұсынып, «соны жазып

көрсейші» деп достық рәуіштегі пейілін көп білдіретін. Өзі көбінесе жолбасшылық танытып, толғандырар күрделі тақырыптарға батыл қалам тартатын. Одақ ыдырап, Тәуелсіздіктің алаң-пелең шағында әркім әржаққа кеткенде, Мақұлбек туған өңіріне қарай бет түзеді. Қимастықпен шығарып салдық. Алайда, ол үшін жалынды жастық шағы өткен Жезқазған өңірінің орны ерекше еді. Сағынып келіп жүрді.

Сол кіршіксіз көңілін өткен жылдың қыркүйек айында тағы бір келгенінде қапысыз көрсетіп, біраз әріптестерімен бас қосқанын. Сағыныштың сартабын тарқатысып, шырайлы әңгіме құрдық. Аяулы жары Дәметкеннен айрылып қалғанын айтқанда көзалды кіреуекеленіп, көңілі босай берген еді. Дәметкен біздің елдің қызы болған соң «жездей» деп әзілдесетініміз де бар-тын. Өмірлік жарынан айрылудың жанына қатты батқанын аңғардық. Қаламымен сырласып, қаламымен мұңдасып біраз дүниелер жазып жүр екен. Аман не. Енді міне, асыл жарымен қауышуға асыққандай, өзі де бұл фәниді тәрк етіпті. Тағдырдың жазуы болар. Алла алдынан жарылқасын дейміз. Бақұл бол, қадірлі Мақа!

Амандық РАХУЛЫ, Қазақстанның Құрметті журналисі

Мақұлбек Қайыпбекұлы РЫСДӘУЛЕТ

1949-2019



Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Saryarqa» газеті заңды мұрагері саналатын «Жезқазған туы» облыстық газетінің негізін қалаушылардың бірі, аға әріптесіміз Мақұлбек Рысдәулет дүниеден озды деген қаралы хабарды қайғырып қабылдадық. Мақұлбек бұл ғана жетпіс жасқа толып, жазда ағайын-туыс, дос-жаранның басын қосып, той жасаған еді...

Мақұлбек Қайыпбекұлы Рысдәулет 1949 жылы 20 мамырда Жамбыл облысы Жуалы ауданының Бақалы ауылында дүниеге келді. 1973 жылы Қазақстанның Қ. Киров атындағы Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін тәмамдаған соң сол жылы жаңадан құрылған Жезқазған облысының «Жезқазған туы» газетіне жолдамамен келіп, осы газетте 1992 жылға дейін қызмет етті. Қатардағы тілшіден жауапты хатшылыққа дейінгі сатылардан өтті.

Кейін туған өлкесі Жамбыл облысына қоныс аударып, «Халық кеңесі», «Заң», «Егемен Қазақстан» газеттерінің Жамбыл облысындағы мәжіліс депутаты болды. Жамбыл облыстық «Ақжол» газеті мен облыстық мемлекеттік архивті басқарды.

Жиырма жылға жуық Жезқазғанда қызмет еткен жылдары Мақұлбек Рысдәулет өңірдегі өзекті мәселелерді көтеріп, қалам қуатын көптің игілігіне жұмсады. Аймақтағы талай кен қопарған кәсіпкердің, мыс бұлағын ағызған металлургияның, ауылшаруашылығының, басқа да сала үздіктерінің еңбек жолы, кісілік келбетін арқау еткен мақалалары мен очерктері Арқа журналистикасының алтын қоры десек болады. Мақұлбек «Мәңгілік ерлік», «Ерлік ұмтылмайды», «Жазықсыз жазаланғандар», «Тәуелсіздік-туымсыз», «Тарих тамырлары», «Ескерткіштер – ел тарихы», «Жамбыл облысы: 1939 жыл», «Жамбыл облысы – 75 жыл: жылнама-шежіресі», «Қазақ хандығы – елдіктің бастауы», «Жасампаз 25 жыл», «Майдан хаттары», «Солдат жары», «Конфискация» деген атаулармен кітап болып шықты. «Жұлдыздардың жарығы», «Күміс белдік», «Желсаз», «Жұлдызды өмір», «Ту ұстаушы», «Құс жолы», «Бақатерек», «Әбдір Сағынтаев» кітаптарына енген көркем шығармалары – оқырмандарына жасаған тартуы.

Оның қазақтың біртуар азаматы, көрнекті ғалым, қайраткер Қаныш Сәтбаев туралы деректі повесі Қазақстан Жазушылар одағы мен «Қазақмыс» корпорациясының Қарсақбай мыс қорыту зауытының 80 жылдығына орай жариялаған конкурстың проза жанры бойынша бас байғесіне ие болған еді.

Туған өлкесіне сіңірген еңбегі елеусіз қалмады. Талас ауданының Құрметті азаматы атанды. Халық санының өсуі үшін ана мен баланы аялай отырып, оларға қамқорлықты мемлекет тарапынан күшейту жөніндегі проблемалық мақаласы да ұзақ уақыт ел талқысына түсті. Ол жеті бала туған анаға «Алтын алқа», бес бала туғана «Күміс алқа» беру туралы нақты ұсыныс жасады. «Егеменнің» сол ұсынысы кезінде Үкіметке жіберіліп, Елбасының қолдауымен бұл іс баянды болды.

Мақұлбек Рысдәулет өмірінің соңына дейін қоғамдық қимыстардан қол үзбеді. Облыстық ақпараттық-насихат тобының, облыстық онаматика комиссиясының мүшесі ретінде әрдайым жұртшылықтың ортасынан табылды.

Қабырғамызды қайыстырған ауыр қазаға орай марқұмның отбасына, барша әріптестерге қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз. Үлкенге ізетті іні, кішіге қамқор аға бола білген, ортасы «Қаламың қарагері» атаған Мақұлбек Рысдәулеттің есімі біздің жадымызда мәңгі сақталады.

Қ. Орынбетов, А. Үсенов, Б.Әбеу, Б. Мырзабеков, К. Еңсебаев, М. Машайұқылы, И. Бекмаханұлы, А. Рахұлы, Ш. Ибадатулы, Ә. Әбдіраш, Б. Әулеханұлы, Т. Асанов, А. Дастанов, С. Смағұл, Б. Еркебұланова, С. Жантұрып, Г. Ахтамберлина, Б. Жолдыбаева, С. Нүркененова, О. Қасанбекова, Б. Үсенова, С. Маханбетова, М. Үсенова, Д. Мұхан

ҚОШ БОЛ, ҚАЛАМ ҚАЙРАТКЕРІ!

Қаратау жақтан қайғылы хабар жетті. Мақұлбек Рысдәулет дүниеден озды. Ауыр қаза жүректі тіліп кетті. Ар-стай азамат еді... Ер тұлғалы, жауырыны қақпақтай, еңсегей бойлы батыр тұлғасы көз алдыма келді. Киноға түссе, ешқандай бояу мен өлеңшілік кергеі жоқтай көрінетін. Қолына найза ұстатса нағыз батыр болатын тұлға еді. Бірақ, ол журналист, жазушы, қалам қайраткері ғой. Аз жазатын, бірақ, саз жазатын. Жазған дүниелерінің бәрін білдей болмаса да, респуликалық басшыларға ара-тұра беріп тұратын. Ол тараздық болып кеткелі, сол жақта екен Алматыда бір-екі рет жүздеудің сәтті түскен-ді. Өте жақын араласпасақта, оның адамгершілігі мен парасаты жоғары азамат екендігін жақсы білетіміз.

Жетпіс жылдығына арнайы шақырған. Шетелде емделуде болып, барудың сәті түспеді. Ең өкініштісі – осы. Содан кейін қазалы болғанын естідік. Мен Мақұлбек әріптесімді 1988 жылдан білемін. Торғай облысы жабылып, облыстық «Жезқазған туы» (қазіргі «Saryarqa») газетіне қызметке келгенімде ол осында жауапты хатшы болып істейді екен. Етене жақын танысып кеттік. Сол кездің өзінде ол өзін қарымды қаламгер ретінде көрсетіп жүрді. Азаматтығы мен қайраткерлігі қатар көрінгені әлі есімде. Біріміз де Сабыр Сауытбаевтың шекпенінен шыққанымыз рас қой. Сол кезден жылы тілпат иесі атанған Мақұлбек жақсы қасиеттері туралы көп айтуға болады. Күні кеше ғана Қарағандыға барып, Мағауия досымызды ақтық сапарға шығарып келген едік. Қарашаның суы жақпады. Тымаураты қалыппын. Қос Мақұлбек қазасы қабағамызды күйретіп кетті. Ажалға не шара?

Досымыз Ғалым Жайлыбай Таразға бара жатқанын айтты. Қайтейік, Мақұлбек марқұмның иманы саламат, алды жарық болсын. Отбасына, балалары, туыстары мен достарына бүкіл жұртына көңіл-қосымды айтамын. Бақұл бол, Мақа!

Ибрагим БЕКМАХАНҰЛЫ, ақын, журналист Алматы қаласы

«СЕНДЕРДІ САҒЫНЫП ЖҮРЕМІН»

Тараз қаласына барған кезімізде Мақұлбек ағаның ауызынан осы сөзді жиі естуші едік. Жезқазғандықтардың бәрін сұрап, сөлем жолдап жататын. «Ұлытау-Жезқазғанның жері – киелі, адамдары – асыл. Дәметкен екеуіміз сол жерде еңбек жолымызды бастадық. Балаларымыз өмірге келді. Шынымы айтсам, сағынамын», – деп көзіне жас та алатын. Соның әзілге айналдырып жуып-шайғаныммен ағаның тұлға бойы сағыншы ірімідерінен тұратындай көрінетін. Міне, қатал тағдыр бізді енді Мақұлбек аға жайлы өткен шақта сөйлеп, сағынышпен еске алуға мәжбүр етіп отыр.

«Әй, бала!» деп зілсіз әзілімен түйреп,өктем сөйлеп, артына жаймашуақтанып, кең даладай аңқылдаған көңілімен ортаны баурап алатын ағаның ашық мінезі, батыр тұлғалы болмыс-бітімі көз алдымызға келе береді. Студент кезінде «Қыз Жібек» фильміне батырлардың бірінің образын сомдағанын біреу білсе, біреу білмес. Киноға шақырушылар да болған екен. Алайда, қолына қалам ұстауды мақсат еткен Мақұлбек Қайыпбекұлы жылдар жылжи келе қарымды журналист-жазушы ретінде елге танылды.

Облыстық «Жезқазған туы» газетінде жары Дәметкен Ахметова екеуі біраз жыл бірге қызмет етті. Дәметкен кейін қалалық партия комитетіне қызметке ауысты. Бір-бірін «Мәке» «Дәм» деп еркелетіп, үнемі қол ұстасып жүретін олардың сыйластығы бізге үлгі болатын. Қонақжай отбасынан қонақ та арылмайтын. Араға жиырма жыл салып Мақұлбек аға туған ауылы Жамбыл облысы Жуалы ауданына қоныс аударды. «Халық кеңесі», «Заң», «Егемен Қазақстан» газеттерінің Жамбыл облысындағы мәжіліс тілшісі, Жамбыл облыстық «Ақжол» газетінің бас редакторы, облыстық мұрағат директоры қызметтерін атқарды.

Тараз қаласына барғанда Мақұлбек ағаның отбасына соғып, сөлем беріп шығуды парызым санаймыз. Өйткені, Мақұлбек аға күйеуімді інім десе, Дәметкен мені сіңілім дейтін, сыйласатынбыз. Қонақжай жандар сөлем бере барған жезқазғандықтарды күшәқ жая қарсы алып, «төркініміз келді» деп сол жердің бетке ұстарларын да дәмге шақыратын. Кетерде қимай қоштасып қала беруші еді.

Өмір айдынында қос аққудай қырық жылдан артық қатар жүзген сынырынан айырылу Мақұлбек ағаға оңай болған жоқ. Дәметкеннің кітаптарын шығарып, көңіліне демеу тұтты. Балаларын, нөмерелерін алдыны етті. Бірер күн бұрын Мақұлбек аға тұнғи сағат он бірдің шамасында ұялы телефоннан қоңырау шалды. Амандық-саулық сұрастық. «Аға, денсаулығыңыз қалай? Жұмыс істеп жатырсыз ба?» дедім. «Бәрі жақсы. Мұрағатта жұмыс істеп жатырмын. Шынымы айтсам, жазу жазып жатырмын. Материал жетеді. Мұрағатта екен халқымының өткені мен өшкені» дей келіп, «Сағынқұл, Дәметкен жайлы жазған мақалаң жақсы екен. Курстастарым шығарып жатқан кітапқа рұқсат етсең енгізейін» деп өтініш білдірді. «Қарсылық жоқ, аға, Дәметкеннің аруағы ата-баба, туған жер рухы мен киесі сендерді қорғап, қолдап жүрсін» деп батасын берді. Соңғы қоштасу сөзі екенін кім білген...

Тараз қаласындағы ең үлкен даңғылдың бірі Тәуке хан есімімен аталады. Сол даңғылдың бойына сүйген жары Дәметкен екеуі өз қолдарымен тұрғызған екі қабатты зәулім үйден қолұстасып шығатын асыл жандардың бейнесі есімізде мәңгі сақталады. Жатқан жерлеріңіз жайлы, жандарыңыз жәнната болсын.

Сағынқұл ЖАНТУРИНА, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

ҚАМҚОРЛЫҒЫ ЕРЕКШЕ ЕДІ

Қайран асыл жездемді-ай, Сенен айрылып қалдық деген суық хабарды естігенде Дәметкен аламыз екеуіміздің жарқылдап, жайнақ қағып жүретін кездеріңіз көз алдыма келе қалды. «Жезқазған туы» («Сарыарқа») облыстық газетінің редакциясындағы әріптестер арасында Мақұлбек Рысдәулетов пен Дәметкен Ахметова екеуінің орны бөлек еді. Бірін-бірі толықтырып тұратын ерлі-зайыпты екеуінен төңірегіне жылылық төгіліп тұрушы еді. Қасындағыларға қамқорлықтары ерекше болатын. Жақсылық жасауға ұмтылып тұрушы еді-ау екеуі де. Енді бүгін міне екеуі де арамызда жоқ.

Бізге, редакциядағы қыздар Бақыт Еркебұланова, Гүлбаршын Ахтамберлина, мен үшеуімізге: «Әй, сендер, үшеуің Дәметкеннің сіңілісіңдер ғой. Балдыздарым болғандықтан ойынағандым, әзілдегімізді көңілдеріңе алмауларың керек» деп отыратын. Біз – балдыз, Сіз – жезде болып сыйласушы едік, еркелейтінміз де бар еді. Дәметкен аламыздың соңынан келместік кемесіне мініп, кете бардыңыз.

Қош, асыл азамат. Алдың пейіш, артың көңіл болсын!

Сара СМАҒҰЛ, ақын, журналист Жезқазған қаласы

Шерағаңның сенімді серігі едің...

Мақа дедім, Мақұлбек, маңғаз едің, Алтын сапты ақберен алмас едің. Шерағаңның сенімді серігі едің, Жыр дүлділі Жамбылдың жалғасы едің.

Суық хабар бәлімді майыстырды, Жете алмадым, аса алмай алыс қырды. Аты жаман ауруды жеңгенімнен, Дәметкеннің қайғысы қайыстырды.

Керім едің, ақылды көмеңгерім, Кісіліктің келбетін сенен көрдім. Қатарына көп еді қамқорлығың, Қасында жүрдің жақсы дегендердің.

Тірлік мынау – бермейтін сыртқа сырын, Сездірмедім салмағын сырқатыңды. Бір-ақ сәтте көзді ашып-жұмғандай-ақ, Тоқтап қапты дем алыс, тіл қатуың.

Кең иықты, кеуделі, көркем едің, –Ұлытауға арнап бір келсем, – дедің. Жезқазғанды сағынып жүрмін дөуші ең, Сағынышың басылмай кетті-ау сенің.

Бақұл енді, бақұл бол бақұл дедім, Гүлге орған тербетісін жасыл бөлің. Тосып жатқан шығар-ау Дәметкенің, Пейште бол маңғазым, Мақұлбекім!

Өртеп барады өкініш өзегімді, Бірге жүрген күндерді көрем ізгі. – Бізде бір күн кетерміз, – дейтін едің, Күтіп жүрген жаңдай бір кезегімді.

Батырбек МЫРЗАБЕКОВ, Қазақстанның Құрметті журналисі

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

III РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИМАМДАР ФОРУМЫНЫҢ ҮНДЕУІ



2019 жылғы 23 қазанда Елордада өткен III республикалық имамдар форумы өтті. Форумға мемлекет, қоғам және дін қайраткерлері, ҚМДБ Ғұламалар кеңесінің мүшелері, телолог-ғалымдар және Діни басқармалық 500 имамы қатысты. Форум соңында жиынға қатысушылардың Үндеуі жарияланды. Үндеу мәтіні төмендегідей:

«Біз, дін, мемлекет және қоғам қайраткерлері, «Рухани құндылықтар – қоғам бірлігінің негізі» атты III республикалық имамдар форумына қатысушылар «Қазақстан мұсылмандары Рухани Тұғынамасы» құжатын қолдай отырып, халықты имандылыққа, отаншылдыққа, жан-жақты білім алуға, еңбекқорлыққа, ауызбіршілікке, әділдікке үндейміз.

Имандылық – адамның амалын көркемдейтін рухани жол. Ол – адам бойындағы ізгіліктің көрінісі. «Отанды сүйу – иманнан» деген аталы сөз бар. Отаншылдық – Отанға, туған еліне, оның тіліне, туып өскен жеріне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген құрметтен бастау алады. Отаншылдықтың мәйегі – ұлтты сүйу. Барша азаматты еліміздің игілігі үшін адал қызмет етуге шақырамыз.

Білім алу, сауат ашу – Ислам дінінің ең басты талабы. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Білім алу – әрбір мұсылманға (ер мен әйелге) парыз», – деген. Мемлекетті құраушы азаматтарды бәсекеге қабілетті болу үшін үздіксіз дамып, әрдайым өзін жетілдіріп отыруға үндейміз.

Отанға қызмет етіп, білім алу, өзін-өзі дамыту тұрақтылықтың негізінде жүзеге асады. Болашағымыздың жарқын болуы бүгінгі бірлігімізге тікелей байланысты. Шарғатта гибадат істермен қатар адал кәсіп, отбасы, қоғам алдындағы жауапкершілік секілді дүние істері бірге жүреді. Өйткені, Ислам – дүние мен ақырет тізгінін тең ұстаған дін. Біз Қазақстан мұсылмандарын дүние ісі мен құлшылық-гибадатты құстық қос қанатындай тең ұстауға үндейміз.

Қоғамдық ортада мәдениетті болу, өзін ұстай білу, үлкендерді сыйлау, оларға құрмет көрсету, сәлемдесеу, сыйбалықты таныту – рухани байлықтың көрінісі. Барша азаматты мәдениетті болуға шақырамыз.

Ал әділдік – ізгіліктің өзегі. Әділдік жоқ жерде береке болмайды. Алла Тағала әрбір жаратылысты өз өлшемімен әділ жаратқан. Қоғамда замандықтың жолын бөгейтін күш ол – әділдік. Әділдіктің салтанат құруымен ғана қоғам өркендейді. Әр адамды әділдікті өз өмірінен бастап, одан кейін оны отбасылық, қоғамдық деңгейге көтеруге үндейміз.

Жезқазған қаласы, Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің баспасөз қызметі

ИСЛАМ АТЫН ЖАМЫЛҒАН ДЕСТРУКТИВТІ АҒЫМДАР:

негізі мен жалпы сипаттамасы

«Ислам - татулық пен тағаттылықтың, жасампаздық пен жарасымдылықтың діні». Н.Ә. НАЗАРБАЕВ



Дін – мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды фактордың бірі, әрі ішкі тұрақтылықтың кепілі. Талай ғасырлар бойы қазақ халқы Ислам дінін өз бойына сіңіріп, Ислам аясында мың жылдан астам құмыр кешті. Сол кезде Өбу Ханифа мазхабын ұстанған қазақ халқы өз тарихында дін негізіндегі бөлінушіліктерді, қақтығыстарды басынан өткерген жоқ. Шыңдыққа тура қарап келгенде, экстремизм мен ланжестік әрекеттерді белгілі бір үлгімен немесе дінмен байланыстыруға болмайды.

Қазіргі таңда қоғамымызды, адам санасын ұлап жатқан діни ағымдардың саны уақыт өткен сайын көбейіп ағамы. Олардың біз білмейтін талай түрі бар. Сонымен қатар, оның адам санасына, өміріне деген қаншалықты зиян келтіріп жатқанын көптеп естиміз де. Қазір елімізде 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері тату-тәтті тұрып жатыр. Олардың барлығының мақсатымен ортақ мүдделері бір. Алайда, қазіргі басты әрі өзекті мәселелердің бірі жастарды адастырып, тура жолдан тайдырып жүрген кереағар діни ағымдар көбеюде. Соның салдарынан отбасылардың ажырасуы көбейіп, түрлі дінді ұстанудың нәтижесінде отбасыларда ұрыс-кестер орын алып, көптеген бөлінушіліктерге негіз болуда.

Теріс діни ағымға бейімделгіш жандар аңғал, сенгіш келеді. Оларды алдап-арбау, қандай да бір теріс мақсаттарға қолдану дәстүрлі емес діни ұйым көсемдері үшін аса қиын шаруа емес. Себебі жүйкесі, ойлау қабілеті зақымданған адамдар шындық пен өтіріктің арасындағы алшақтықты айыра алмайтындықтан, көсемдерінің айтқанына тез бой алдырып, солардың арбауына түсіп, айтқандарына көнеді. Сондықтан біздер кешегі тарихымызға үніле отырып, болашаққа байламыз бағдар жасауымыз керек. Ол үшін ертенгі ұрпағымызды саналы азамат ретінде қалыптастыру мақсатында оларға осы бастан таухидті, Алланың бірлігін үйре-

туге міндеттіміз. Бірлік – мұсылмандықтағы басты қағидалардың бірі болып саналады. Бұл жөніде Алла Тағала Қасиетті Құранда: «Түп-түгеп Алланың жібінен (дінінен) бекем ұстандар да, бөлінбегендер», – деген. Ал, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) былай дейді: «Ей, адамдар! Естерінде болсын! Раббыларың біреу, ешбір араб араб еместен, араб емес арабтан, ақтың қарадан, қараның ақтан діндарлығынан басқа ешқандай ардықтылығы жоқ. Күмәнді, Алланың алдында ең мәртебелілерің тақуа болғандарың». Алла Тағала Құран Керімде: «Аллаға бағыныңыздар, оның пайғамбарына бағыныңыздар және өз араларыңыздан болған басшыға бағыныңыздар», – деген.

Құран Керімде ел арасында іркі салудың күнәсі адам өлтіргеннің күнәсінен де ауыр, ал бір адам өлтірудің күнәсі жер бетіндегі бүкіл адамзат-



Нұрбол ТАҒАЕВ, Жезқазған қаласы Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіттің бас имамы

18.11.2019

QAZAQSTAN
0 6:05 «Kóñil toɫaɫy» 06:25 «Másele»
07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Шытынаған тағдыр», 12:00 «NIET», 14:00 AQPAPAT, 14:10 «Eriɫ aɫaɫ», 15:00 «Жат мекен», 16:00 «Aɫpa», 16:45 «Balanyú kóñil...», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Kóñil toɫaɫy», 17:30 «EЛДИŇ БАЛАСЫ», 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР», 20:00 AQPAPAT, 20:35 «ASHYUQ ALAN», 21:30 «ЖАТ МЕКЕН», 22:30 «ЕГІЗ ҒҰҒЫР», 23:25 «Қазақ елі», 00:10 AQPAPAT, 00:40 «Niet», 02:10 «Ashyq alaŋ», 03:00 «Жүрекке жол», 04:10 «Balanyú kóñil...».

ХАБАР
0 6:00 «Қызық times», 07:00 «Юху и его друзья», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Кебеңек», 10:45 «Армандастар», 11:15 Тайны. Судьбы. Имена. 12:00 Жаңалықтар. Новости, 12:30 «Менің тағдырым», 13:00 «Татьянина ночь», 14:40 «Разия», 15:00 «Гоғамдық талқылау», 16:00 «Ду-думан», 17:00 «Листопад», 18:30 «Бәсеке 2», 19:30 Қорытынды жаңалықтар, 20:10 Итоги дня, 21:40 «Абдулхамид хан», 22:30 «Кебеңек», 23:20 «Листопад», 00:50 «Төрлетіңіз».

QAZAQSTAN
06:05 «Kóñil toɫaɫy» 06:30 AQPAPAT, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Шытынаған тағдыр», 12:00 «NIET», 14:00 AQPAPAT, 14:10 «Eriɫ ғұмыр», 15:00 «Жат мекен», 16:00 «JAN JYLYY», 16:30 «Aqsayut», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Kóñil toɫaɫy», 17:30 «EЛДИŇ БАЛАСЫ», 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР», 20:00 AQPAPAT, 20:35 «ASHYUQ ALAN», 21:30 «ЖАТ МЕКЕН», 22:30 ТУСАУКЕРлер! «ГАУҺАР», 23:25 «Қазақ елі», 00:10 AQPAPAT, 00:40 «Niet», 02:10 «Ashyq alaŋ», 03:00 «Жүрекке жол», 04:05 «Мәдениет жауһарлары».

ХАБАР
06:00 «Қызық times», 07:00 «Юху и его друзья», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Кебеңек», 10:45 «Армандастар», 11:15 «Абдулхамид хан», 12:00 Жаңалықтар. Новости, 12:30 «Менің тағдырым», 13:00 «Татьянина ночь», 14:40 «Разия», 15:00 «Гоғамдық талқылау», 16:00 «Ду-думан», 17:00 «Листопад», 18:30 «Бәсеке 2», 19:30 Қорытынды жаңалықтар, 20:10 Итоги дня, 21:40 «Абдулхамид хан», 22:30 «Кебеңек», 23:20 «Листопад», 00:50 «Төрлетіңіз».

QAZAQSTAN
0 6:05 «Kóñil toɫaɫy» 06:30 AQPAPAT, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Шытынаған тағдыр», 12:00 «NIET», 14:00 AQPAPAT, 14:10 «Ғауһар», 15:00 «Жат мекен», 16:00 «KEL-BET», 16:30 «МӨДЕНИЕТ ЖАУҺАРЛАРЫ», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Kóñil toɫaɫy», 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР», 20:00 AQPAPAT, 20:35 «ASHYUQ ALAN», 21:30 «ЖАТ МЕКЕН», 22:30 «ГАУҺАР», 23:25 «Қазақ елі», 00:10 AQPAPAT, 00:40 «Niet», 02:10 «Ashyq alaŋ», 03:00 «Жүрекке жол», 04:10 «Aqsayut».

ХАБАР
06:00 «Қызық times», 07:00 «Юху и его друзья», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Кебеңек», 10:45 «Армандастар», 11:15 «Абдулхамид хан», 12:00 Жаңалықтар. Новости, 12:30 «Менің тағдырым», 13:00 «Татьянина ночь», 14:40 «Разия», 15:00 «Гоғамдық талқылау», 16:00 «Ду-думан», 17:00 «Листопад», 18:30 «Бәсеке 2», 19:30 Қорытынды жаңалықтар, 20:10 «Армандастар», 20:45 «Біздің назарда», 21:00 Итоги дня, 21:40 «Абдулхамид хан», 22:30 «Кебеңек», 23:20 «Листопад», 00:40 «Төрлетіңіз», 01:45 «Біздің назарда».

QAZAQSTAN
06:05 «Kóñil toɫaɫy» 06:30 AQPAPAT, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Шытынаған тағдыр», 12:00 «NIET», 14:00 AQPAPAT, 14:10 «Ғауһар», 15:00 «Жат мекен», 16:00 «KEL-BET», 16:30 «МӨДЕНИЕТ ЖАУҺАРЛАРЫ», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Kóñil toɫaɫy», 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР», 20:00 AQPAPAT, 20:35 «ASHYUQ ALAN», 21:30 «ЖАТ МЕКЕН», 22:30 «ГАУҺАР», 23:25 «Қазақ елі», 00:10 AQPAPAT, 00:40 «Niet», 02:10 «Ashyq alaŋ», 03:00 «Жүрекке жол», 04:10 «Aqsayut».

ХАБАР
06:00 «Қызық times», 07:00 «Юху и его друзья», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Кебеңек», 10:45 «Армандастар», 11:15 «Абдулхамид хан», 12:00 Жаңалықтар. Новости, 12:30 «Менің тағдырым», 13:00 «Татьянина ночь», 14:40 «Разия», 15:00 Тарих. Тағдыр. Тұлға, 16:00 «Ду-думан», 17:00 «Листопад», 18:30 «Бәсеке 2», 19:30 Қорытынды жаңалықтар, 20:10 «Армандастар», 20:50 Отырық диалог

QAZAQSTAN
0 6:05 «Kóñil toɫaɫy» 06:30 AQPAPAT, 07:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Шытынаған тағдыр», 12:00 «NIET», 14:00 AQPAPAT, 14:10 «Ғауһар», 15:00 «Жат мекен», 16:00 «ИМАН ӨЗЕГІ», 16:25 «МЕНІМ ҚАЗАҚТАНЫМ», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «АУЫЛДАСТАР», 17:45 «EKI ЖҮЛДИЗ», Күндекіл 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР», 20:00 AQPAPAT, 20:35 «ASHYUQ ALAN», 21:30 «ЖАТ МЕКЕН», 22:30 «ГАУҺАР», 23:25 «Қазақ елі», 00:10 «PARASAT MAIDANY», 00:45 AQPAPAT, 01:15 «Niet», 02:45 «Ashyq alaŋ», 03:35 «Менің Qazaqstanym», 04:05 «Ауылдастар».

ХАБАР
06:00 «Қызық times», 07:00 «Юху и его друзья», 07:30 «Таңғы хабар», 08:00 Жаңалықтар, 08:10 «Таңғы хабар», 09:00 Новости, 09:10 «Таңғы хабар», 10:00 «Кебеңек», 10:45 «Армандастар», 11:15 «Абдулхамид хан», 12:00 Жаңалықтар. Новости, 12:30 «Патриот», 13:00 «Любовь по приказу», 14:40 «Разия», 15:00 «Давайте говорить», 16:00 «Central Asia's Got Talent», 16:30 «Религия. Сегодня», 17:00 «Листопад».

QAZAQSTAN
0 6:05 «Qyzыq ekeH...» 07:00 AQPAPAT, 07:30 «Киелі Қазақстан», 07:50 «Сәлем, Қазақстан!», 09:00 «Бір күн», 09:25 «ТО-ЛАУА», 10:00 «Шытынаған тағдыр», 12:00 «NUR TILEY», 12:35 «Екі жүлдыз», 12:50 «Алашұар», 14:00 «Әлі», 16:05 «КҮНГ-ҒҰ ПАНДА», 17:30 «БІР КҮН», 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР», 20:00 «MASELE», 20:35 «Azali álemlі», 21:00 «EKI ЖҮЛДИЗ», 22:40 «Ағасы бардың... 2», 00:40 «Ауылдастар», 01:10 «Nur Tiley», 01:40 «Másele», 02:15 «Parasat maidany», 02:50 «Бір күн», 03:15 «Kóñil toɫaɫy».

ХАБАР
06:00 «Тамаша», 07:40 Ержан Максимиң жеке концерті 09:30 «Өзін-өзі тану», 09:45 «История в кадрах», 10:15 «Нильс Хольгерсон», 11:30 «Жұлдызды желне-жер», 13:15 «Карақатпаш шай», 14:00 Central Asia's Got Talent», 15:40 «Армандастар», 18:15 «Қызық times», 19:20 «Торпағар».

QAZAQSTAN
0 6:05 «Qyzыq ekeH...» 7:00 «Ұлы дала дүбірі», 7:30 «Сәлем, Қазақстан!», 8:10 «Күнг-фу Панда», 9:35 «AQAAYTT», 10:00 «Шытынаған тағдыр», 12:00 «DARA JOI», 12:50 «Көңілшар», 14:20 «Ағасы бардың... 2», 16:20 «Екі жүлдыз», 18:00 «ШЫТЫНАҒАН ТАҒДЫР», 20:00 «APTA», 20:45 «СЕН ДЕ БІР КІРПІШ ДҮНИЕГЕ... 2», 21:10 «Сағындырған әндер-ай», 22:30 «KÓÑILDI TAPQYRLAR ALANY», 00:00 «СУПЕРМЕННІҢ ОРАЛУЫ», 02:40 «Dara job», 03:25 «Aqsayut», 03:50 «Kóñil toɫaɫy».

ХАБАР
06:00 «Тамаша», 06:50 «Терме деген есмет», 08:50 «Самопознание», 09:00 «Нильс Хольгерсон», 10:00 «Жауынгер», 10:20 «Тор-жарған», 12:00 Тайны. Судьбы. Имена. 12:45 «Кебеңек», 16:00 «Плея: Рождение легенды», 17:50 «Central Asia's Got Talent», 19:30 «7 күн», 20:30 «Junior Eurovision Song Contes 2019», 21:00 «Junior Eurovision Song Contes 2019», 23:00 «Junior Eurovision Song Con-

2». 19:30 Қорытынды жаңалықтар, 20:10 «Армандастар», 20:45 «Народный контроль», 21:00 Итоги дня, 21:40 «Абдулхамид хан», 22:30 «Кебеңек», 23:20 «Листопад», 00:40 «Төрлетіңіз», 01:45 «Народный контроль».

АСТАНА
0 6:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «Күлдірген», 07:00 «Astana аптасы», 07:45 Үздік әзілдер, 08:00 «Маша и медведь», 09:40 «Қара ниет», 11:50 «Условия контракта 2», 13:00 «Eldora live», 13:20 «Невопад», 16:00 Документальный фильм, 18:10 Үздік әзілдер, 19:00 «Үмітінді үзбе», 20:00 ASTANA TIMES, 21:00 «Қара ниет», 22:00 «Жаза», 00:10 «Кешіккен хат», 01:20 ASTANA TIMES, 02:20 «Үздік әзілдер», 03:30 «Бір болайық», 04:30 Сырты бүтін, 05:30 «Ән мен әзіл».

КТК
0 7:05 «КТК», ҚОРЖЫНЫНАН», 07:20 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ», 07:50 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ», 08:50 «ЖАТ ТҮЫСТАР», 09:50 «ЮРМАЛА», 12:30 «ЗАКОН СОХРАНЕНИЯ ЛЮБИИ», 14:50 «ПИСЬМА НА СТЕПЛЕ», 17:00 «ЖАТ

«Армандастар», 20:50 Новый курс, 21:00 Итоги дня, 21:40 «Абдулхамид хан», 22:30 «Кебеңек», 23:20 «Листопад», 00:50 «Төрлетіңіз».

АСТАНА
06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «Күлдірген», 07:00 «Үздік әзілдер», 08:00 «Маша и медведь», 09:50 «Қара ниет», 12:00 «Условия контракта 2», 14:20 Үздік әзілдер, 14:40 «Кешіккен хат», 16:00 Документальный фильм, 18:10 Үздік әзілдер, 19:00 «Үмітінді үзбе», 20:00 ASTANA TIMES, 21:00 «Қара ниет», 23:00 «Жаза», 00:10 «Кешіккен хат», 01:20 ASTANA TIMES, 02:20 «Үздік әзілдер», 03:30 «Бір болайық», 04:30 Сырты бүтін, 05:30 «Ән мен әзіл».

КТК
07:05 «КТК», ҚОРЖЫНЫНАН», 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07:50 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ», 08:50 «ЖАТ ТҮЫСТАР», 09:50 НОВОСТИ, 10:30 «МОРСКИЕ ДЯВОЛЫ. СМЕРЧ, СУДЬБЫ-2», 12:45 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ», 14:50 «ПИСЬМА НА СТЕПЛЕ, СУДЬБА», 17:00 «ЖАТ ТҮЫСТАР», 18:00 «ҚАРА ТЕҢІЗ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

АСТАНА
0 6:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «Күлдірген», 07:00 «Үздік әзілдер», 08:00 «Маша и медведь», 09:50 «Қара ниет», 12:00 «Условия контракта 2», 14:20 Үздік әзілдер, 14:40 «Кешіккен хат», 16:00 Документальный фильм, 18:10 Үздік әзілдер, 19:00 «Үмітінді үзбе», 20:00 ASTANA TIMES, 21:00 «Қара ниет», 23:00 «Жаза», 00:10 «Кешіккен хат», 01:20 ASTANA TIMES, 02:20 «Үздік әзілдер», 03:30 «Бір болайық», 04:30 Сырты бүтін, 05:30 «Ән мен әзіл».

КТК
0 7:05 «КТК», ҚОРЖЫНЫНАН», 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07:50 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ», 08:50 «ЖАТ ТҮЫСТАР», 09:50 НОВОСТИ, 10:30 «МОРСКИЕ ДЯВОЛЫ. СМЕРЧ, СУДЬБЫ-2», 12:45 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ», 14:50 «ПИСЬМА НА СТЕПЛЕ, СУДЬБА», 17:00 «ЖАТ ТҮЫСТАР», 18:00 «ҚАРА ТЕҢІЗ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ».

22:30 «Кебеңек», 23:20 «Листопад», 00:40 «Төрлетіңіз», 01:45 «Біздің назарда».

АСТАНА
0 6:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «Күлдірген», 07:00 «Үздік әзілдер», 08:00 «Маша и медведь», 09:50 «Қара ниет», 12:00 «Условия контракта 2», 14:20 Үздік әзілдер, 14:40 «Кешіккен хат», 16:00 Документальный фильм, 18:10 Үздік әзілдер, 19:00 «Үмітінді үзбе», 20:00 ASTANA TIMES, 21:00 «Қара ниет», 23:00 «Жаза», 00:10 «Кешіккен хат», 01:20 ASTANA TIMES, 02:20 «Үздік әзілдер», 03:30 «Бір болайық», 04:30 Сырты бүтін, 05:30 «Ән мен әзіл».

КТК
07:05 «КТК», ҚОРЖЫНЫНАН», 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07:50 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ», 08:50 «ЖАТ ТҮЫСТАР», 09:50 НОВОСТИ, 10:30 «МОРСКИЕ ДЯВОЛЫ. СМЕРЧ, СУДЬБЫ-2», 12:45 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ», 14:50 «ПИСЬМА НА СТЕПЛЕ, СУДЬБА», 17:00 «ЖАТ ТҮЫСТАР», 18:00 «ҚАРА ТЕҢІЗ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР.

20:00 Итоги дня, 21:40 «Абдулхамид хан», 22:30 «Кебеңек», 23:20 «Листопад», 00:50 «Төрлетіңіз».

АСТАНА
06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «Күлдірген», 07:00 «Үздік әзілдер», 08:00 «Маша и медведь», 09:40 «Қара ниет», 11:50 «Условия контракта», 13:00 «Айтарым бар», 14:00 «Анұрған», 16:20 Документальный фильм, 18:20 Үздік әзілдер, 19:00 «Үмітінді үзбе», 20:00 ASTANA TIMES, 21:00 «Қара ниет», 23:00 «Жаза», 00:10 «Кешіккен хат», 01:20 ASTANA TIMES, 02:20 «Үздік әзілдер», 03:30 «Бір болайық», 04:30 Сырты бүтін, 05:30 «Ән мен әзіл».

КТК
07:05 «КТК», ҚОРЖЫНЫНАН», 07:20 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 07:50 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ», 08:50 «ЖАТ ТҮЫСТАР», 09:50 НОВОСТИ, 10:30 «МОРСКИЕ ДЯВОЛЫ. СМЕРЧ, СУДЬБЫ-2», 12:45 «ВЫСОКИЕ

21:00 «7 күн», 22:00 «Плея: Рождение легенды», 23:45 «Черный список», 00:35 «National Geographic», 01:25 «Символы нашей родины», 01:50 «Өзін-өзі тану».

АСТАНА
06:00 «Ән мен әзіл», 06:30 «KazNet», 07:00 «Үздік әзілдер», 08:00 «Маша и медведь», 09:50 «Қара ниет», 12:00 «Ел аузында», 13:00 «Кавказская пленница, или Новые приключения Шурика», 15:00 «Алдараспан», 17:40 «Гнев Титанов», 20:00 «Итоги», 20:45 «Біздің ауыл-2», 21:10 «Қара ниет», 23:20 «Қызық болған», 00:20 «Ливидаттар», 02:40 Түй жыры, 03:10 «Kaz-Net», 04:00 Сырты бүтін, 05:00 «Күлдірген».

КТК
07:05 «АРМАН», 07:40 «ТОЙ BESTSTAR», 08:50 «КАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЛЫҚ», 09:50 «СПАСАЙСЯ, БРАТ!», 14:00 «НАЧАЛО СНАЧАЛА, МАРТА», 18:00 «КУС ЖОЛЫ», 21:00 «БОЛЬШИЕ НОВОСТИ», 20:00 «Большая неделя», 00:15 «Черный список», 01:05 «National Geographi-

ТҮЫСТАР», 18:00 «ҚАРА ТЕҢІЗ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ», 23:40 «МОРСКИЕ ДЯВОЛЫ. СМЕРЧ, СУДЬБЫ-2», 01:20 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ», 02:10 «ТОЙ BESTSTAR», 03:25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 04:10-05:00 «ЭЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ».

7-АРНА
0 6:00 «Гу-гулет», 06:40 «Азулылар әулеті», 07:40 «Айнаонлайн», 08:50 «Монкарт», 09:35 «Хоббит: Битва пяти войсков», 12:50 «Свадьба.КЗ», 15:00 «Ұлы Дала жануясы», 16:00 «Жаңа келін», 17:10 «Элиф», 18:15 «Охотник за головами», 19:20 «Крестостая», 20:20 «Гранд», 21:00 Лотерея 777, 21:05 «Азулылар әулеті», 22:05 «Ұлы Дала жануясы», 23:10 «Доктор Мырза», 23:40 «Жастар алаңы», 00:30 «Твои, мои и наши», 02:25 «Гу-гулет», 03:00 «Жаңа келін», 04:00 «Элиф», 04:45 «Жеңіп көр».

31
06:00 Ризамын 07:00 Информбюро, 08:00 «Литер Пан» Возвращение в Нетландию», 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ», 23:40 «МОРСКИЕ ДЯВОЛЫ. СМЕРЧ, СУДЬБЫ-2», 01:20 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ», 02:10 «ТОЙ BESTSTAR», 03:25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 04:10-05:00 «ЭЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ».

7-АРНА
06:00 «Гу-гулет», 06:40 «Азулылар әулеті», 07:40 «Элиф», 08:50 «Монкарт», 09:25 «О самом главном», 10:40 «Авария», 11:50 «Человек-невидимка», 12:50 «Крестостая», 13:50 «Охотник за головами», 15:00 «Ұлы Дала жануясы», 16:00 «Жаңа келін», 17:10 «Элиф», 18:15 «Охотник за головами», 19:20 «Крестостая», 20:20 «Гранд», 21:00 Лотерея 777, 21:05 «Азулылар әулеті», 22:05 «Ұлы Дала жануясы», 23:10 «Доктор Мырза», 23:50 «Охота на пираний», 02:00 «Клзандия», 02:25 «Гу-гулет», 03:00 «Жаңа келін», 04:00 «Элиф», 04:45 «Жеңіп көр».

31
06:00 Ризамын 07:00 Информбюро, 08:00 Бауржан шоу, 09:10 «Утинные истории: Заветная лампа», 11:00 «Иффет», 12:30

23:40 «МОРСКИЕ ДЯВОЛЫ. СМЕРЧ, СУДЬБЫ-2», 01:20 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ», 02:10 «ТОЙ BESTSTAR», 03:25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 04:10-05:00 «ЭЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ».

7-АРНА
0 6:00 «Гу-гулет», 06:40 «Азулылар әулеті», 07:40 «Элиф», 08:50 «Монкарт», 09:25 «О самом главном», 10:40 «Авария», 11:50 «Человек-невидимка», 12:50 «Крестостая», 13:50 «Охотник за головами», 15:00 «Ұлы Дала жануясы», 16:00 «Жаңа келін», 17:10 «Элиф», 18:15 «Охотник за головами», 19:20 «Крестостая», 20:20 «Гранд», 21:00 Лотерея LOTO 6/49 / 777 / KENO, 21:05 «Азулылар әулеті», 22:05 «Ұлы Дала жануясы», 23:10 «Доктор Мырза», 23:50 «Роки Бальбоа», 02:25 «Гу-гулет», 03:00 «Жаңа келін», 04:00 «Элиф», 04:45 «Жеңіп көр».

31
0 6:00 Ризамын 07:00 Информбюро, 08:00 Бауржан шоу, 09:00 «Лило и Стич», 11:00 «Иффет», 12:30 «Фазилет ханым», 13:30 «Армагеддон», 14:45 «Экстрасенсы детективы», 16:00 «Интерны», 18:00 «Отель

20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ВЫСОКИЕ СТАВКИ», 23:40 «МОРСКИЕ ДЯВОЛЫ. СМЕРЧ, СУДЬБЫ-2», 01:20 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ», 02:10 «ТОЙ BESTSTAR», 03:25 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 04:10-05:00 «ЭЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ».

7-АРНА
06:00 «Гу-гулет», 06:40 «Азулылар әулеті», 07:40 «Элиф», 08:50 «Монкарт», 09:25 «О самом главном», 10:40 «Авария», 11:50 «Человек-невидимка», 12:50 «Крестостая», 13:50 «Охотник за головами», 15:00 «Ұлы Дала жануясы», 16:00 «Жаңа келін», 17:10 «Элиф», 18:15 «Охотник за головами», 19:20 «Крестостая», 20:20 «Гранд», 21:00 Лотерея 777, 21:05 «Азулылар әулеті», 22:05 «Ұлы Дала жануясы», 23:10 «Доктор Мырза», 23:50 «Роки Бальбоа», 02:00 Каландия 02:25 «Гу-гулет», 03:00 «Жаңа келін», 04:00 «Элиф», 04:45 «Жеңіп көр».

31
06:00 Ризамын 07:00 Информбюро, 08:00 Бауржан шоу, 09:20 «Лерой и Стич», 11:10 «Иффет», 12:30 «Фазилет ханым», 13:30 «Армагеддон», 14:45 «Экстрасенсы детективы», 16:00 «Интерны», 18:00 «Отель

СТАВКИ», 14:50 «ПИСЬМА НА СТЕПЛЕ, СУДЬБА», 17:00 «ЖАТ ТҮЫСТАР», 18:00 «ҚАРА ТЕҢІЗ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «КАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЛЫҚ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «СПАСАЙСЯ, БРАТ!», 01:10 «МҰҢАЙМА, НЕФИСЕ», 02:00 «ТОЙ BESTSTAR», 03:15 «АҚИҚАТТЫ АЙТАЙЫҚ», 04:00-04:50 «ЭЙЕЛ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ».

7-АРНА
0 6:00 «Гу-гулет», 06:40 «Азулылар әулеті», 07:40 «Элиф», 08:50 «Монкарт», 09:25 «О самом главном», 10:40 «Авария», 11:50 «Человек-невидимка», 12:50 «Крестостая», 13:50 «Охотник за головами», 15:00 «Юморина», 17:30 «Охота на пираний», 21:00 Лотерея 777, 21:05 «Азулылар әулеті», 22:05 «Ұлы Дала жануясы», 23:10 «Доктор Мырза», 23:50 «План побега 2», 02:00 «Клзандия», 02:25 «Гу-гулет», 03:00 «Айнаонлайн», 04:45 «Жеңіп көр».

31
0 6:00 Ризамын 07:00 Информбюро, 08:00 Бауржан шоу, 09:00 «Лило и Стич», 11:00 «Иффет», 12:30 «Фазилет ханым», 13:30 «Армагеддон», 1

ҒЫЛЫМ ДОДАСЫ – ЖЕЗҚАЗҒАНДА

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы және Қарағанды облысы білім басқармасының ұйымдастырумен өткен «Индустрия 4.0: STEAM Білім берудегі технологиялар» атты Ө.А.Байқоңыров атындағы республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.



Конференция республиканың түпкір-түпкірінен келген қатысушылар алдымен Жезқазған-Ұлытау аймағындағы тарихи жерлерге саяхат жасап, одан әрі М.Төрегелдин атындағы Жезді тау-кен және балқыту ісі тарихи музейі экспонаттарымен танысты.

Биылғы Ө.А.Байқоңыров атындағы республикалық ғылыми-практикалық конференция бес бағыт бойынша өтті. География ғылымдарының кандидаты, доцент, халықаралық экология академиясының корреспондент мүшесі Кания Тұрсынбаева, Жезқазған қаласының М.Құлшешев атындағы балалар үйінің директоры Ғазиз Жетібаев, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қарағанды облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры Дана Асақаева, Қарағанды облысы 3 Білім-инновация лицейінің директоры Диас Жұмаділов, Қарағанды облысы педагогтері ассоциациясының төрайымы, «Дарын» ММИ директоры Ләззат Темірханова, Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің басшысы Раушан Қапарова, техника ғылымдарының кандидаты, профессор, Қарағанды облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының ғылыми жетекшісі Сәбит Қонтаев, Ұлытау ауданы тау-кен және балқыту ісі тарихи музейінің директоры Зейін Қазанбаева, Қарағанды облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының Қарағанды облыстық білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы директорының орынбасары Гүлмира Кепбаева және Жезқазған гуманитарлық колледжі директорының орынбасары Бекзат Ашманова модераторлық еткен конференция № 10 ЖОББМ базасында «Өлкетану – ұлттық жаңғыру», «Ақылды технологиялар – еңбек өнімділігін дамыту мүмкіндігі», «Ұлы дала мәдениеті», «Заманауи математика – жаратылыстану ғылымдарының дамуы», «XXI ғасырға лайықты тәрбиенің сапалық негізгі хабарламалары: Рухани жаңғыру» секциялары бойынша өтті.

Конференция барысында қонақтармен де кеңірек танысқанды жөн санадық. Өлкетану-ұлттық жаңғыру секциясы бойынша қатысушылардың бірі – Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарғалы ауылындағы № 2 дарынды балаларға арналған үштілді гимназияның орыс тілі пәнінің мұғалімі Гүлмира Жолжақынова.

– Біздің Қарғалы ауылы Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы ғарышкері Талғат Мұсабаев дүниеге келген мекен. Жалпы ауданымыздан 13 Еңбек ері шыққан. Солардың үшеуі – біздің ауылдың тумасы. Олардың біріншісі – II дүниежүзілік соғыс жай ғана скальпельдің көмегімен талай адамның өмірін құтқарып қалған дәрігер Қысқак Әлібеков. Эвакогоспитальда жан аямай қызмет етіп, Отан ана алдындағы борышын асқан абыроймен атқарған ол туған еліне 1946 жылы ғана қайтып оралады. Екінші Еңбек ері – ұлағатты ұстаз Құдыс Әбсеметов. Ол елге белгілі, көпке сыйлы педагог болған. Бабамыздың шәкірт тәрбиелену деңгейі ерекше. Мысалы, ол бір ғана 1965-1966 оқу жылында жүз мектеп бітіруші түлекті бітіргізісе, оның сексені «Алтын белгі» және «Күміс белгі» иегерлері атанған. Ал үшінші мақтаншымыз – өз ауылының мақтаншысы, өле-өлгенше «елім» деп еміренуден танаған Гүлдария Тоқсейітова. Тоқымашылық кәсіптің жілігін шаққан Гүлдария Тоқсейітовамен апалы-сіңілдей боп араласу бақыты мағанда бұйырды. Мен оны зор мақтаншы тұтамын, – деген ол өлкетану бойынша да өз жоспарларымен бөлісті.

Конференцияға қатысушылардың қатарында Ақмола облысы, Жақсы ауданы, Қ.Өскенбаев атындағы № 1 Қима ауылдық орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алтын Исмағұлова да бар. «Аңыздан ақиқатқа айналған – Баубек батыр» тақырыбында



ғылыми жоба дайындаған Алтын алайдың да жобасы өте қызықты. – 1824-1888 жылдары өмір сүрген атам Баубек – әйгілі Кеңесары, Наурызбай батырлармен бірге ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан. Көкшетау аймағына белгілі батыр болған. Содан 16 жыл қуғын-сүргінде өмір сүрген ол айдалып бара жатып, «Осы кеткеннен туған жеріме енді оралмаспын» деп бір шынашағын шауып, тасбихпен бірге ұрпақтарына табыстап кеткен екен. Патша үкіметінен қудалып кеткен ол Ресейдің Түмен облысында қаза тапқан. Бір қызығы ол жерленген жер оның туған ауылымен аттас, яғни, «Ешім» деп аталады. Еліміз тәуелсіздікке көл жеткізгеннен соң, бізде батыр бабамыздың сүйегіне іздеу салдық. Оның сүйегін туған топырағына әкеліп жерлегіміз келді. Бірақ, атамның қорымы орналасқан өңірдің жергілікті тұрғындары оның сүйегін бізге бермеді. Себебі, оларда баба әруағына ардақым тағзым етіп, қорып жүреді екен. Баубек батырмен өле-өлгенше бірге болған жауынгер досы Ахметхан ишан оны өз қолымен жерлеп, ол жерленген жерді аяқ асты етпеуді балаларының балаларына тапсырып кеткен екен. Елге оралған соң баба басына жеті метрлік кесене орнаттық. Баубек батыр туралы кітап және деректі фильм шықты. Халық азаттық жолында етігімен су, етегімен саз кешіп, жандарын лида еткен батырларын біліу керек. Сол мақсатпен бүгінгі конференцияға қатысып, Жезқазған жерінде өз зерттеуімді жариялағанды жөн көрдім, – деген Алтын ұстаз конференция ұйымдастырушыларына жүрекжарды алғысы мен тілегін білдірді.

№ 10 ЖОББМ-нде өткен конференцияның екінші бөлімі Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде жалғасты.

Шара Жезқазған қаласы білім бөлімі № 9 тірек ресурстық мектеп-интернатының бейіндік оқыту ісі бойынша орынбасары Сәкен Мұсабаевтың сүйікті қаламыз Жезқазған туралы баяндалған монолоогімен басталды. Одан әрі аймақ жастары көрермендерді Сәтбаев және Ұлытау аудандары туралы деректермен хабардар етті. Шара тігінші ұстаған Қарағанды облысының «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесінің бас менеджері Бақытқали Мұсабаев академик Әмірхан Байқоңыровтың қызы Әлия Байқоңырованың әкесі жайлы жазған тоғыз беттік хатынан үзінді оқып, әйгілі ғалымның өмірі мен қызмет жолы туралы кеңінен баяндады. Одан әрі сахна теріне көтерілген Қарағанды облысының № 3 білім-инновация лицейінің директоры Диас Жұмаділов STEAM білім берудің тығыз байланысты ойын элементтерін сабақта қолдануды зерттейтін геймификация ғылымы туралы баяндама жасады. Ақ Қарағанды облысы білімді дамыту орталығының директоры Дана Азақова педагог мәртебесі, Қарағанды облыстық білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернатының информатика пәнінің мұғалімі Рауан Оразбаев оқушыны технологиялық ғылымдарға баулу тақырыптары бойынша кеңінен тарқатты. Шара соңында конференцияға қатысушыларға Алғыс хаттар мен грамоталар табысталды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

УНИВЕРСИТЕТ ХАБАРЫ

КАФЕДРА КҮНІН АТАП ӨТТІ

Бакалаврдың 29 мамандығы мен магистратураның үш бағыты бойынша білім беретін Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті – аймағымыздағы жалғыз жоғары оқу орны ғана емес, білікті мамандар даярлаушы қара шаңырақ білім ордасы. Осынау оқу ордасындағы көп сұранысқа ие, нарыққа қажетті мамандар даярлайтын кафедралардың бірі – «Электрэнергетика және өңбекті қорғау» кафедрасы.



Кафедрада 5B073400 – Қоршаған ортаны қорғау және тіршілік қауіпсіздігі, 5B071800 – электрэнергетика, 5B070200 – автоматтандыру және басқару мамандықтары бойынша мамандар даярланады. Құрылғанына 58 жыл толып отырған кафедра мерекесін оқытушылар және студенттер үлкен қуанышпен қарсы алды. – 1961 жылы Жезқазған-Ұлытау аймағында сырттай оқыту негізінде құрылған оқу орнында екі ғана мамандық болған екен. Соның бірі – электр тетігі мамандығы. Міне, содан бері, біздің сүйікті кафедрамыз қарыштап дамып, алға басып келеді. Кафедрадан мыңдаған жастар түлеп ұшты. Сол үшін барша ұстаздар қауымына шексіз алғысымды білдіремін. Кафедра студенттері, сіздер – еліміздің болашағысыздар. Бұралаңы мен бұрылысы көп өмір жолында сіздерге мықты денсаулық және қажымас қайрат тілеймін. Әрдайым биіктерден көрініңіздер! – деген кафедра меңгерушісі Ардақ Ахметбекова білім, өнер және спорт саласында жетістіктерге жетіп, университетті намысын қорғап жүрген оқу студенттерге Алғыс хаттар табыстады. Келесі құттықтау сөзі берілген ардагер ұстаз Жанат Қабасова кафедраның өткені мен бүгінгі жайлы сыр шертіп, жастарға ақыл-кеңестерімен бөлісті.

Шара барысында кафедраның өнерлі студенттері Ислам Жақсылық, Данияр Бақытжан, Мәди Қыстаубай өнерін шашушы, әдемі өлеңдерін оқыды, мың бұрала билеген биші қыздар көрермендер қошеметіне бөленді. Шара соңында кафедра ұстаздары мен студенттерін мерейлі мерекелерімен құттықтап келген 2019 жылғы бітіруші түлектер сөз алып, білім ошағына, кафедраға, ұстаздарға деген ыстық сағыныштарын жеткізіп, студенттік шақтарын қимастықпен еске алды және өз алғыстарын білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ПІКІР АЛМАСТЫ

Жезқазған бизнес және кәсіпкерлік колледжінің білім алушыларымен кездескен «Жезказганский вестник» газетінің бас редакторы Эльвира Алпанбаева мен қаламыздағы жастар ресурстық орталығының маманы Ізтөлеу Түсіп Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы тақырыбында пікір алмасты.



Жастардан «Рухани жаңғыру» тіркесінің негізгі мән-мағынасын түсіндіруді сұраған Эльвира Алпанбаева жиын басында әрбір колледж оқушысымен жеке-жеке танысқанды жөн санады.

– Сіздер жассыздар. Бойларыңызда ерік-жігерлеріңіз, жастық жалындырағыңыз тасып, арнасына сыймай жатыр. Мұғалімдерде барынша озық үлгіде білім беруге тырысып бағуда. Еліміздің алғашқы Президенті өз сөзінде: «Еліміздің болашағы – жастардың қолында» деп баса атап өткен болатын. Сол сөзепті де сіздерден еліміз зор үміт күтеді. Аймағымызға белгілі білім ошағында білім алып жатқан сіздерге артылар жауапкершілік те екі есе. Сол сөзепті әрдайым талмай еңбек етіңіздер, – деген ол жастарға уақытты зая кетірер әлеуметтік желілерден бойды

аулақ ұстап, кітап оқуға, пайдалы істермен шұғылдануға кеңес берді.

Шара барысында жастар өздерін алаңдататын, әсіресе, қаламыздағы жиі алаңдаушылық тудыратын мәселелермен бөлісіп, өз ұсыныстарын білдірді. Мән-жаймен танысқан шараны ұйымдастырушылар аталған мәселелерді шешу жолдарын айтып жөн сілтеді. Сондай-ақ, жастарға шағын және орта бизнеске байланысты да кеңестер берілді. Әрі қарай «Рухани жаңғыру» бағдарламасында атап көрсетілген XXI ғасырдағы ұлттық сана, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білім-ғылым тақырыптарында әңгіме қозғалды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

КИНО

«ҚАЗБАТ» ФИЛЬМІ КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТПАҚ

21 қарашадан бастап Жезқазған қаласының тұрғындары Қазақстан Республикасының Ұлттық Ұланы қолдауымен түсірілген «Қазбат» көркем фильмін кинотеатрлардан тамашалай алады.



Режиссер Асқар Ұзақбаев өз командасымен бірге продюсер Данияр Ибрагимовпен жетекшілікте 1995 жылдың көктемінде Пшихарь шатқалында орын алған қақтығысты көрермен көз алдына әкелуге барын салды. Естеріңізге сала кетсек 1995 жылы 7 сәуірде тәжік-ауған шекарасында Қазақстан Ішкі ескерінің (қазіргі Ұлттық ұлан) 7-құрама ротасының жауынгерлері жанқиярлық ерлік көрсеткен. Моджахедтермен бес сағат бойы аралыққан қақтығыста біздің 17 боздағмыз жер жастанды.

Нақты оқиға желісімен түсірілген 10 сериалды көркем фильмді жезказғандықтар мен сәтбаевтықтар да көре алатынын сүйіншілеп жеткізген 6505 ескери бөлімінің 8 жеке атқыштар ротасы командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары Бексұлтан Диханбаев:

– Қалың көпшілікке ерлік пен Отан қорғау қызметін баяндайтын «Қазбат» көркем фильмі Ұлттық ұлан жауынгерлерінің шайынды ерлігі үлгісінде түсірілген отандық кино тарихындағы екінші туынды. Бұған дейін көрермендер назарына «Шестой пост» фильмі ұсынылған болатын. Тәуелсіз ел жауынгерлерінің жанқиярлық ерлігін дәріптеуді мақсат тұтқан ұйымдастырушылар олардың батылдығын бүгінгі жас толқына жеткізіп, үлгі-өнеге етпек, – деп, кино туындыны еліміздейтін әрбір ер көруі тиіс екенін жеткізді.

Релдерді бүгінде өнерімен ел арасында жақсы танылған Ринат Дошбеков пен Даурен Серғазинмен қатар жас таланттар Халық Рахат, Дияс Мырзахмет, Шарифбек Закиров, Индира Шынболтақызы сомдады. Өз тілшіміз

АТАУЛЫ КҮН

15 ҚАРАША – ТАРИХТА

1905 жылы дәл осы күні Қарқаралыда самодержавиеге қарсы шеру болды, оған жұмысшылар, шаруалар, сарбаздар, ауылдан және уез болыстарынан келген қазақ жігіттері қатысты.

1991 жылы Ақмола қаласында Қазақ музыкалық драма театры ашылды. Театр сахнасы Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» спектакілімен ашылды.

1993 жылы 15 қарашада Қазақстан Республикасының төл валютасы теңге айналымға енді. Сол кезеңде 1 теңге 500 рубль КСРО арақтығына тең болды.

1889 жылы 15 қарашада Бразилия императоры татқан құлатылып, Бразилия Республикасы жарияланды.

Ал 1988 жылы 15 қарашада Палестина мемлекеті құрылды.

Бұл күн – Кот-д'Ивуарда ұлттық бейбітшілік күні.

Мемлекеттік қызметтер бойынша көмекші сіздің смартфонңызда **m.gov** мобильді қосымшасы

ЖАҢА КІТАП

«ҰЛЫТАУ КІТАПХАНАСЫ» СЕРИЯСЫМЕН



жарық көрді

«Орхон» баспасынан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы, ақын Батырбек Мырзабековтің «Жеті қыз», «Шуақ шашқан шаңырақ» жинақтары жарық көрді.

Аталған жинақтарға Батырбек Мырзабековтің әр жылдары жазған өлеңдері, балладалары мен поэмалары, прозалық шығармалары, естеліктері енді.

Ақын жазушы Батырбек Мырзабеков шығармаларына Ұлытау даласында өткен тарихи оқиғалар, есімі алты алашқа танымал тұлғалардың өмірі, қиындықты жеңе білген тайалы тағдыр иелерінің жолы арқау болған. Кітаптар көпшілік өлеңсүйер қауымға арналған.



ЖАС АҚЫНДАР БАС ҚОСТЫ

«Жаңа өлеңмен жүздесу» жобасы – Жезқазған-Ұлытау аймағындағы өлеңді сүйген өрендерді бір арнаға тоғыстырып, әдеби орта қалыптастырушы бірден бір жоба. Қара сөздің қасиетін сезінген жастар бұл жолы С.Сейфуллин атындағы орталық кітапханада бас қосты.



«Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Абдолла Дастановтың ұйымдастыруымен өткен кезекті поэзия сағаты «Өлең сөздің патшасы...» тақырыбында өрбіді. Кеш шымылдығы №1 ЖОББМ-нің оқушысы Ғаламат Саламаттың орындауындағы Гүлсін Айдарбекованың сөзі мен әніне жазылған «Жезқазған» өнімімен түрліді. Одан әрі түрлі мұшайраларда жүлдегер атанып жүрген болашағынан зор үміт күттірер ақындар Жанат Әбдіжолын, Абай Ораз, Аружан Оралбай сиясы келпеген сырлы өлеңдерін ортаға салды. Аға-апаларының ізін жалғаған Аяжан Әлиақпарова мен Гүлнәр Өтемісқызы да өз туындыларын оқып, өлеңге деген ерекше сүйіспеншіліктерімен көрермен қауым ықыласына бөленді. «Жаңа өлеңмен жүздесу» жобасына алғаш рет қатысып отырған Сәтбаев қаласының көшгі ақыны Еркін Оралбайұлы мен Жезқазған мыс қорыту зауытының қызметкері Айнуір Бектақызы да өз шығармашылығымен таныстырды.

Шара соңында ақын филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ғазиз Ештанаев кеш



барысында оқылған өлеңдерге қатысты өз пікірін білдіріп, ақыл-кеңесін айтты және жас ақындарға сөттілік тіледі. Кешті «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Абдолла Дастанов қорытындылады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН